**БЕКІТЕМІН:**
**ЖШС «Er-Asul» «Бал Бұлақ» балабақшасының**
**Меңгерушісі : Серікова Ж.М**

# Түсіндірме

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана-сезім, таным,қабылдау әркетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып,баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

«Сиқырлы логика әлемі» арқылы айналадағы қоршаған ортамен таныстыра отырып, балалардың логикалық қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. Ойынның шарттары қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға бірте-бірте ауыстыру ұстанымдарын басшылыққа алады. "Логикалық ойындар» вариативтік компонент мектепке дейінгі (5-6 жас) жастағы балаларға ҚР МЖМБС- ның мектепке дейінгі мекеменің оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларының талаптарына сәйкес вариативтік бөлімде тәрбиеленушілердің танымдық талғамдарын ой өрісін арттыруға және балаларды мектепке даярлауға бағытталған көмекші құрал.

Ұсынылып отырған «Логикалық ойындар» вариативтік компонент 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың міндеттерін жүзеге асырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында балалар заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындайды, қатынас, жүйелеу, салыстыру, талдау, сараптау жайлы түсініктерді меңгертеді. Бағдарламадағы ойындар мен тапсырмалар , қолмен пішіндерді құрастыруға, талдауға, жинақтауға, әсемдікті түсінуге, салыстыруға, үйлестіруге, есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама балалардың математикадан алған білім , білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және ойын - жаттығуларға деген қызығушылықтарын арттырады. Тереңдетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында жұмбақтар, санамақтар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақтар кіріктірілген. Материалдар ҰОІӘ негізгі тақырыптарын жинақтап, қорытындылауды талап ететіндей, «Кім тапқыр, «Ойнайық та ойлайық!», «Кішкентай математиктер», «Ғажайып тапсырмалар», «Үздік логиктер» тақырыбы бойынша балалардың білімдерін тереңдетіп, кеңейтетіндей етіп іріктелген. Сондай-ақ, балалардың вариативті бөлімнен алған әсерлерін , көңілді бейнелермен рефлексия жасауға үйретеміз.

Қазіргі дамытушы ойындар «Игровизор», «Танграм», «Коломбовое яицо»,«Монгол» ойындары арқылы әртүрлі нәрселердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын табады, ортақ белгілеріне қарай заттарды топтарға дұрыс топтастырады, тапсырманы орындау барысында, дидактикалық ойындарды қызығушылықпен қабылдап, ойларын дәйектей алады. Балалардың тапсырмаларға деген қызығушылығын әрі қарай өрбіту үшін, «Күлдірген», «Дымбілмес», «Буратино», «Алдаркөсе», «Құрбақа» сияқты тосын сәттер кіргізілген. Ең бастысы берілген тапсырманы сәтті орындаған сайын мадақтап, баланың қызығушылығын тудыра білу.

Жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге, ақпаратты күнделікті өмірлік мәселелерді шешуде қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

- ақыл-ой әрекетінің дамуын, логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау

дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту.;

- талдап-ойлауға, есте сақтауға, ой-өрісті дамытуға, қиыншылықтарды жеңіп шығуға дағдыландыру;

- зейінін , қиялын, танымдық процестерін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту,

***Нәтижесінде:***

- Балалардың мектепке даярлығына, заттардың қасиетін аша отырып мұқият тыңдауға және жеңіл тапсырмаларды шешуге;
- Балалар заттарды қасиеттеріне қарап жалпылауға (бір, екі, үш), заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады
- Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын арттыру

**«Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы «Логикалық ойындар» вариативтік компонентің перспективалық жоспары:**

| № | Тақырыбы: | Мақсаты | Қолданатын дидактикалық материал | Сағат Саны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Кәне, кім тапқыр!» | Қызықты тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, математикадан алған білімдерін пысықтау ,ой-өрісін кеңейтіп, логикалық ойлауды жеделдетуге баулу, танымдық қабілетін, қызығушылығын арттыру. | Логикалық тапсырмалар, үлестірмелі суреттер, сызба карточкалар, санағыш таяқшалар,үн таспа, «Монгол» ойыны, «Игровизор», кейіпкер  | 1 |
| 2 | «Хайуанаттар бағындағы қызықтар» | Балаларға хайуанаттар бағы туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтау. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айту арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. | аңдардың карточкалары, үн таспа, логикалық тапсырма, сызба тапсырмалар, «Игравизор», «Танграм» ойыны, хайуанаттар бағы  | 1 |
| 3 | «Кішкентай математиктер» | Балаларды жіктеу, орналастыру сияқты логикалық амалдарды ғана емес,ойнату пайымдауды қажет ететін логикалық тапсырмаларды орындату: заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру. | ойынға қажетті карточкалар, сандар, сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Игровизор»,кейіпкер  | 1 |
| 4 | «Ойнайық,та ойлайық» | Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттеін арттыру, ынтамен дұрыс орындауға үйрету,ой-өрісін кеңейту. | сандар,үлестірмелі аңдар суреттері, сызба тапсырма, логикалық тапсырма«Игровизор» ертегі кейіпкерлері | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | |  | |
| 5 | «Үздік логиктар» | Геометриялық пішіндерді ажырата отырып,логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмаларға деген қызығушылықтарын арттыру. | түрлі-түсті шарлар, үлестірмелі карточкалар,сандар,сызба тапсырмалар, логикалық тапсырма, «Игровизор»,тосын сәт,  | 1 |
| 6 | «Пішіндер сыры» | Балалардың зиінін ойлау қабілеттерін сандардың таңбаларын танып ажыратуды, геометриялық денелерді, олардың түстерін ажыратуды ойын арқылы жетілдіре түсу.Тапқырлыққа, ептілікке,жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу. | түрлі түсті пішіндер, (гүл,орамал,бантик,көзілдірік),сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Танграмм» ойыны, «Игровизор»  | 1 |
| 7 | «Ғажайып тапсырмаларға саяхат» | Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Ойлау, көріп - тану, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу. | логикалық тапсырмалар,жұмбақтар, сандар, үлестірмелікарточка,сызба тапсырма, «Танграм»ойыны, «Игровизор»,кейіпкер  | 1 |
| 8 | «Ғажайып тапсырма әлемі» | Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Пішіндерден бейне құрастыруды | үлгі карточкалар, сызба тапсырмалар, логикалық тапсырма, «Коломбовое яицо», | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | одан әрі жалғастыру. Көп білуге , ізденуге ұмтылдыру , білімдерін жан жақты дамыту ,ұшқыр ойлауға баулу . | «Танграм» ойыны, «Игровизор», кейіпкер,  | |
| 9 | «*Тапқыр болсаң, тауып көр*» | Мақсаты: Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту. | сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Коломбовое яицо» , «Танграм» ойыны, «Игровизор» кейіпкелер   | 1 |
| 10 | «Логика сыры» | санау ұғымдарын одан әрі жалғастыру, логикалық ойлау қабілеттерін шыңдау,белеснділікке баулу. | ойынға қажетті заттар,сандар,санағыш, сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Коломбовое яицо», «Игравизор»,кейіпкер  | 1 |
| 11 | Ойна да ойлан! | Балаларды есте сақтау қабілеттерін қызықты жаттығулар арқылы арттыру. Логикалық есептер шығару арқылы ойлау қабілетін, ұзын,қысқа,биік,аласа ұғымдарын бекіту, байқампаздығын сабаққа қызығушылығын дамыту. | ойынға қажетті сурет,сандар, сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Танграм» ойыны, «Игровизор», кейіпкер,  | 1 |
| 12 | Ойна,ойла,жікте! | Логикалық ойлау қабілеттерін, б ілім-білік дағдыларын,ойнай отырып ойлауға бағыт | ойынға қажетті сурет тер,сандар, сызба тапсырма,логикалық тапсырма, «Монгол» ойыны, «Игровизор» | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | беру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. | | |
| 13 | Зейінді бол | Балалардың зейінін шоғырландыру,ой-өрісін , танымдық белсенділіктерін арттыру. Балалардың логикалық қабілетін, пәнге қызығушылығын, белсенділігін дамыту. жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету | ойынға қажетті суреттер, сиқырлы қапшық сызба тапсырмалар, «Танграм» ойыны, «Игровизор»кейіпкері,  | 1 |
| 14 | «Жүзден жүйрік» | сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зиінін тұрақтандыру. | сызба карточкалар, сандар, санамақ, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яицо», «Игровизор»,кейіпкер  | 1 |
| 15 | «Сиқырлы қораптың қызықтары» | заттың қасиеттерін, геометрикалық фигуралар мен олардың белгілері туралы білімдерін қайталау, сандар құрамын бекіту, саусақ қимылын дамыту, логикалық тапсырмалар арқылы ақыл-ойын, зиінін дамыту. | сиқырлы қарындаш, логикалық тапсырмалар, «Монгол» ойыны, «Игровизор»,тосын сәт,  | 1 |
| 16 | «Кішкентай тапқырлар» | Ойлау, көріп тану, есте | логикалық тапсырмалар, «Танграм», | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | сақтау қабілеттерін арттыру.Белсенділікке шапшаңдыққа,кеңестікті бағдарлай білуге үйрету | «Игровизор»,кейіпкер,  | |
| 17 | «Логиктарға тапсырма» | Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық , есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр-түсін,пішінін,сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру. | логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, «Танграм» ойыны, «Игровизор». | 1 |
| 18 | «Көңілді логиктар» | Балалардың ойлау қабілеттерін, зеиінін тапсырмалар арқылы тұрақтандыру, байқампаздыққа баулу. | Сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Монгол»ойыны, «Игровизор»,кейіпкер  | 1 |
| 19 | « Бақаның қызықты тапсырмалар» | Балалардың заттардың белгілеріне қарай салыстыру,кеңістікте орналасу қалпын анықтау.Топтастырылған бейнені таба білуге машықтандыру. | бөлме сызбасы, асықтар,ребустар, логикалық тапсырмалар, «Монгол» ойыны, «Игровизор», кейіпкер  | 1 |
| 20 | Логика сыры | Балалардың ақыл-ой қабілеттерін тапсырмалар арқылы арттыру. Логикалық тапсырмалар арқылы зейінін дамыту. | сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яицо»,«Игровизор» | 1 |
| 21 | «Ұлудың көңілді тапсырмасы» | Балаларды сөзжұмбақтарды шеше білуге дағдыландыру,заттардың ұқсастығын ажырата білу,ойлау қабілеттерін арттыру. | сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақ, «Коломбовое яицо» кейіпкер Ұлу, «Игровизор» | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | |  | |
| 22 | Ойнап жүріп, ойлайық! | Балалардың зиінін қызықты тапсырмалар арқылы жетілдіру, логикалық есептерді орындай білуге дағдыландыру. | сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яицо» ,«Игровизор»кейіпкер  | 1 |
| 23 | «Ойлан тап» | Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру. | сызба тапсырмалар, сандар, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яицо» ойыны ,«Игровизор», кейіпкер,  | 1 |
| 24 | «Ойнайық, шешпей оны қоймайық» | Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру,логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Қисынды есептерді шығара отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру. | Сызба тапсырмалар, сандар, логикалық тапсырмалар, «Танграм», «Игровизор», | 1 |
| 25 | «Тез ойла,ойна!» | Балалардың ретімен орналастыра білу түсініктерін арттыру,санамақтар арқылы сандарды айта білуге,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. | сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яицо» ойыны ,«Игровизор», | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 26 | «Математика әлемінде» | Геометриалық денелерді атау,ажырата білулерін қалыптастыру, берілген жолақшаларды ,кейін тура санау қабілеттерін бекіту. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін,тапқырлы қтарын дамыту,достыққа тәрбиелеуге, ойын түрде білімдерін тиянақтау. | логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Монгол» ойыны ,«Игровизор», кейіпкер  | 1 |
| 27 | Кім жылдам? | Балаларды санау дағдыланрын одан әрі дамыту, уақыт жайында қарапайым, түсініктерін бекіту. | логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Танграм»ойыны , «Игровизор», | 1 |
| 28 | «Пысықтаушы логика жаттығулары» | Сан құрайын ажыратудың әр түрлі тәсілдері;ақыл-ой белсенділігін күшейту,шапшандылы ққа,дәлдікке тәрбиелеу. | логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Танграм»ойыны , «Игровизор», | 1 |
| 29 | ««Бауырсақтың тапсырмалары»» | сандар , пішіндер туралы білімдерін жетілдіру.Логикалық есептерді шығару дағдыларын дамыту. | логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Танграм»ойыны , «Игровизор»,  | 1 |
| 30 | «Логикалық жаттығулардың | кеңістікте бағдарлай алуға , зейіндерін, қиялдарын логикалық | логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Коломбовое | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сиқыры» | тапсырмалар арқылы дамытуға,белсенділікке,тапқырлыққа үйрету. | яицо» ойыны, «Игровизор», | |
| 31 | «Пішіндер тапсырмалары» | Түс пен сандар туралы білімдерін жетілдіру,логикалық есептерді шығару дағдыларын жетілдіру. | логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Коломбовое яицо» ойыны , «Игровизор», | 1 |
| 32 | Қызықты тапсырмалар | заттарды салыстыра білу ұғымын бекіту.Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. | логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Монгол», «Коломбовое яицо» ойыны ,«Игровизор»,  | 1 |
| 33 | «Тапқыр болсаң,тауып көр» | Пішіндер жайлы білімдерін бекіту,логикалық ойлауларын,қиялдарын дамыту. | логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Коломбовое яицо» ойыны ,«Игровизор»  | 1 |
| 34 | «Қызықты математика» | логикалық ойлаул қабілеттерін, қиялдарын дамыту.ойын тапсырмаларға деген қызығушылықтарын дамыту | логикалық тапсырмалар, сандар, сызба тапсырмалар, сандар, «Коломбовое яицо» ойыны, «Танграм» «Игровизор»,кейіпкер  | 1 |
| 35 | «Сандықтағы қызықты тапсырмалар» | логикалық ойындар мен шытырман жолдарды пайдалану арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Балалардың тәулік мезгілдерін, апта күндерінің жыл айларының реті туралы білімін бекіту. | логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Коломбовое яицо» ойыны , «Игровизор»,  | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 36 | Не білдім,не үйрендім | Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау; есептеу дағдыларын жаттықтыру; геометриалық пішіндер және геометриялық денелер туралы білімдерін бекіту; баланың тілін, ойын танымдық қабілетін дамыту. | логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар, «Танграм», «Коломбовое яицо» ойыны , «Игровизор»,  | 1 |
| | Барлығы | | | 36 сағат |

«Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Кәне, кім тапқыр!»

**Мақсаты:** Қызықты тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, математикадан алған білімдерін пысықтау,ой-өрісін кеңейтіп, логикалық ойлауды жеделдетуге баулу, танымдық қабілетін, қызығушылығын арттыру.

**Көрнекілігі:** жануарлардың суреттері, жемістердің үлестірмелі суреттері, сызба карточкалар, санағыш таяқшалар,үн таспа, пішіндердің суреттері,

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
| --- | --- | --- |
| Мотивациялық қозғаушылық | Кім тапсырмаларды көп орындаса, сол жеңімпаз болады.<br><br>«Кім, тапқыр?» Түзу, қисық, алу,қосу, санау,санамақ, балабақша т.б.(артық сөзді  тап) | -қуанады,<br><br>- шартты қабылдайды,<br>-мұқият тыңдайды,<br>-тырысады,<br>-ойлайды<br>-жауап береді.<br>-балабақша деген артық сөзді табады. |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | Әуенмен топқа, Сайқымазақ келеді. (тапсырмаларын орындау)<br><br><br>1-тапсырма:<br><br>Қызықты тапсырмалар<br>1)Сюжетті логикалық есептер<br>Қоянға, түлкіге, аюға үш түрлі жалауша жасап берді – қызыл, сары, көк. Қояндағы жалауша қызыл емес, түлкідегі қызыл да,көк те емес. Кімнің жалаушасы қандай? | -қуанады,<br>-амандасады,<br>-қарсы алады.<br>- тапсырмаларын орындайды.<br><br>- логикалық есептерді орындайды.<br>-тапсырманың шартын қабылдайды,<br>-ойланады, жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | 2)Ардақ алма ағашынан 9 алмұрт, Гүлдана 2 алмұрт жұлып алды. Қыздардың қайсысы көп алмұрт жинады. Осы кезде әуенмен<br><br>**Д/ойын:**<br>«Пішіндерді есте сақта»<br><br>Пішіндердің орнын ауыстырмай, ретімен орналастыр.<br><br><br>2-тапсырма<br>«Сәйкес келмей тұрған суретті тап» (тауық, үйрек,өрмекші,торғай т.б)<br><br>3-тапсырма<br>**« Монгол ойыны**<br>/модельдермен жұмыс/<br><br>Берілген геометриялық пішіндерден кім не құрастырады.<br><br>Балалар үлгіге қарап (түйе,сиыр,күшік) құрастырады.<br><br><br> | - есепті шешеді. –жалаушалар (қызыл,сары,көк).<br>- қоянның жалаушысы<br>-көк,түлкінің жалаушасы<br>-сары,аюдың жалаушасы-қызыл.<br>үлестірмелі санағыш таяқшалар беріледі.<br>- (Ешқайсысы алмұрт жинаған жоқ, себебі алма ағашында алмұрт өспейді).<br>- жаттығуды орындайды.<br>-шартты тыңдайды, -ойланады,<br>-жауап беруге талпынады,<br>-тырысады.<br><br>- фигураларды орнын ауыстырмай ретімен қойып шығады,<br>- фигураларға зейін салып қарап естерінде сақтайды.<br>-үшбұрыш<br>-төртбұрыш,<br><u>-дөңгелек,</u><br>-сопақ,<br>орындарының ауысқанын табады.<br><br>-Шартты қабылдайды,<br>-мұқият қарайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-сәйкес келмей тұрған суретін сызып тастайды.<br>-тауық,<br>- үйрек,<br><u>-өрмекші,</u><br>-торғай |

| | | |
|---|---|---|
| | 4-тапсырма<br><br>үй жануарлары туралы қандай мақал –мәтел,жаңылтпаштар білесіңдер.<br><br>5-тапсырма<br><br>Санамақ: «Бір дегенім – білеу<br><br>Екі дегенім – егеу..... | -ойланады,<br>-тырысады,<br>- жануарлар жайлы білетін мақал мен жаңылтпаштарын айтады.<br><br>- ойынының шартын қабылдайды,<br>-ойлайды,<br>-орындайды.<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-жауап береді. |
| Рефлексия | Кім қонаққа келді? Қандай тапсырмалар орындадық? Өздеріңе ұнайтын жануарларды айтып беріңдер.Сендерге қандай тапсырманы орындаған көп ұнады. Сақымазақтың тапсырмасы ұнаса, сайқымазақтың көңілді суретін көтеріңдер? | -жауаптары,<br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-жауап береді.<br><br><br>- |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** сандарды ,пішіндерді ретімен қоюға тырысады;
**Түсінеді:** қызықты тапсырмаларды орындау жолдарын;
**Қолданады:** сызба тапсырмаларды, «Монгол» ойыны модульдерін қолдана біледі;

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті.
**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»
**Тақырыбы:** «Хайуанаттар бағындағы қызықтар»
**Мақсаты:** Балаларға хайуанаттар туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтау. Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айтуға үйрету арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Жұмбақтарды шешсек біз хайуанаттар бағына барамыз.<br>1.Қалқиып қос құлағы,<br>Елеңдеп қорқып тұрады.<br>2.Қорықпайды күшті аңнан,<br>Қорқады тек тышқаннан<br>3.Айбарлы түрі бар,<br>Қанжардай тісі бар,<br>Тұма бойында<br>Тасыған күші бар<br>Кұжірейген жалды.<br>Білсең айт бұл аңды.<br>4.Халық «қу» деп,<br>Қылған күлкі<br>Айласы көп.<br>Бұл не? | -шартты қабылдайды,<br>-шешуге талпынады,<br>-ойланады,<br>-жауап береді,<br>-жұмбақтарды шешеді.<br>( Қоян)<br>(Піл)<br>(Арыстан)<br>(Түлкі) |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | Логикалық тапсырма<br>«Қайсысы қай баспанада тұрады?»<br><br>Дидак ойын «хайуанаттар бағына саяхатқа»<br>Үн таспа (сайраған құстардың үні).<br>1-тапсырма:«Балаларды сызық | - тапсырманың шартын қабылдайды, жауап беруге талпынады, ойланады.<br>-логикалық тапсырманы орындайды.<br>-Ең биік үйде керік тұрады,<br>-ортаншы үйде елік тұрады,<br>-ең кіші үйде қоян тұрады.<br>-Хайуанаттардың қай баспанада тұратынын сызба арқылы белгілейді.<br>- хайуанаттар бағына саяхатқа шығады,қуанады.<br><br>-хайуанаттар бағындағы тапсырмаларды орындайды,<br>-ойланады, |

| | | |
|---|---|---|
| <br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Рефлексия | арқылы хайуанаттар бағына жеткіз»<br>2-тапсырма<br>1)Логикалық есептер(салыстыр)<br>Піл аюдан кіші, ал аю қояннан кіші, қандай ойыншық барлығынан үлкен?<br>2)Құрбақа бегемоттан қысқа, бірақ есектен үлкен.Қандай ойыншық барлығынан қысқа?<br>3) Жираф, сайқымазақтан сайқымазақтан қысқа, бірақ Зебрадан ұзын. Бәрінен ұзыны не?боя.<br>3-тапсырма:<br>«Адасқан түлкі мен аюды шыршаға жеткіз».<br><br><br>д/о: «Танграм» «Мен сүйікті жануарым»<br><br>Балалар,біз бүгін қандай | -талпынады.<br>-балаларды хайуанаттар бағына сызық арқылы жеткізеді.<br><br>- суреттегі жануарларды салыстырады.<br>-Піл,Құрбақа,Керік барлығынан үлкен<br>-барлық ойыншықтарды атап, салыстырады,<br>-тапқан суретті түсті сызбамен көрсетеді, бояйды.<br><br><br><br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-орындайды,<br>-түлкі мен аюды сызық арқылы өз шыршасына жеткізеді.<br><br><br><br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойлайды,<br>-талпынады,<br>-үлгіге қарап (түлкі,қоян,керік т.б) құрастырады |
| | тапсырмаларды орындадық, хайуанаттар қайда тұрады? Хайуанаттар бағында ұнаған жануарды ата?Ұнаған жануарды көрсет? | сұрақтарға жауап бере<br> |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** хайуанаттарды бір-бірінен ажырата біледі,
**Түсінеді:** ұзын-аласа салыстыруды;

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Қызықты математика әлемі»

**Мақсаты:** Балаларды жіктеу, орналастыру сияқты логикалық амалдарды ғана емес,ойнату пайымдауды қажет ететін логикалық тапсырмаларды орындату: заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын жетілдіру.

**Көрнекіліктер**: ойынға қажетті карточкалар, пішіндер, логикалық тапсырмалар, сандар, сызба суреттер, «Танграм» ойыны, «Игровизор»,

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Дәлелдеп -талаптану | Дымбілмес қонаққа келеді.<br><br>Дымбілместің тапсырмаларын орындау үшін біз , кішкентай математиктер боламыз. | -қуанады,<br>-амандасады,<br>-қарсы алады. |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | 1-тапсырма<br>«Ойлан тап!»<br><br>Бұлбұл әсем жырлайды<br>Ел жұрт етіп тыңдайды,<br>2-ге 2-ні қосқанда<br>Нешеу болып сайрайды?<br>Бес алманың екеуін,<br>Досың сұрап алады.<br>Айтшы сонда нешеуі<br>Өз қолыңда қалады.?<br><br>д/о:«Уақытты бағдарлау»<br>1)Ұйқымыздан тұрамыз,<br>Беті қолды жуамыз.<br>Әжемізге ереміз,<br>Бақшамызға келеміз.<br>Бұл қай кезде болады?<br><br>2)Біз тәртіпті боламыз,<br>Сабақты да оқимыз. | -шартты қабылдайды,<br>-жауап беруге,<br>-талпынады,<br>-ойлайды,<br>-ойланады,<br>-жұмбақтың жауабын шешеді, -конверттегі үлестірмелі сандарды алады.<br>- төртеу болып сайрайды,4-санын көтереді.<br>- Қолымда үш алма қалады,3-санын көтереді.<br>-ойынның шартын қабылдайды,<br>-жауап беруге талпынады,<br>-ойлайды,<br>-таңертеңгі уақытта бақшаға келеміз. |

| | | |
|---|---|---|
| | Серуеге шығамыз,<br>Қыдырамыз.<br>Бұл қай мезгілде болады? | -жауабы:(таңертең)<br>-күндізгі уақытта серуенге шығамыз,<br>-жауабы: (күндіз)<br>-суретті көрсетеді. |
| | 2 тапсырма<br>«Бос торға жетіспейтін пішінді орналастыр»<br><br> | -шартты қабылдайды, сызбаға қарайды,<br>-ойланады.<br>-алдарындағы сызбамен жұмыс жасайды,<br>-шаршыдағы жетіспейтін пішінді табады,<br>-орындайды |
| | 2-тапсырма<br>«Заңдылықтарды бұзбай қатарды жалғастыр»<br><br> | -шартты қабылдайды,<br>-сызбаға қарайды,<br>-ойланады.<br>-алдарындағы сызбамен жұмыс жасайды,<br>пішіндердің заңдылықтарын бұзбай жалғастырып жазады. |
| | Кішкентай математиктерге айналып тапсырмаларды орындадық.<br>Дымбілмес,рахмет сендерге балалар,тапсырмаларды қалай орындау керектігін біліп алдым.Мен сендерге тапсырмамды орындағандарың үшін әдемі суретімді қалдырамын. Қош сау болыңдар! | |

| | | |
|---|---|---|
| |  | -Дымбілмеспен қоштасады,<br>-сыйлығын алады,<br>-қуанады, |
| Рефлексия | Сендерге қандай тапсырмаларды орындаған қызықты болды? Өзіңе ұнаған тапсырмалар жайлы айтып бер? Ұнаса көңілді күннің көзін көтер, ұнамаса бұлтты көтер. | -жауаптары,<br>-талпынады,<br>  |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** сандар цифрларды, реттімен санай біледі;
**Түсінеді:** логикалық тапсырмаларды санағышпен орындай алады;
**Қолданады:** сызба карточкаларды, «Игровизор» қолдана біледі;

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Ойнайық,та ойлайық»

**Мақсаты:** Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттерін арттыру,ынтамен дұрыс орындауға үйрету. Тура және кері санауды одан әрі дамыту,ой-өрісін кеңейту.

**Көрнекіліктер**: пішіндер,үйшік, сандар,үлестірмелі аңдар суреттері, сызба суреттер,логикалық тапсырмалар, «Танграм»ойыны,«Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | - Балалар, бүгін біз ертегі әлеміне барамыз. | -қуанады, |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | Алаңқайда бір үйшік тұр, тапсырманы орындау керек деген хабарлама жазылған.<br><br>1 - ші тапсырма:<br>д/о: «Қай санды жасырдым?»<br><br>- Алаңқайдағы үйшікке 1 саны келеді, есік қағады.<br>- Мынадай тапсырманы орындасаң ғана, үйшікке кіресің.<br>-2-санын көтерген бала (тоқ-тоқ)<br>-(2 саны тапсырманы орындайды).<br><br>3-санын көтерген бала ; | -шартты қабылдайды,<br>-талпынады,<br>-ойланады,<br>-жауап береді.<br>-алдындарындағы сандармен орындайды,<br>-, кіру үшін есікті қағады.<br>-1 санын көтерген бала тапсырманы орындайды.<br>- сандарға мұқият қарайды,<br>- ойланады,<br>-ретімен санайды,<br>- қандай санның орны ауысқанын айтады.<br><br>- Тоқ - тоқ, үйшікте кім бар?<br>-(1 саны жауап береді). |

| | | |
|---|---|---|
| | ( тоқ – тоқ),<br>(2 саны жауап береді).<br><br>2-ші тапсырма:<br>Д/о: «Не өзгерді?» -<br>Геометриялық пішіндерді ата.<br><br><br>- Алаңқайдағы үйшікке 3 саны келеді, есікті қағады.<br>- Мынадай тапсырманы орындасаң, үйшікке кіресің.<br><br>3-ші тапсырма<br>Логикалық есеп: «Нешеу?».<br>1) 5 қонжық орманға,<br>Бара жатты қорбаңдап.<br>Бірі олардың шаршады,<br>Әрі қарай бармады.<br>Қанша қонжық кетті алда?<br>2) Менде болды 3 алма,<br>Бердім досыма 1 алма.<br>Қалды сонда неше алма?<br>3) Тарелкада 4 алмұрт,<br>Батыр алды біреуін.<br>Қалды сонда неше алмұрт<br><br>- Тоқ - тоқ, (3 саны жауап береді).<br>- Алаңқайдағы үйшікке 4 саны келіп, есік қағады.<br>- Мынадай тапсырманы орындасаң үйшікке кіресің.<br><br>**4-тапсырма: «логикалық карточкалармен жұмыс»** | - Үйшікте мен, 1 саны бармын.<br>- Мені кіргізші?!<br><br>-пішіндерге мұқият қарайды,<br>-ретімен пішіндерді атайды,<br>-ойланады,<br>-қандай пішіннің орны ауысқанын айтып береді.<br>-үйшікте кім бар?<br><br>- Үйшікте мен, 2 саны бармын.<br>- Мені кіргізші?!<br><br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-алдарындағы конверртегі карточалармен орындайды<br>-4 қонжық кетті,<br><br>-2 алма қалды,<br><br>-3алмұрт қалды.<br><br>-үйшікте кім бар? |

| | | |
|---|---|---|
| | - Алаңқайдағы үйшікке 5 саны келіп, есік қағады. - Тоқ - тоқ, (4саны жауап береді).<br><br>- Мынандай тапсырманы орындасаң үйшікке кіресің.<br><br>5-ші-тапсырма:<br>«Танграм»ойыны<br>Жануарларды  құрастыр? Егер жұмбақтың жауабын тапсақ, қандай жануарларды құрастыратындарыңды білетін боласыңдар.<br>**Жұмбақтар**<br>1)Халық «қу» деп,<br>Қылған күлкі<br>Айласы көп.<br>Бұл не?<br>2)Қалқиып қос құлағы,<br>Елеңдеп қорқып тұрады. | - Үйшікте мен үш саны бармын.<br>4-саны Мені кіргізші?!<br><br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-сызба карточкамен жұмыс жасайды.<br><br>-үйшікте кім бар?<br>- мен төрт  саны бармын.<br>- мені кіргізші?!<br>-ойынының шартын қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-орындайды,<br><br>-түлкі,<br>-қоян,<br>-аю, |
| Рефлексия | Алаңқайдағы үйшікке қандай сандар келді? Ұнаған санның тапсырмасын айтып бер? Қандай жануарларды құрастыр-ған ұнады? Ол қай ертегіден? Ертегі әлемінде алған көңіл күйімізді көрсетейік. | <br><br>-қойылған сұраққа жауап береді. |
| | | |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** пішіндердің түр-түсін  ажырата біледі,
**Түсінеді:**  ертегі желісі бойынша жануарларды тура және кері орналастыра алады,
**Қолданады:** логикалық тапсырмалар, «Танграм» ойыны модулын, қолдана біледі;

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**:: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Үздік логиктар» Бөлімі:Вариативті бөлім

**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажырата отырып,логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмалар қызығушылықтарын арттыру.

**Көрнекіліктер:** түрлі-түсті шарлар, үлестірмелі карточкалар,сандар,сызба тапсырмалар, логикалық тапсырма, «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Дәлелдеп-талаптану | Көңілді ойын жасайық,<br>Батыл қадам басайық.<br>Осылайша шабытпен,<br>Ойынымызды бастайық.Сиқырлы шарлардың тапсырмаларын жақсы орындасақ,«Үздік логиктар» боламыз. | -сиқырлы шарларды қарайды<br>-қуанады. |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | «Сиқырлы шарлар»<br><br>Шарлардың ішінде тапсырмалар берілген.<br><br>1-тапсырма «Неге ұқсайды?»<br>- геометриялық пішіндердің<br>-түсіне, пішініне қарай ұқсас заттарды атайды.<br><br>2– тапсырма: «Кім тапқыр?»<br>Балаларға математикалық есептер беріледі.<br>1. Табақта бір алма, | -қуанады,<br>-шартты тыңдайды,<br>-ойланады,<br>-жауап беруге талпынады,<br>-шарларды жарып, тапсырмаларды орындайды.<br>- дөңгелек күнге,<br>-сопақ-жұмыртқаға т.б.<br><br>- орындауға талпынады,<br>-ойланады,<br>-қызығушылықпен орындайды.<br>- алдарындағы |

| | | |
|---|---|---|
| | Қолымда үш алма.<br>Барлығын қосқанда,<br>Шығады неше алма?<br>2. Бес алманың екеуін,<br>Досың сұрап алады.<br>Айтшы сонда нешеуі,<br>Өз қолыңда қалады?<br>3. Ақ балапан,<br>Сары балапан.<br>Шұбар балапан,<br>Қара балапан.<br>Барлығы неше балапан?<br>4 Ағашта екі торғай бар еді, оның біреуі ұшып кетті.<br>Ағашта неше торғай қалды?<br>3-тапсырма: «Тез ойла»<br>1. Құста неше тұмсық бар?<br>2. Адамда неше көз бар?<br>3. Үшбұрышта неше бұрыш бар?<br>4. Екі қоянның неше құлағы бар?<br>5. Жұлдызда неше бұрыш бар?<br>6. Бос ыдыста неше алма бар?<br>7. Қоян жүйрік пе, тасбақа жүйрік пе?<br><br>4 –тапсырма: сызбамен жұмыс<br>*Сызба арқылы өз бағытыңды тап*<br><br>д/о:<br>5 –тапсырма: сызба арқылы көбелекті гүлге қондыр<br><br>***Стрелка бойынша көбелек қай гүлге ұшып баратынын көрсет.*** | таяқшаларды санау арқылы есепті шешеді.<br><br>- табақта(4)алма,<br><br>-қолымда (3) алма қалады,<br><br>-барлығы (4)-балапан<br><br>-ағашта (1) торғай қалды<br><br>-ойынның шартын қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-жауап береді.<br>-құста 1-тұмсық бар,<br>-адамда екі көз бар,<br>-үшбұрышта 3-бұрыш бар,<br>-екі қоянның құлағы 4-еу,<br>-жұлдызшада 5-бұрыш бар,<br>-бос ыдыста алама жоқ,<br>-қоян жүйрік.<br><br>-шартын қабылдайды,<br>-талпынады,<br>-ойланады,<br>-сызба арқылы қай бағытқа жететінін сызады. |

| | | |
|---|---|---|
| | <br><br>Барлық тапсырмаларды «Үздік логиктар» болып орындадық. | -шартын қабылдайды,<br>-талпынады,<br>-ойланады,<br>-сызба арқылы көбелектің қай бағытқа жететінін сызып көрсетеді. |
| Рефлексия | Қандай түсті сиқырлы шардың тапсырмасы ұнады, көрсет? Неге? Көңіл – күйімізді | -ойланады,<br>-талпынады,<br><br>-жауап береді |

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** пішіндерден түсіне, пішініне қарай ұқсас заттарды жасауға талпынады,
**Түсінеді:** логикалық есептерді орындауды,
**Қолданады:** таяқшалар,сандар,сызба тапсырмалар,

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: *«Логикалық ойындар»*

**Тақырыбы:** Пішіндер сыры

**Мақсаты:** Балалардың зиінін ойлау қабілеттерін,сандардың таңбаларын танып ажыратуды, геометриялық пішіндер мен денелерді, олардың түстерін ажыратуды ойын арқылы жетілдіре түсу.Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** түрлі түсті пішіндер, сандар, (гүл, орамал, бантик, көзілдірік), сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Танграмм» ойыны, «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Д/о:«Көңілді шеңбер» Балалардың бірнешеуіне әртүрлі заттарды қыстыру,(гүл,орамал,бантик,көзілдірік)не өзгерді? | - шеңбер жасап отырады,<br>-шартты тыңдайды,<br>-ойланады,<br>-бір-біріне мұқият қарайды,<br>-көздерін жұмады<br>- көздерін ашқанда не өзгергенін айтады, |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | Түрлі пішіндердің ішінде 7 түрлі тапсырма бар. Солардың сырын ашқыларың келе ме?<br><br>д/о«Санауды жалғастыр» ойыны арқылы 3 топқа бөлініп алайық. Бірінші болған топқа 1 жұлдызшадан беріледі.<br><br><br>1-топ: Алғырлар тобы<br>2-топ: Тапқырлар тобы<br>3-топ: Ойшылдар тобы<br><br>1- тапсырма «Адасқан сандар»<br>-Бірінші болған топ 1 | -қуанады,<br>- пішіндерді мұқият қарайды,<br>-ойланады<br>-атайды.<br>-төртбұрыш,<br>-үшбұрыш,<br>- куб,<br>-цилиндр,<br>-дөңгелек,<br>-сопақша,<br>-көпбұрыш,<br>пішіндердің нешеу екенін санайды<br><br>-1,2,3,4,5,6,7. жетеу.<br>- 7-ге дейін санап,<br>- әр 7 бала бір топ болып бөлінеді.<br><br>- шартты тыңдайды,<br>-ойланады. |



| | | |
|---|---|---|
| | жұлдызшадан алады.<br><br><br><br><br><br><br>2 пішіннің -тапсырмасы:<br>«Салыстыр»<br>Әр қатардағы суреттен, бірінші суреттегідей бейнені дәл тап.<br><br><br><br><br><br>3 пішіннің тапсырмасы:<br>Санамақ жарыс<br>Балалар санамақ айтып жарысады.<br><br>4 пішіннің тапсырмасы:<br>Қандай кубик пішінге сәйкес келетінін сызық арқылы көрсет.<br><br><br>5 пішіннің тапсырмасы.<br>«Танграмм» ойыны<br><br><br>6 пішіннің тапсырмасы:<br>Бейне жұмбақ. Электронды оқулықтан беріледі<br>«Ойнайық, ойланайық» ойындары | -талпынады,<br>-7-ге дейінгі сандарды алады,<br>-белгі берілген кезде ретімен тура тұра қалады.<br>-келесі сәтте сол сандармен кері тұрады.<br><br>- ойланады,<br>-орындайды,<br>-алдарындағы суретке мұқият қарайды,<br>-әр қатардағы суреттен, бірінші суреттегідей бейнені дәл тауып, сызық арқылы қосады.<br><br>-ойлайды,<br>-талпынады,<br>-санамақты айтады.<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>- қандай кубик пішінге сәйкес келетінін сызық арқылы көрсетеді, бояйды.<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-пішіндерден бейне жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | 7 пішіннің тапсырмасы:<br>7 санына байланысты қандай ұғымдарды білесіңдер?<br><br>Пішіндер сырын тапсырмалар арқылы білдік. | -шартты қабылдайды,<br>-ойлайды,<br>-жауап береді<br><br>-ойлайды,<br>-талпынады,<br>-7ата,<br>-7қазына,<br>-7күн,<br>-7қарақшы,<br>-7күлше,<br><br>Балалар хормен санап, әр топ неше жұлдызшадан жинағанын анықтайды.<br> |
| Рефлексия | Балалар, бүгінгі ойынымыз қызықты болды, бәрің де өте жақсы қатыстыңдар. Ұнаған пішінді көрсет?  Көңіл күйімізді көрсетейік. | -ойланады,<br>-талпынады,<br>-жауап береді<br>. |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** геометриялық пішіндер мен денелерді ажыратып,сұраққа толық және нақты жауап бере біледі.
**Түсінеді:** сандардың таңбаларын танып  оны  ажыратуды,
**Қолданады :** санамақтар, бейнежұмбақтар,сызба  карточкалар

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті
**Вариативтік компонент**: *«Логикалық ойындар»*
**Тақырыбы:** «Ғажайып тапсырмаларға саяхат »
**Мақсаты:** Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Ойлау, көріп -тану, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер:** сандар, (балық,ит, құрбақа, алма,құс,үйрек) үлестірмелі карточкалар , таяқшалар, сызба тапсырмалар, жұмбақтар, логикалық тапсырма, «Танграм» ойыны, «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
| --- | --- | --- |
| Мотивациялық қозғаушылық | Д/о: «Төрт құбылыс»<br><br>Осы дидактикалық тапсырманы орындасақ, бір кейіпкер қонаққа келеді. | -қуанады,<br>-шартты қабылдайды,<br>-талпынады,<br>- шеңбер жасап отырады,<br>-су-десе қолдарын алдарына созады,<br>- «ауа»- жоғары көтереді, -«от»- қолдарын айналдырады,<br>-«жер» қолдарын түсіреді. |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | «Құрбақа» қонаққа келеді.<br><br>Сәлеметсіздер ме?Тапсырма алып келдім, мен өз жапырағыма қалай жететінімді білмеймін.<br>1 - тапсырма. Дидактикалық ойын. Танграм ойыны | - амандасады,<br>-қарсы алады,<br>-қуанады. <br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойлайды,<br>-талпынады,<br>-үлгіге қарап бейне құрастырады |



| | | |
|---|---|---|
| | <br><br>2 - тапсырма. Логикалық есептер<br>- Дүкеннен анам төртбұрышты 2 допты алып келді, оның біреуін інiме бердім. менде неше доп қалды?<br>- Табақта бес алма,Қолымда үш алма,Інімде екі алма,Қосқанда барлығы болады неше алма? Бір алма атама,Бір алма әжеме,Бір алма апама, Бір алма әкеме,Нешеуін алады? Нешеуі қалады?<br>2. Ағашта 5құс отыр, оның 2 - уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?<br>3. Аулада бес үйрек,<br>Қорада үш үйрек. Бір үйрек тығылды,Бір үйрек жығылды,Қалғаны неше үйрек?<br>4 - тапсырма Жұмбақтар.<br>1.Адамға серік,<br>күзетке берік.<br>2.Жүрегі бар, ізі жоқ,<br>Қанатты бар, ұшпайды.<br>Су астында қыстайды.<br>3.Сұм жүзді,<br>Құралай көзді,<br>Киікше секірген,<br>Бура санды,<br>Жолбарыс тонды.<br><br>5-тапсырма<br>д/о: «Орныңды тап»<br>Өзінің жанындағы тұрған баланы есіне сақтап қалады, | -шартты тыңдайды,<br>-ойланады,<br>-шапшаңдық,белсенділік танытады.<br>-үлестірмелі санағыш таяқшалар арқылы есепті шешеді.<br>-төртбұрышты доп болмайды.<br><br>-6 алма,<br><br>-3 құс қалды.<br><br>-6үйрек<br><br>- шартын тыңдайды,<br>-ойланады,<br>-жауап береді.<br><br>-(ит),<br><br>-(Балық),<br><br>-(Құрбақа)<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-есіне сақтайды.<br>- шеңбер жасап тұрады.<br>-өзінің жанындағы |

| | | |
|---|---|---|
| | <br><br><br>6-тапсырма: «Құрбақаның жапырағын тап» Сызбамен жұмыс<br><br>Балалар, сендер менің тапсырмаларымды орындап , сызба арқылы менің жапырағымды тауып бердіңдер рахмет. | баланы есіне сақтап қалады,<br>-белгі бойынша олар бөлменің жан-жағына тарап кетеді,<br>-екінші белгі бойынша кімнің қасында тұрғанын есіне сақтап шеңберді түзейді.<br><br>-тапсырманы орындайды,<br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-қуанады.<br>-құрбақаның қай жапыраққа келетінін сызып көрсетеді.<br><br>-қоштасады. |
| Рефлексия | Құрбақа бізге не үшін келді? Құрбақа қайда мекендейді? Құрбақа жайлы тақпай айтайық. Қандай тапсырмалар ұнады? | -ойланады,<br>-талпынады,<br>-жауап береді<br>. |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** Өзінің жанында тұрған баланы есіне сақтап қалуға тырысады
**Түсінеді:** санағыш таяқшалармен есепті шеше алады,
**Қолданады:** логикалық тапсырмаларды,сызба тапсырмаларды,игравизорды қолдана біледі.

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Ғажайыптар әлеміне» Бөлімі:Вариативті бөлім

**Мақсаты:** Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Пішіндерден бейне құрастыруды одан әрі жалғастыру. Көп білуге , ізденуге ұмтылдыру , білімдерін жан жақты дамыту ,ұшқыр ойлауға баулу .

**Көрнекіліктер:** үлгі карточкалар, сызба карточкалар, логикалық тапсырма,«Коломбовое яицо» ойыны, «Танграм» ойыны, «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Буратино бізге хат жіберіпті. Хатта логикалық есептер, тапсырмалар бар екен.<br> | -қабылдайды,<br>-қуанады.  |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | 1-тапсырма:<br>«Коломбовое яицо» ойыны<br><br><br>2-тапсырма логикалық есептер,<br>Логикалық есептер:<br>1) Әкем, шешем және мен<br>Болса есепке талабың<br>Айта қойшы, кәне сен<br>Неше адамды санадым?<br>2) Көлден ұшты - 7 қаз<br>Қайтып қонды - 2 қаз<br>Қонбады оның нешеуі<br>Кәне, кім тез табады?<br>3) Табақта бес алма<br>Қолымда екі алма<br>Қосқанда барлығы | -шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-үлгіге қарап,пішіндерден жануарлардың бейнесін жасайды.<br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-орындайды.<br>-алдарындағы санағыш таяқшаларымен орындайды<br>-сандарды көтереді. |

| | | |
|---|---|---|
| | Болды неше алма?<br>Бір - бірімен жарысқан<br>4 - аю, 1 - арыстан<br>3 - қоян, 1 - маймыл бар<br>Бәрі нешеу табыңдар?<br><br>3-тапсырма: «Салыстыр»<br><br>4-тапсырма: Танграм ойыны<br><br>Буратино ,сендердің білмдеріңді тексердім,өте жақсы жауап бердіңдер,рахмет | -5 қаз қонбады<br><br>-7алма<br><br>-барлығы (9)<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-орындайды.<br>-1)кемелердің барлығын бірдей етіп сызады,<br>-2) Көбелектерді бірдей етіп Сызады<br>-3) доптарды бірдей етіп жасайды.<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-үлгідегідей пішіндерден бейне жасайды.<br>-жасағандары жайлы айтып береді.<br>-қоштасады. |
| Рефлексия | Бізге кім хат жіберді? Буратиноның тапсырмаларын есімізге түсірейікші.<br>Оның достары кімдер? Ұнаған тапсырмаларыңды айтып беріңдер. Ұнаса көңілді смайликтарды көтереміз. | -ойланады,<br>-талпынады,<br>-жауап береді.<br> |

**Күтілетін нәтиеже:**

**Біледі:** үлгіге қарап,пішіндерден жануарлардың бейнесін ажырата алады,

**Түсінеді:** білімін жан-жақты дамытып, ұшқыр ойлау керектігін,
**Қолданады:** логикалық тапсырмаларды, сызба тапсырмаларды, игровизорды қолдана біледі

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «*Тапқыр болсаң, тауып көр*»

**Мақсаты:** Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Логикалық ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту.

**Көрнекіліктер:** сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Коломбовое яицо» , «Танграм» ойыны, «Игровизор»

| **Іс-әрекет кезеңі** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | д/о: «Төртінші артық » ойыны<br>-тауық , үйрек , қаз,<br>-қар , жаңбыр,<br>-емен , қайың ¸ терек,<br>-шаршы , төртбұрыш , үшбұрыш<br>Осы дидактикалық тапсырманы орындасақ, кейіпкер қонаққа келеді. | Балалар,шартты қабылдайды, ойынға қызығады,қуанады ,шапшаң жауап беруге талпынады, ойланады,ойнайды. Ойынның шарты бойынша артық сөзді табады.<br>-аққу ,<br>-найзағай ,<br>-шырша ,<br>-шеңбер , |
| **Ұйымдастырушылық ізденіс** | <br>Күтпеген сәтте ән әуенімен Тиін мен Қоян келеді.<br><br><br>Сәлеметсіздер ме,<br>Бізге сендердің көмектерің керек. Мына тапсырмаларды орындасақ қана өз үйімізді таба аламыз.<br>1-тапсырма<br><br>«Бірдей заттарды тап» сызба арқылы заттардың ұқсас ерекшеліктерін ата,сызықпен белгіле.<br><br>2-тапсырма<br>«Танграм»ойыны. | -қуанады,<br>-амандасады.<br>-талаптанады,<br>-орындайды.<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-жауап береді.<br>-сызбамен жұмыс жасайды,<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады, |

| | | |
|---|---|---|
| | <br><br>3-тапсырма логикалық есеп<br>«Тез есепте»<br>1)Бес сәбіздің біреуін,<br>Досың сұрап алады.<br>Айтшы сонда нешеуі,<br>Өз қолыңда қалады?<br>2)Тәрелкіде екі алма,<br>Қосып едім біреуін,<br>Болып шықты неше алма ?<br>4)Дымбілмес алдында 4 құлпынай , содан кейін 3 құлпынай жеді.Дымбілмес барлыға неше құлпынай жеді?<br>5)Айнұр 2 пирамида, ал Гүлнұр 3 пирамида құрастырды.Екі қыз неше пирамида құрастырды?<br><br>4-тапсырма «Коломбовое яицо»жануарларды құрастыр<br><br><br>5-тапсырма сызбамен жұмыс<br>Тиін мен Қоянның қай үйде тұратынын сызба арқылы табады.<br><br>-Тиін мен Қоян рахмет сендерге балалар, тапсырмаларды орындап, біздің біздің үйімізді көрсетіп бердіңдер. | -олардың қандай пішіндерден құрастырылғанын атайды,<br><br>-ойланады,<br>-шапшаңдық,<br>-белсенділік танытады.<br>-санағыш таяқшалар арқылы есепті шешеді.<br><br>-4 қалады,<br><br>-3алма,<br><br>7-құлпынай жеді<br><br>-5 пирамида құрастырды.<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-модульдерден бейне жасайды.<br><br>-сызбамен жұмыс жасайды.<br>-қабылдайды, |

| | | |
|---|---|---|
| | | -талпынады.<br>Сызба арқылы Түлкі мен Қоянның үйлерінің бағытын сызба арқылы көрсетіп береді.<br><br>Тиін мен Қоянмен қоштасады. |
| **Рефлексия** | Дидактикалық тапсырманы орындағанымыз үшін қандай кейіпкер қонаққа келді? Жануарлардың қайссы өзіңе ұнайды? Тиін туралы не білесің? Қоян ше? Сүйкімді жануарың туралы айтып бер? Қайда өмір сүреді? Ұнаса көңілді суретті көтереміз. | **-**қабылдайды,<br>-жауап беруге талпынады,<br><br>**-**  |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** заттардың ұқсас ерекшеліктерін;
**Түсінеді:** логикалық тапсырманы санағыш таяқшалармен шешу керектігін,
**Қолданады:** ойын тапсырмаларды, жұмбақтарды, «Танграмм» модульдерін қолдана біледі

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Логика сыры»

**Мақсаты:** Балалардың 10 көлемінде сандық есептеу дағдысын дамыту, сандарды тура және кері санауға, сандар көршісін атауды, кеңістікті бағдарлау, геометриялық пішіндер туралы білімдерін кеңейту.

**Көрнекіліктер:** ойынға қажетті заттар,сандар,санағыш, сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Коломбовое яицо», «Игравизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Дәлелдеп-талаптану | Д/о:«Көңілді шеңбер» Балалардың бірнешеуіне әртүрлі заттарды қыстыру,(гүл,орамал,бантик,көзілдірік)не өзгерді?<br>Дидактикалық ойынның шартын дұрыс орындасақ бір кейіпкер пайда болады? | -шартты тыңдайды,<br>-ойланады,<br>-қуанады,<br>- шеңбер жасап отырады,бір-біріне мұқият қарайды,көздерін жұмады.<br>- көздерін ашқанда не өзгергенін айтады. |
| Ұйымдастырушылық<br>Ізденіс | Дымбілмес келеді.<br> Логика сырын білгісі келеді.<br>Логикалық тапсырма:<br>1- тапсырма<br><br>2-тапсырма<br>1-10-ға дейін тура және кері санау.<br>3- тапсырма :<br>д/о «Алдында,артында, ортасында» | -шартын қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-орындайды.<br>-ойланады,<br>- сандарды ретімен санайды,<br>-кері санайды.<br>-1,2,3,4,5,6,7,8,9,10.<br>-10,9,8,7,6,5,4,3,2,1.<br>- шартын қабылдайды, -ойланады,<br>-жауап береді.<br>-4санының алдында |

| | | |
|---|---|---|
| | 4 -тапсырма: логикалық есептер. | - 3 саны тұр,5-тен кейін қай 6- саны тұр.<br>2 мен 4 ортасында (3) саны тұр?<br>6 санының көршілері (5 және 7).5 |
| | 1).4 қоян мектептен келе жатыр, кенет оларға аралар шабуыл жасайды.<br>2 қоян қашып әрең құтылды.<br>Қанша қоян қаша алмай қалды? | -шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-белсенділік танытады.<br>- 2 қашады,-2-еуі қашпайды. |
| | 2) Шөптің арасынан 8 қоянның құлақтары көрінеді,<br>ол жерде қанша қоян жасырынып қалды? | - 2 қоян отыр |
| | д/о: «осылай жаса»<br>Тақтада шыршалардың, дөңгелектердің, таяқтардың, шеңбер үстіндегі нүктелердің суреттері болады.<br>Қанша жасыл шыршалар, қанша нүктеге дейін таяқтар, сонша біз иілеміз. | - шартты қабылдайды,<br>-суретке мұқият қарайды,<br>-ойланады.<br>-жасыл шыршалар, сонша біз иілеміз. (3)<br>-дөңгелектер,сонша біздер секіреміз. (6)<br>- аяқ ұшына тұрамыз. (5)<br>- шеңбер үстінде нүктелер,сонша біздер қолымызды көтереміз. |
| | 5-тапсырма<br>«Салыстыр» сызбамен жұмыс,<br>1)Балаларды салыстыр<br>Ең ұзын баланы бояйды,ең кішісін қоршайды. | -ойланады.<br>-талпынады,<br>- ең ұзын баланы бояйды,ең кішісін қоршайды. |
| | 2) Ағаштарды салыстыр<br>Ең ұзын ағашты бояйды,еңқысқасын қоршайды. | -ағаштарды салыстырады |

| | | |
|---|---|---|
| | 6-тапсырма<br>«Коломбовое яицо» ойыны /модельдермен жұмыс/<br><br>Дымбілмес, рахмет сендерге балалар, тапсырмаларымды орындауға көмектестіңдер | -аққайың,<br>-шырша,<br>-үйеңкі<br>-ең ұзын ағашты бояйды,<br>-ең қысқасын қоршайды.<br><br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-үлгіге қарап құрастырады.<br><br>-коштасады. |
| Рефлексия | Қандай кейіпкер қонаққа келді? Қандай тапсырмаларды орындаған көп ұнады? Көңілді,көңілсіз суретті көтер | -ойланады,<br>-тырысады,<br>-жауап береді,<br><br> |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** сандарды тура және кері санайды, сандар көршісін атайды;
**Түсінеді:** алдында,артында,ортасында ұғымдарын ;
**Қолданады:** сызба тапсырмалар, логикалық , тапсырмалар, «Коломбовое яицо» модульдарын қолдана біледі.

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Ойнада, ойлан»

**Мақсаты:** Балаларды есте сақтау қабілеттерін қызықты жаттығулар арқылы арттыру. Логикалық есептер шығару арқылы ойлау қабілетін, ұзын,қысқа,биік,аласа ұғымдарын бекіту,байқампаздығын сабаққа қызығушылығын дамыту.

**Көрнекіліктер:** ойынға қажетті сурет,
сандар, сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Танграм» ойыны, «Игравизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | д/о:«Не пайда болды?» Балалар суретке қарап сипаттама береді,егер тапсырманы белсенді орындасаңдар бір кейіпкер пайда болады. | -шартты қабылдайды,<br>-талпынады,<br>-ойланады.<br>-құрышақтардың екеуіне мұқият қарайды,<br>-5-айырмашылығын айтады. |
| Ұйымдастырушылық<br>Ізденіс |  <br>1-тапсырма:<br>Логикалық тапсырмалар.<br><br>1)Қоянның үйі кірпі мен тиіннің үйінің ортасында,<br><br>Қ<br>*Логикалық тапсырма*<br>алшақ орналасқан кірпі<br>м<br>Кім Коля мен Романнан төмен тұрады.<br>арқылы көрсет.<br><br><br>Лена ненің суретін салды?<br>2)Катя,Ленажәне Оля сурет салды. Катя мен | -қуанады<br>- амандасады,<br><br>-ойланады ,<br>-талпынады,<br>-қызығушылықпен орындайды.<br><br>-кірпінің үйі тиіннің үйінен алшақ орналасқан,<br>- бояйды.<br><br>-Лена аю мен матешканың суретін салған. |

| | | |
|---|---|---|
| | Оля гүлдің сурет салды.<br>Лена ненің суретін салды?<br>3) Костя мен Артем бір этажда тұрады,Рома Артемнан биік тұрады? Кім Коля мен Романнан төмен тұрады.<br>2-тапсырма<br>Логикалық есеп<br>1)Күлшеқызға 3 тиін және 7 қоян қонаққа келді. Күлшеқызға барлығы неше қонақ келді?<br>2)Қызыл телпек әжесіне 6 тәтті тоқаш және 3 етті тоқаш әкелді.Қызыл телпек барлығы неше тоқаш әкелді?<br>3)Асанда 4 машина, ал Үсенде сонша ұшақ ойыншықтары бар.Балаларда барлығы неше ойыншық бар?<br>4)Кірпі 3 саңырауқұлақ, ал тиін 5 саңырауқұлақ жинады. Олар барлығы неше саңырауқұлақ жинады?<br>Д/ ойын:<br>«Нешеу екенін анықта?»<br>Неше рет алақанын соқса, сонша саны бар карточканы көрсетеді<br><br>3-тапсырма<br>«Танграм» ойыны<br> | -ойланады ,<br>-орындайды.<br>-Лена қонжық пен Матрешканың суретін салды.<br><br>- орындайды,<br>- дұрыс жауап берген суретті бояйды.<br>- Костя Артем мен Романнан төмен тұрады.<br><br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-таяқшалармен орындайды,<br><br>-барлығы -10,<br><br>-9 тоқаш әкелді,<br><br>-8 ойыншық,<br><br>-8 жинады<br><br>- қабылдайды,<br>- есте сақтайды,<br>-байқағыштық танытады,<br>-орындайды<br><br>-ойланады,<br>-талпынады, |

| | | |
|---|---|---|
| | , сендер тапсырмаларды өте белсенді орындадыңдар, жарайсыңдар! | -үлгіге қарап құрастырады.<br><br>-қоштасады . |
| Рефлексия | Сендерге қандай тапсырманы орындаған көп ұнады?<br>Қане,қатарласып тұра қалайық, кімнің бойы ұзын,қысқа?<br>Көңілді,көңілсіз суретті көтерейік | -ойланады,<br>-талпынады,<br>-жауап береді<br><br> |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** геометриялық пішіндер мен денелерді ажыратып,сұраққа толық және нақты жауап бере біледі;
**Түсінеді:** ұзын,қысқа,биік, аласа екенін салыстыра алады;
**Қолданады:** логикалық тапсырмаларды, «Танграм» ойыны модульдарын қолдана біледі.

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Ойла,ойна,жікте».

**Мақсаты:**. Логикалық ойлау қабілеттерін, білім-білік дағдыларын,ойнай отырып ойлауға бағыт беру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Көрнекіліктер:** ойынға қажетті сурет тер,
сандар, сызба тапсырма,логикалық тапсырма, «Монгол» ойыны, «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | **д/о:«Не артық ойыны»**<br>-Ине,балта, жіп.<br>-Шаңсорғыш,үтік,киім.<br>-Айна, тарақ,телефон. | Балалар ойынның шартын қабылдайды, ойлайды,шапшаң жауап беруге талпынады.қандай сөз артық екенін анықтайды.<br>- балта, шаңсорғыш, телефон. |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | **1-тапсырма**<br>**Математика мақал-мәтелде»** (мақалдың жалғасын тап)<br><br>*1.Бір тал кессең, ...*<br>*2. Жүз теңгең болғанша,...*<br>*3.Екі жақсы қас болмас,...*<br>*4.Жеті рет өлшеп,...*<br>*5. Білекті бірді жығады, ...*<br>*6.Бір жеңнен қол шығар,...*<br>(Қисынды есептер )<br><br>2- тапсырма: (суреттерін іле отырып)<br>1)Мен жүріп келе жатып, еменнің тасасынан екі ұзын құйрық және төрт ұзын құлақ көрдім. Олар нелер және нешеу?<br>2)Қақпа артынан 8 дөңгелек көрініп тұр. Қақпаның артында неше машина тұр деп ойлайсың?<br>3)Екі мысықтың аяғы нешеу?<br>4)Үш сиырдың мүйізі нешеу? | -қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-жауап беруге тырысады.<br>-он тал ек,<br>-жүз досың болсын,<br>-екі жаман дос болмас,<br>-бір рет кес,<br>-білімді мыңды жығады,<br>-бір жеңнен бас шығар.<br><br>- шартын қабылдайды, -талпынады,<br>-ойланады,<br>-жауап береді.<br>-карточкалар,<br>-таяқшалар арқылы есепті шешеді.<br><br>-(2 түлкі, 2 қоян),<br>-( 2 машина) |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-тапсырма<br>«Жалпылау,жіктеу» (сызбамен жұмыс)<br>1) әр шаршыдағы қажетті затты сал және оны аяқта,оларды бір сөзбен қалай атайды?<br>2) Пішіндерді ата,үш топқа бөл, бос шаршыға пішіндерді суретін сал.<br>4-тапсырма<br>«Монгол ойыны»<br><br><br>«Монгол ойыны» | - ( 8)<br>-(6)<br>-шартын қабылдайды.<br>-ойланады,<br>-орындайды.<br>-үлестірмелі сызба жұмысты сызып көрсетеді.<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-үлгіге қарап құрастырады. |
| Рефлексия | Мақалды жалғастырайық.<br>Тапсырмалар несімен сендерге ұнады,неге,қандай тапсырманы орындаған ұнады? | -ойланады,<br>-талпынады<br>-жауап береді.<br> |

**Күтілетін нәтиеже:**.
**Біледі:** шапшаң жауап беруге ,қандай сөз артық екенін;
**Түсінеді:** мақалды жалғастырып айта алады;
**Қолданады**: логикалық тапсырмаларды, сызба тапсырмаларды, «Игровизор» , «Монгол» ойыны модулын қолдана біледі.

Білім беру саласы: Таным

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Зейінді болып, қызықты тапсырманы орындайық»

**Мақсаты:** Балалардың зейінін шоғырландыру,ой-өрісін , танымдық белсенділіктерін арттыру. Балалардың логикалық қабілетін, пәнге қызығушылығын, белсенділігін дамыту. жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.

**Көрнекіліктер:** ойынға қажетті суреттер, сиқырлы қапшық сызба тапсырмалар, «Танграм» ойыны, «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | «Зейінді бол» (стол,керует,кесе,қоян, табақ, шкаф, түлкі, қазан, кілем,аю.т.б) дидактикалық тапсырманы жақсы орындасақ бір кейіпкер пайда болады.<br> | Балалар ,ойынның шартын қабылдайды,ойланады,талпынады,белсенділік танытады жауап береді.Балаларға,әр түрлі (жануар,жиһаз,ыдыс-аяқ) суреттері беріледі. «Жануар» сөзін естігенде балалар қолдарын шапалақтайды, жануардың суретін көтереді.<br>-түлкі,<br>-аю,<br>-қоян, |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | Сайқымазақ келеді<br>1-тапсырма: «Салыстыр» сызбамен жұмыс. Бос торкөзде қандай сурет болуы тиіс жалғастыр.<br>2-тапсырма:<br>д/о: **Сиқырлы қапшық.**<br><br>Түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтарды салыстыр,топтастыр. | -шартын қабылдайды,<br><br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-жауап береді.<br>- сызбамен жұмыс жасайды,<br><br>-шартын қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>- ішіндегі затты ұстап көріп,<br>-пішінін анықтайды,<br>- ойыншықты алады,<br>- атын атайды<br>- түсін айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-тапсырма<br>а)«Айырмашылығын тап»<br>Ұқсас екі суреттің айырмашылығын табу.<br>ә)Сәуле екінші столға не қоюды ұмытып кетті?<br><br><br>4-тапсырма<br>Логикалық тапсырмалар<br>1.Үйге келді Мадияр.<br>Оған қоса Данияр.<br>Одан кейін  Айдана.<br>Қанша болды бар бала?<br>2.Жан-жаққа кетті зымырап,<br>Мысықтан қашып тышқандар.<br>Біреуі кірді  қорапқа.<br>Біреуі кірді шкафқа.<br>Біреуі кірді жәшікке.<br>Тығылды сонда нешеуі?<br>5-тапсырма<br>***Танграм ойыны***<br><br><br>Сайқымазақ сендер менің тапсырмамды орындап бердіңдер,сол үшін сендерге өзімнің суретімді беремін.сау  болыңдар! | -ойланады,<br>-талпынады,<br>-суреттегі екі аққалаға қарайды,ойланады,<br>-талпынады,<br>-жауап беруге тырысады, -айырмашылығын айтады.<br>-екі суреттің айырмашылығын  сызба арқылы белгілейді.<br>-гүл,стакан,қасық,кружка.<br><br><br><br><br><br>-шартын қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-жауап беруге тырысады,<br>-тапсырманы орындайды.<br><br>- үйде 3- бала болды.<br><br>-3тышқан тығылды.<br><br><br><br><br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-үлгіге қарап құрастырады.<br><br><br>-қуанады,<br>-естелікке суретін алады,<br>-рахмет айтады,<br><br>-қоштасады.  |
| Рефлексия | Қандай дидактикалық | -ойланады |

| | | |
|---|---|---|
| | тапсырманы орындағанда кейіпкер пайда болды? Есімізге түсірейік,кім келді?Сайқымазақты қайдан көрдіңдер? Ол қайда жүреді? Қандай тапсырма жеңіл болды,әрі ұнады? | -тырысады,<br>-жауап береді.<br> |

**Күтілетін нәтиеже:**

**Біледі:** суреттің айырмашылығын таба алады;
**Түсінеді:** заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыра, топтастыра біледі;
**Қолданады:** логикалық тапсырмала; сиқырлы қапшық, «Танграм» ойыны, «Игровизор»

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Жүзден жүйрік»

**Мақсаты:** сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зиінін тұрақтандыру.

**Көрнекіліктер:** сызба карточкалар, сандар, «Коломбовое яицо», «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивциялық қозғаушылық | «Көңілді санамақтар» бірге айтамыз.<br><br>Көңілді санамақта бізге «Карлсонды» шақырып берді<br> | -шартты қабылдайды<br>-тырысады<br>-ойланады,<br>-санамақты айтады.<br>Кел санайық санамақ,<br>Кел санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Бас бармағым алғашқы -<br>Балаң үйрек жалғасы.<br>Ортан терек – кезекші,<br>Шылдыр шүмек – көмекші<br>Шынашағым – балапан,<br>Бәріне ортақ алақан.<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Титтей бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз. |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | Карлсон қонаққа ұшып келеді<br>д/о: **Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта**<br>Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау.<br><br>1-тапсырма<br>Айгүл үйге қай жол арқылы үйіне жетеді?сызба арқылы орындау<br><br>2-тапсырма: «Сан қатары» үлестірмелі сандарды ретімен қояды. | -қуанады,<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-жасауға тырысады,<br>-қарындаштар ұзын,<br>-таяқша қысқа,<br>-жалпақ,жіңішкет.б. |

0
.
.
.
.
2
.
.
.

| | |
|---|---|
| . 4..... 1..... 3..... 5 5.... 3.... 1......... 4..... 2..... 0 | -шартын қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-жауап береді,<br>- Айгүлді сызба арқылы үйіне жеткізеді.<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-сандардың қатарына қарайды,<br>-ойланады,<br>-орындайды.<br>-0,1,2,3,4,5 |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-тапсырма:Логикалық есеп<br>Суретші қорабынан 6 бояу алғаннан кейін, 4 бояу қалды. Суретшіде қанша бояу болды?<br>5.Қоян көжектеріне 4 сәбіз бергеннен кейін, тағы 3 сәбіз қалды. Қоянда қанша сәбіз болды?<br>6. Себеттен 5 алма алғаннан кейін, онда тағы 5 алма қалды.Себетте қанша алма болды?<br><br>7.Карлсон 6 тәтті нан жегеннен кейін, 4 тәтті нан қалды. Қарлсонда неше тәтті нан болды?<br><br>8. Айдана 5 гүлге су құйғаннан кейін 2 гүлге су құйюқа үлгерген жоқ. Айдананың гүлзарында қанша гүл өсіп тұрды?<br><br><br>4-тапсырма<br>сызба карточкамен жұмыс<br>1)Піл аюдан кіші,ал аю қояннан кіші,қандай ойыншық барлығынан үлкен?Боя.<br>2) Құрбақа бегемоттан қысқа,бірақ есектен үлкен. Қандай ойыншық барлығынан қысқа? Боя.<br>3) Жираф Сайқымазақтан қысқа,бірақ зебрадан ұзын. Бәрінен ұзыны не? | -шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-үлестірмелі карточкалар мен есепті орындайды<br><br>-10 бояу болды,<br><br>-7сәбіз болды<br><br>-себетте 10 алма болды,<br><br><br>-10 тәтті нан болды,<br><br><br>-гүлзарда жеті гүл өсіп тұр<br><br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-сызба арқылы көрсетеді.<br><br>-ең үлкен ойыншық піл,(бояйды)<br><br>-ең қысқа ойыншық есек, бояйды. |

| | | |
|---|---|---|
| | «Коломбовое яицо» ойыны   Карлсон, сендер барлық тапсырмаларды жақсы орындап бердіңдер,рахмет | -ең ұзыны Сайқымазақ бояйды. -ойланады, -талпынады, -үлгіге қарап құрастырады. -қоштасады |
| Рефлексия | Кім қонаққа келді? Карлсон қайда тұрады? Карлсон қалай ұшады көрсетіңдер? Сендерге қандай тапсырманы орындаған ұнады? | -ойланады -тырысады, -жауап береді. |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** сандар цифрларды, реттімен санай алады,
**Түсінеді:** заттың ұзын – қысқа, жуан-жіңішкелігін анықтай біледі;
**Қолданады:**логикалық тапсырмалар, «Игровизор», «Коломбовое яицо» ойыны модульдарын қолдана біледі.



Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Сиқырлы қораптың қызықтары»

**Мақсаты:** заттың қасиеттерін, геометрикалық фигуралар мен олардың белгілері туралы білімдерін қайталау, сандар құрамын бекіту, саусақ қимылын дамыту, логикалық тапсырмалар арқылы ақыл-ойын, зиінін дамыту.

**Көрнекіліктер:** сиқырлы қарындаш, қорапша, логикалық тапсырмалар, «Монгол» ойыны, «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | 1-тап«Монгол» ойыны. |
|---|---|---|
| Дәлелдеп-талаптану | д/о:«Өз орныңды тап» ойынын ойнаймыз. сандарды алып, ретімен қатарға тұруларын керек. Сиқырлы қорап пайда болады. | |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | Қайырымды адам сиқырлы қорап жіберіпті, ашып көрген көрейік. <br>Бұл қорапты ашу үшін ең алдымен сұрақтарға жауап беруіміз керек.<br><br>Сұрақтар:<br>Суреттегі ойыншықтар нешеу?<br>Бірдей ойыншықтар бар ма?<br>Қуыршақ нешінші тұр?<br><br>Балалар қорапта бізді саяхатқа апаратын қарындаш бар екен. Бұл қарындаш жай қарындаш емес, «Сиқырлы қарындаш».<br>Барлығымыз көзімізді жұмайық. 1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді қоянның үйіне апар.<br>Қоян: Сәлеметсіңдер ме, балалар, Мен қалашығымыздағы тапсырмаларды орындай алмай отырмын. Сендер маған көмектесіңдерші? | |

Балалардың іс-
әрекеті -
қабылдайды,
-ойланады,
-
орындайды.
-қуанады.

-таңқалады,
-қорапты
қарайды, -
қуанады.
-қорапты
ашуға
асығады,
-қызығады.

шартты
қабылдайды,
ойланады, жауап
беруге тырысады.
Тақтадағы
суреттерді
орындайды.
-7-еу,
-бірдей
ойыншықтар бар,
-қуыршақтар 5-ші
тұр,

-сиқырлы қарындаш
саяхатқа
апаратынына
қуанады

- қоянның үйіне
келеді. - амандасады,
-қуанады.-
ойланады,

-орындайды,
-жасауға тырысады,

| | | |
|---|---|---|
| | пішіндерің қиындыларынан жануарлардың модулын құрастырады<br><br>-1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді аюдың үйіне қонаққа апар.<br>Балалар, міне аюдың үйіне келдік.<br><br>-2 тапсырма:сызба карточкамен жұмыс.<br>1) барлық үшбұрышты тап.<br><br>2)Дөңгелек затты тап.<br><br>3)Жануарды ата. Сызық бойынша белгіле<br><br>4) Суретте жануарларды,құстарды, жәндіктерді топтастыр.<br><br><br><br>-1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді кірпіге апаршы.<br><br>-3 тапсырма: Бөлінген суреттердің жалғасын тап | -ойланады,<br>-талпынады,<br>-үлгіге қарап құрастырады.<br><br>-амандасады,<br>-қуанады<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-сызба арқылы маркермен қоршайды.<br>- үшбұрышты тауып қоршайды,<br>-дөңгелек затты табады, қоршайды.<br>-доп,шар.<br><br>- жануарды атайды,<br>-кім ненің баласы екенін сызба арқылы көрсетеді.<br>-мысық,баласы марғау,<br>-ит,баласы күшік,<br>-тауық,баласы балапан<br>-жауап береді.<br>-жануарлар,<br>-жәндіктер,<br>- құстарды сызба арқылы қоршайды,<br>-топтастырады.<br><br>-қуанады,<br>-тырысады, |

| | | |
|---|---|---|
| | және оларды боя.<br>Балалар, конверттегі екі түрлі бөлінген суреттердің жалғасын табады.<br><br>Жарайсыңдар сиқырлы қарындаштың көмегімен тапсырмаларды орындадыңдар.<br>- Сиқырлы қарындаштың көмегімен топқа қайтайық. 1, 2, 3 сиқырлы қарындаш бізді топқа апар. Міне, балалар топқа келдік. | -ойланады<br>-орындайды<br>- бөлінген суреттерден не құрастырғандарын айтады,<br>-кірпі,<br>-балапан<br>- бояйды.<br><br>-топқа қайтады. |
| Рефлексия | Біз саяхатқа қайда бардық? Кімдер бізді қарсы алды Балалар сабақ соңында қолдарына берілген гүлдерді (қызыл, жасыл) үйшіктің айналасына жапсырып сабақтың қалай болғанын білдіреді.<br>Өте жақсы ұнаса – жасыл түсті жапсырады | -қабылдайды,<br>-жауап беруге талпынады,<br><br> |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** алдында,артында ұғымдарын бір-бірінен ажырата алады,
**Түсінеді:** жануарларды,құстарды, жәндіктерді  топтастыра біледі;
**Қолдану:** логикалық тапсырмаларды,сызба тапсырмаларды,игравизорды қолданады

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Кішкентай тапқырлар»

**Мақсаты:** Ойлау, көріп тану, есте сақтау , кеңістікті бағдарлау қабілеттерін арттыру.Белсенділікке шапшаңдыққа,кеңестікті бағдарлай білуге үйрету.

**Көрнекілігі:** логикалық тапсырмалар, «Танграм», «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Дид/ойын: «ойлан – тап».  іштерінен санап, неше рет дыбыс бергенімді алдарындағы саннан дұрыс тауып көтерулерің керек. | -шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-жауап береді. |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | Сайқымазақ келеді. <br>тапсырмаларын орындаймыз.<br><br>1-тапсырма:<br>Логикалық есептер:<br>1)Бес алманың үшеуін,<br>Досың сұрап алады.<br>Айтшы сонда нешеуі,<br>Өз қолында қалады.?<br>2) «5» алған балаға 5 алма,<br>«4» алған балаға 4 алма.<br>«3» алған балаға 3 алма.<br>«2» алған балаға неше алма?<br>3) Бес бұтақты шыршада,<br>Бұтақ сайын екі алма.<br>Біреуін бер досыңа,<br>Сонда қалмақ неше алма?<br>4)Қолымды 1 алма, табақта 2 алма,<br>Қосқанда барлығын болады | -қуанады;<br>-шартын қабылдайды,<br><br>-ойланады,<br>-жауап беруге талпынады,<br><br>-орындайды.<br><br>-конверттегі сандарды ашып логикалық есепті шешеді.<br><br>-өз қолымда 3-алма қалады,<br><br>- 2 алған балағы 2 алма. |

| | | |
|---|---|---|
| | неше алма?<br>5) Бөлменің 4 бұрышы бар,<br>Әр бұрышта 1 мысықтан отыр,<br>Барлығы неше мысық?<br>6) Жанып тұрған 4 майшамның 2-уі сөніп қалды.<br>Сонда неше майшам қалды?<br><br>2-тапсырма:<br>Бірдей пішіндерді бір түсті бояумен боя, барлық дөңгелекті жасыл түспен, ал квадратты қызыл түспен боя.<br><br><br>3-тапсырма: сызбамен жұмыс «Велосипедшінің бағытын көрсет»<br><br>«Тангарм» ойыны<br><br>,рахмет сендерге балалар, тапсырмалары жақсы орындап бердіңдер.Жарайсыңдар | -(шыршада алма өспейді),<br><br>-барлығы болады (үш)алма,<br><br>-барлығы (төрт)мысық<br><br>- (екі) майшам қалды.<br><br>- шартын қабылдайды,<br>-талаптанады,<br>-барлық бірдей пішінді өзіне ұнаған түспен бояйды,.<br>-дөңгелекті жасыл түспен бояйды,<br>-төртбұрышты пішінді қызыл түспен бояйды.<br><br>- шартын қабылдайды,<br>-талаптанады,<br>-сызбамен жұмыс жасайды<br><br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-үлгіге қарап құрастырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | -қоштасады |
| Рефлексия | Сендер сайқымазақ жайлы не білесіңдер? Сайқымазақтар клоундар - комедиялық кейіпкерлер цирк аренасындағы күлдіргі көріністерді орындаушы. Ұнаған тапсырма жайлы айтып бер? Көңіл –күйімізді көрсетейік. | **-**қабылдайды,<br>-жауап беруге тырысады.<br> |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** дыбыс бергенде сандарды есте сақтап айта алады;
**Түсінеді:** Кеңістікте өзара орналасуы мен орнын ажыратып,ұғымдарды дұрыс бағыт жасауды;
**Қолданады:** логикалық тапсырмалар, «Танграм» ойыны, «Игровизор» қолдана біледі.

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Логиктарға тапсырма»

**Мақсаты:** Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық , есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр-түсін,пішінін,сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру.

**Көрнекіліктер:** логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, «Танграм» ойыны, «Игровизор».

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | «Ойыншықты сипатта» (қуыршақ,түлкі,қоян,түйе) ойыншықты мұқият қарап алады, ойыншықтарды жасырамын,ойыншықтардың түр-түсін,пішінін,сипаттап айтып бер. | -шартын қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-жауап беруге тырысады,<br>түлкі жұмсақ,түсі сарғыш,<br>құйрығы ұзын т.б. |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | 1-тапсырма: «Тауып ал да сыз» сызбамен жұмыс<br>«Баста» деген белгі бергенде жұлдызша мен шаршыны іздеп тауып «тоқта»деген белгі бергенше сызады.<br><br>2-тапсырма:<br>д/о«Өз орныңа тұр» ойыны<br>Ойыншылар сапқа тұрады, қолдарын артқа қояды, олардың алдында он орындық қойылады. белгі бойынша «Есеп сандар! Өз реттік орындарыңа тұрыңдар!». Ойыншылар өз реттік санына сай орындықтардың артына тұрады. Гномдарға көмектес. | - шартын қабылдайды, ойланады,жасауға тырысады,<br>-сызбамен жұмыс жасайды.<br>-жұлдызша<br>-шыршыны іздеп тауып тоқта деген белгі бергенше сызады,<br><br>- тапсырманың шартын қабылдайды,<br>-белсенділік танытуға тырысады,<br>-2-10-ға дейін түйме тағылған карточка пайдаланылады,<br>- сандарды алады,<br>-ретімен тұрады |

| | | |
|---|---|---|
| | <br><br>3-тапсырма логикалық есептер<br>1. Қоянда 5 қызыл және 2-ге кем көк шар бар.Қоянда қанша көк шар?<br>2. Арманда 6 машина, ал Ерланда 3 машина кем болды. Ерланда неше машина болды?<br>3. Айман 8 есеп шығарды, Баян 3 есеп кем шығырды. Баян неше есеп шығарды?<br>4. Аюда 6 шар бар, Қоянда 3 шар кем болды. Қоянда қанша шар болды?<br>5. Дымбілмес 4 балмұздақ жеді, Білгіш 2 балмұздақ кем жеді. Білгіш қанша балмұздақ жеді?<br>6. Тиін 7 жаңғақ , ал алманы 5-ке кем жинады. Тиін қанша алма жинады?<br>7. Сәуле 4 сурет салды, ал Айгүл 2 сурет кем салды. Айгүл неше сурет салды?<br><br>4-тапсырма:<br>«Танграмм» ойыны<br> | - шартын қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-жасауға тырысады,<br>-гномдардың үйлерін тауып сызады.<br><br>- шартын қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-жасауға тырысады,<br>-3 көк шар бар<br><br>-3машина бар<br><br>-5 есеп шығарады.<br><br>-3шар бар<br><br>-2 балмұздақ жеді<br><br>-2 алма жинады<br><br>- 2 сурет салды<br><br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-үлгіге қарап құрастырады. |
| Рефлексия | Қызықты тапсырмаларды айтып бер?<br>Ұнаса белгіні көтер. | -жауаптары<br> |

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** сандарды тура және кері санайды, сандар көршісін атайды,
**Түсінеді:** «Баста» , «тоқта»   белгі бойынша орындай алады
**Қолданады:**  сызба  тапсырмалар,  логикалық тапсырмалар,  «Танграмм» ойыны, «Игровизор» қолдана біледі

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Көңілді логиктар»

**Мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін, зеиінін тапсырмалар арқылы тұрақтандыру, байқампаздыққа баулу.

**Көрнекіліктер:** Сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яицо»ойыны, «Игровизор»,

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Дымбілмес қонаққа келеді | -амандасады,<br>-қарсы алады,<br>-қуанады. |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | Дымбілмес,балалар мен сендерден көмек сұрап келдім. Мына қолымдағы тапсырмаларды орындай алмадым.<br><br>1-тапсырма:<br>1)жануарлар бейнелегнен суреттерден басқасын боя.<br>(Қаз,гүл,балық,ит,кружка)<br><br>2)Барлық бейнені қорша «А»әрпінен басқасын<br>(үй, 7, шар, А, сәбіз, А,)<br><br>3) Барлық бейнені қорша «Ағаштан басқасын».<br>(шырша,шарбақ,жапырақ,)<br><br>2-тапсырма:<br><br><br>3-тапсырма «Коломбовое яицо» | -шартты қабылдайды,<br>-суретке мұқият қарайды,<br>-ойланады,<br>-орындайды<br><br>-гүл,кружка,балықты бояйды.<br><br>-үй,7,шар,сәбізді бояйды.<br><br>-шарбақ,жапырақты бояйды<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-суретке мұқият |

| | | |
|---|---|---|
| | 10 бөліктен тұратын жұмыртқаның жартылары арқылы, түрлі бейнелер құрастыр<br><br> рахмет,жарайсың дар,менің барлық тапсырмаларымды орындап бердіңдер. | қарайды,<br>-ойланады,<br>-орындайды<br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-модульдардан бейне жасайды.<br>-қоштасады. |
| Рефлексия | Балалар,бізге кім қонаққа келді? Дымбілмес қандай тапсырмалар алып келді? Қалай көмектестік? Қандай тапсырмаларды орындаған ұнады?Көңіл күйімізді әдемі бейнемен көрсетейік. | -ойланады,<br>-талпынады,<br>-жауап береді<br>. |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** пішіндерді дұрыс орналастыра алады;
**Түсінеді:** жануарларды ажарата біледі,
**Қолданады:**Логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, «Коломбовое яицо», «Игровизор»

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** « Бақаның тапсырмалары »

**Мақсаты:** Балаларды сандардың таңбаларан, аптадағы күн аттарын ретімен атауға,кеңестікті бағдарлай білуге дағдыландыру.

**Көрнекіліктері:** бөлме сызбасы, асықтар,ребустар, логикалық тапсырмалар, «Монгол» ойыны, «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Пошташы хат әкеледі.  | -амандасады,<br>-қарсы алады,<br>-қуанады. |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушылық ізденіс | Балалар бүгін сабаққа маған көмекке  Бақа келем деп еді.Келе алмайтының ескертіп өзінің тапсырмаларын поштамен салып жіберіпті.Сондықтан көмекке мен сендердің араларыңнан Айдосты шақырамын. Маған көмектеседі және арасында өзі де жауап береді.<br>- Мына дорбадағы асықтарды ұпай ретінде таратады.<br>Балалар бір аптада неше күн бар?<br>Оларды кім атап береді?<br>Бүгін аптаның қай күні?<br>-Балалар бақаның тапсырмаларын мен осы бөлменің ішіне тығып қойдым. Сызбаға қарап кім тауып береді?<br>1 тапсырма:<br>Бақа өзінің көлшіктерін қағаздан қиып салып жіберіпті,неге ұқсайтынын айтыңдар деп сұрайды.<br><br>Д/ойын «Неге ұқсайды»<br>Бақаның тағы да бір өтініші бар 10-ға дейін санап беруді сұрайды. Кім санамақ біледі дейді.<br>2- тапсырма:<br>Д/ойын «Қатені түзе»<br><br>3 тапсырма:<br><u>Логикалық есептер.</u><br>1.Стол үстінде үш кеседе жүзім,тұрды.Арман келіп бір кеседегі жүзімді жеп қойып кесені орнына қойды.<br>Стол үстінде неше кесе тұр?<br>2.Мамасы 4 шар сатып алды Мерует пен Сәбитке. Кімге неше шар береді? | -қуанады<br>- Айдосқа көмектесуге тырысады.<br><br>-сұрақтарға жауап береді.<br><br>-ойланады,<br>-орындайды.<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-орындайды<br>-санамақтар айтады<br><br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-жауап береді<br><br>-ойланады<br>- талпынады,<br>-жауап береді, |

| | | |
|---|---|---|
| | 4 тапсырма:<br>Д/ойын « Ребустар шешу »<br>С 10 А<br>6 Н<br>К 3<br>5 ік<br>5 тапсырма:<br>« Монгол ойыны » /модельдермен жұмыс/<br>Алдарындағы берілген геометрикалық пішіндерден кім не құрастырады.Балалар үлгіге қарап (түие,сиыр,күшік) құрастырады.<br>білесіңдер.<br> | -3кесе бар<br><br>-<br>2шар,Меруертке , 2-шар Сәбитке.<br><br>-ойланады<br>- талпынады,<br>-Ребусты шешеді<br>-сан<br>-бесік<br><br>-шартты қабылдайды,<br><br>-тырысады,<br><br>-ойлайды жауап береді.<br><br>-геометриялық пішіндермен үй жануарларын құрастырады. |
| Рефлексия | Балалар біз қайда бардық? Қандай тапсырмаларды орындадық? Қандай жануарларды құрастырдық? Үй жануарлары жайлы тақпақтар білеміз бе? Кімге қандай жануар ұнайды? Тапсырмалардан алған әсерімізді күннің көзі мен бұлт арқылы білдірейік. | -қойылған сұраққа жауап береді.<br> |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** он санын байланысты санамақты айта алады;
**Түсінеді:** кеңестікті бағдарлай біледі
**Қолданады:** логикалық тапсырмалар, «Монгол ойыны», «Игровизор»

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** « Логика сыры»

**Мақсаты:** Балалардың ақыл-ой қабілеттерін тапсырмалар арқылы арттыру. Логикалық тапсырмалар арқылы зейінін дамыту. «Коломбовое яицо» ойыны

**Көрнекіліктері**: сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Игровизор»,

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Математикалық мақал – мәтелдерді жалғастыр, | -шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады, |

| | | |
|---|---|---|
| | 1. Жеті жұрттың тілін біл,<br>2. Білекті бірді жығады,<br>3. Екі жақсы қас болмас,<br>4. Бір елі ауызға<br>5. Жүз теңгең болғанша,<br>6. Отыз тістен шыққан сөз,<br>7. Жалқаудың екі досы бар:<br>8. Бес бармақ жиылса,<br>9.Ер бір рет өледі, | -жауап береді.<br>-(жеті түрлі білім ал)<br>-(білімді мыңды жығады)<br>-(екі жаман дос болмас)<br>–(екі елі қақпақ)<br>-(жүз досың болсын)<br>-(отыз елге тарайды)<br>-(бірі - ұйқы, бірі – күлкі)<br>-(жұдырық болады)<br>-(қорқақ мың рет өледі). |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | 1-тапсырма: логикалық тапсырма<br>1)Бұлбұлдың 2 құлақ, 1 басы бар,Салдыраған 8 жерден таңбасы бар.Бұлбұлды жолға салып айдағанда,Салатын неше түрлі жорғасы бар.<br>2)Екі айнасы бар, екі найзасы бар,Төрт сылдырмағы бар,<br>Бір шыбыртқысы бар.<br>3)Тоғыз белбеу, қос жібек,<br>Екі мұрын бір шүмек.<br>4)Өзі 4 қанатты және 6 аяқты,<br>Сөйтсе де тікұшақтың көшірмесі сияқты.<br>5)Екі ағайынды екеуі де бір үйде,Бірін - бірі көрмейді.<br><br><br><br>2-тапсырма: «Санамақ жарысы»<br> | - шартты қабылдайды<br>-шешуге талпынады,<br>-орындайды.<br>-жұмбақтың жауабын үлестірмелі суреттер арқылы көтереді.<br>-(гитара),<br><br>- (сиыр),<br><br>- (домбыра)<br><br>- (инелік).<br><br>- (Көз)<br><br><br><br><br><br><br>- шартты қабылдайды, |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-тапсырма: Сызба бойынша Марат пен  Айымның тұратын үйін  тауып бер.<br><br>4-тапсырма  «Коломбовое яицо» ойыны | -жауап беруге талпынады,<br>-ойланады,жауап береді.<br><br>- шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-балалардың үйлерін тауып береді.<br>-ұқыпты,таза орындауға тырысады<br><br>- шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-орындайды. |
| Рефлексия | Мақалдарды еске түсірейік,жалғасын табыңдар? Сендерге қандай тапсырмаларды орындаған қызықты болды?  Бүгінгі орындаған тапсырмаларға көңіл күйімізді білдірейік. | Балалардың жауаптары<br> |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** оң   солды ажырата алады.
**Түсінеді:**Кеңістікте  заттардың  өзара орналасуы мен орнын ажырата біледі;
**Қолданады:** сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Игровизор» қолдана біледі

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Ұлудың көңілді тапсырмасы»

**Мақсаты:** Балаларды сөзжұмбақтарды шеше білуге дағдыландыру,заттардың ұқсастығын ажырата білу,ойлау қабілеттерін арттыру.

**Көрнекіліктері**: сызба тапсырмалар, сөзжұмбақ, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яицо» ,«Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Суретті сөзжұмбақ<br>Сары ұяшықтағы сөзді табыңдар!<br>Сөзжұмбақты дұрыс шешсек бір кейіпкер пайда | - шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-жауап беруге талпынады,<br>-орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | болады.<br> | <br> |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | 1-тапсырма:<br>Д/о:«Көңілді шеңбер»<br>Балалардың бірнешеуіне әртүрлі заттарды қыстыру,(гүл, орамал,бантик,көзілдірік) не өзгерді?<br>2-тапсырма: д/о: «Коломбовое яицо» ойыны пішіндерден бейне құрастыр.<br><br>1.Ағаш басында 2 балық отыр еді. Оларға тағы 2 балық ұшып келді. Барлығы неше балық болды?<br>2.Алма ағашында 10 алма, ал үйеңкі ағашында одан 2 алма аз өсіп тұр. Үйеңкі ағашында неше алма өсіп тұр?<br>3.Үй тышқанның неше құлағы бар?<br>5.Жанұяда 7 ер баланың бір-бірден қарындасы бар. Жанұяда қанша бала бар?<br><br>3-тапсырма: «Ұқсастық»<br>Бос шаршыдағы | - шартын қабылдайды,<br>-қуанады<br><br>шеңбер жасап отырады,<br>-бір-біріне мұқият қарайды,<br>-көздерін жұмады.<br>-көздерін ашқанда не өзгергенін айтады.<br><br>- шартты қабылдайды,<br><br>-ойланады,<br><br>-үлгіге қарап,алдарындағы конверттегі үлестірмелі пішіндерден бейнелер құрастырады.<br><br>- шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-орындайды.<br><br>- балықтар ағашта отырмайды және ұшпайды;<br><br>-Үйеңкіде алма өспейді, |

| | | |
|---|---|---|
| | жетіспейтін суретті тап,оның суретін салып аяқта.<br>, балалар сендер барлық<br>с р л рд<br>тап ы ма а ы<br>орындадыңдар,рахмет | -2 құлағы болады,<br>-(8 бала:7 ұл,1 қыз) шартын қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-маркермен бос шаршыдағы жетіспейтін суретті табады,<br>-суретті аяқтайды.<br>-көйлек,орамал,үй<br>қуыршақ,шарбақ,баспалдақ,<br>саты,мысық.<br>- Қоштасады. |
| Рефлексия | д/о: «Көңілді шеңбер» ойынын қайлалар жіберейік. Сендерге қандай тапсырмаларды орындаған өте қызық болды? Көңіл күйімізді білдірейік. | -ойланады<br>-тырысады,<br>-жауап береді.<br> |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** заттардың ұқсастығын ажыратып, салыстыра біледі,
**Түсінеді:** сөзжұмбақтарды шеше алады,
**Қолданады:** сызба тапсырмалар, сөзжұмбақ, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яицо» ,«Игровизор» қолдана біледі

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Ойнап жүріп ойлайық!»

**Мақсаты:** Логикалық ойлауларын жетілдіру, қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту.санамақтар айта отырып,зейіндерін дамыту.

**Көрнекіліктер:** сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Игровизор»,

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | «Көңілді санамақтар»<br><br><br>Кейіпкер пайда болды. | Кел санайық екеуіміз,<br>Бас бармағым - әкем,<br>Балан үйрек - анам,<br>Ортан терек - ағам, |

| | | |
|---|---|---|
| | | Шылдыр шүмек - мен<br>Кішкене бөбек - сен<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз. |
| Ұйымдастырушылық<br>Ізденіс | <br><br>1-тапсырма:<br>Үйінен адасып қалған балаға сызбаның көмегімен жолын көрсетейік.<br><br>2-тапсырма<br>Орманға барар жолда<br>бала нені кезіктіргенін<br>жұмбақ шешу арқылы<br>табыңдар.<br><br>Үсті толы инелер,<br>Бірақ та іс тігіп,<br>Қадамайды түймені<br><br>3-тапсырма Схема бойынша кіріпінің жолын табуға көмектес.<br><br><br><br>4-тапсырма:Логикалық есеп<br>«Тез есепте»<br>1)Тал басында, | -қуанады,<br><br>-шартты тыңдайды, -ойланады,<br>-сызуға талпынады,<br>-тырысады.<br><br>-ойланады<br>- жұмбақтардың шартын қабылдайды шешуге талпынады,<br>-орындайды.<br><br>-(Кірпі)<br><br>- схеманы қарайды<br>-ойланады<br>- орындайды.<br><br>-тапсырманың шартын қабылдайды,<br>-орындайды |

| | | |
|---|---|---|
| | Тізіліп,<br>Он жапырақ тұр еді.<br>Жел соқты да,<br>Үзіліп,<br>Ұшып кетті біреуі.<br>Ізінше оның Жұлынып,<br>Түсті тағы бесеуі.<br>Тұр әлі де ілініп нешеуі?<br>2)Бір-бірімен жарысқан,<br>Төрт аю, екі арыстан,<br>Екі қоян,бір түлкі.<br>Бәрі нешеу кім білді?<br>д/о:«Алыптар мен ергежейлілер»<br>Бұл орманда алыптар (балалар қолдарын жоғары көтеріп, аяқтарының ұшымен жүреді) мен ергежейлілер( балалар жүрелеп отырады) өмір сүріпті.Содан соң қимылдарды тәрбиешінің айтуымен жылдам -жай жасайды.<br> | -4 ілініп тұр.<br><br>-барлығы – 8 |
| Рефлексия | Біз кімге қөмек бердік?<br>«Көңілді санамақтар»<br>Кірпінің тапсырмалары қызық болды ма? Көңіл-күйімізді білдірейік. | - жауаптары<br> |

**Күтілетін нәтиеже:.**
**Біледі:** заттың көлеміне қарай салыстыруды біледі,
**Түсінеді:**Заттардың түр сипатын атай алады
**Қолданады:**логикалық тапсырмаларды,сызба тапсырмаларды, «Игравизор» ойынын қолдана біледі.

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Ойлан-тап»

**Мақсаты:** Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шыңдау. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру.

**Көрнекіліктер**: Сызба тапсырмалар, сандар, логикалық тапсырмалар, «Монгол» ойыны, «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Дымбілмес келеді. | -қуанады<br>-амандасады |

| | | |
|---|---|---|
| |  | -қарсыалады |
| Ұйымдастырушылық<br>Ізденіс | Дымбілмеске көмек берейік.<br>1-тапсырма: «Монгол» ойыны.<br><br>2-тапсырма: Дид/ойын: «ойлан – тап».<br><br>3-тапсырма:<br>Балалар біз 0 ден 6 ға дейінгі сандарды санай да аламыз, жаза да аламыз олай болса «Көршісін тап» ойынын ойнайық.<br>Балаларды ойынға шығару.<br>Енді балалар 6 санының көршісін табайық.<br>3<br><br>5<br><br>Енді балалар 6 санының көршісін табайық.<br>5 6 7<br><br>Бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы: 7 саны. | -тырысады<br><br>- ойынның шартын қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-қандай пішіндерден жасау керектігін қарайды,<br>-пішінді атайды.<br>-конверттегі пішіндерді қолданады,<br>- үлгіге қарап түрлі бейнелерді жасайды.<br>2-тапсырма, ойынның шартын қабылдайды.<br>- көздерін жұмады.<br>-Ойлау, есту қабілетін жетілдіру мақсатында іштерінен санап, неше рет дыбыс берілгенін алдарындағы санды дұрыс тауып көтереді.<br>-Ойынның шартын қабылдайды<br>-Ойынға қызығушылықтарын арттырады |

| | | |
|---|---|---|
| | Логикалық тапсырмалар<br>1.Үйге келді Мадияр.<br>Оған қоса Данияр.<br>Одан кейін  Айдана.<br>Қанша болды бар бала?<br>2.Жан-жаққа кетті зымырап,<br>Мысықтан қашып тышқандар.<br>Біреуі кірді  қорапқа.<br>Біреуі кірді шкафқа.<br>Біреуі кірді жәшікке.<br>Тығылды сонда нешеуі?<br>Ұқсас екі суреттің үш айырмашылығын табу. | -логикалық тапсырманы орындайды. |
| Рефлексия | Бізге кім қонаққа келді?<br>Қандай көмектер бердік?<br>Балалар,біз бүгін қандай тапсырмаларды орындадық, | Балалар, сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиеже:.**
**Біледі:** сандар, геометриялық пішіндер туралы,
**Түсінеді:** Қисынды есептерді шығаруды.
**Қолданады:** сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Игровизор», қолдана біледі.

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Ойлайық,шешпей оны қоймайық»

**Мақсаты:** логикалық ойлау дағдыларын дамыту мақсатында ойын есептер,дидактикалық ойындарды қолдану туралы білімдерін тиянақтау.

**Көрнекіліктер**: Сөзжұмбақ ,сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Монгол», «Танграм» ойыны «Игровизор».

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | «Суретті сөзжұмбақ»<br>Көк шеңбердегі сөзді табыңдар. |  |
| Ұйымдастырушылық іздеініс | 1 тапсырма: «Сан қатары»<br><br>2 - тапсырма: «Қай пішінге ұқсас?»<br>Жеке карточкаларда заттардың суреттері беріледі. Жанындағы бос төркөзге қай пішінге ұқсас екенін салып көрсетеді.<br><br>3-тапсырма: «Монгол» ойыны<br><br>4 - тапсырма:<br>Екі қаз ұшып барады,<br>Биіктен төмен қарады.<br>Аяқ нешеу, бас нешеу?<br>Жауабын кім табады?<br>Алма бағы жайнаған,<br>Қызыл алма айналам.<br>Алдым үзіп екеуін,<br>Тағы да алдым екеуін,<br>Алдым сонда нешеуін?<br><br>4-тапсырма «Танграм» ойыны пішіндерден қызықты бейне құрастыр. | - тапсырманың шартын қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-орындайды<br>-жеке карточкалармен жұмыс жасайды<br>0....2....4<br>.....1.....3.....5<br>5....3....1....<br>.....4.....2.....0<br>сандарды ретімен қояды.<br><br>3-тапсырма<br>- логикалық есептің шартын қабылдайды,<br>-ойлайды,<br>-<br>талпынады,орындайды.<br>алдарындағы үлестірмелі санағыш таяқшалар арқылы есепті шешеді.<br>-2-бас,сегіз аяқ.<br>4-тапсырманың шартын қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-пішіндерді атайды,<br>-орындайды.<br>- пішіндерден қандай бейне жасағандарын айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| Рефлексия | Балалар, сөзжұмбақтағы көк шеңберінен жасырылған қандай сөзді тауып алдық. Сендерге сөзжұмбақпен жұмыс жасаған ұнады ма? Ұнаған тапсырмаларыңның қасына көңілді –көңілсіз бейнелерді орналастырайық. | -қабылдайды,<br>- ойланады,<br>-жауап береді<br><br> |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** сандарды ретімен орналастыра біледі,
**Түсінеді:** ойын есептерді таяқшалармен орындай алады,
**Қолданады:** Сөзжұмбақ ,карточкалар, сызба тапсырмалар, «Игровизор» қолдана біледі.

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Тез ойла,ойна!»

**Мақсаты:** Балалардың ретімен орналастыра білу түсініктерін арттыру,санамақтар арқылы сандарды айта білуге,логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

**Көрнекіліктер:** Сөзжұмбақ ,логикалық тапсырма, сызба тапсырмалар, «Игровизор»,

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Қыста<br>.... |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | «Ретімен орналастыр» ойын жаттығу. Неден басталып, немен аяқталағаны жөнінде айтып бер. | Жазда<br>...<br>Көкте<br>мде ...<br>Күзде жыл құстары ... |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | 1-тапсырма: «көңілді санамақ»<br>Балалар 10-ға дейінгі сандар туралы санамақтар айтады.<br><br>2-тапсырма логикалық есеп.<br>1)Біз топқа 6 көк,4қызыл шелек<br>Сатып алдық.барлығы неше шелек болады ?<br>2) Аулада бес тауық,<br>Қорада үш тауық<br>Бір тауық тығылды,<br>Бір тауық жығылды,<br>Қалғаны неше тауық?<br>3-тапсырма:<br>«Сөйлемді аяқта» сөздік ойын.Сөйлемді оқып бастаймын,балалар аяқтайды.<br>Күзде жаңбыр<br>Көктемде ағаштар жапырақ жаяды. | |

Балалардың і
с-әрекеті

-ойынның
шартын
қабылдайды,
- жасауға
талпынад
ы,
-
ойланады,жауап
береді.
-бауырсақ
терезе алдында
тұрып домалап
кетті.
-қоян
кездеседі. -
суретті ретімен
қояды жауап береді.
-шартты
қабылдайд
ы,
-ойланады,жауап
беруге
талпынады. Бір
дегенім білім,
Білім жарық
күнің.Екі дегенім
елім,Далам,туым
көгім....
2-
тапсырма
- шартты
қабылдайд
ы, -
ойлайды,
-
талпынады,орында
й ды.
Алдарындағы
үлестірмелі
таяқшалар
арқылы еспті
шешеді.
-топқа 9
шелек сатып
алдық.

-қалғаны 6 тауық.

3-тапсырма сөздік
ойынның шартын
қабылдайды,ойлана

| | | |
|---|---|---|
| | «Танграм» ойыны<br><br><br>«Артық сөзді тап»<br>Жыл мезгілдері,апта күндері,тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту.<br>1.Қыс,жаз,таңертең,көктем.<br>2.Дүйсенбі,сәрсенбі,жұма, наурыз,жексенбі.<br>3.Түн,күн,бүгін,,таңертен, кешке.<br>4.Бір,үш,жеті,қыс,тоғыз. | ды,<br>талпынады,жауап береді.<br>- жауады ,<br>- жапырақ жаяды.<br>- балалар аққала жасайды.,<br>- ыстық,<br>- егін егеді,<br>-жылы жаққа ұшып кетеді,<br><br>-шартын қабылдайды,<br>-ойланады, пішіндерді атайды,<br>-талпынады.<br>Балалар, алдарындағы коверттегі Пішіндерді алып үлгіге қарап бейне құрастырады.Бейнені қандай пішіндерден жасағанын айтады.<br>«Артық сөзді тап» ойынын шарын қабылдайды,ойлайды,талпынады, жауап беруге тырысады.Артық сөзді табады.<br>-таңертең<br>-наурыз<br>-таңертең<br>-қыс. |
| Рефлексия | Балалар,біз бүгін қандай тапсырмаларды орындадық, | Сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиеже:**

**Біледі:** Есеп амалдардың орындау барысын,

**Түсінеді:** Бейнені қандай пішіндерден жасағанын түсінеді

**Қолданады:** логикалық тапсырмаларды,сызба тапсырмаларды,игравизорды қолдана біледі.

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** « Математика әлемінде»

**Мақсаты:** Геометриалық денелерді атау,ажырата білулерін қалыптастыру, берілген жолақшаларды ,кейін тура санау қабілеттерін бекіту.

Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін,тапқырлықтарын дамыту,достыққа тәрбиелеуге, ойын түрде білімдерін тиянақтау.

**Көрнекіліктер:** суреттер,геометрикалық пішіндер, әшекейленген қорап,стақандар,су,ойыншықтар. «Коломбовое яицо», «Танграм» ойыны

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Сабақтың алдында,бөлмеге шарлар ілініп,бөлме ерекше әдеміленеді<br>Балалар,қараңдар біздердің бөлмемізге не болған,кім мына шарларды іліп кетті екен?<br>Сабаққа есікті қағып<br><br>«Сиқыршы» келеді.<br><br>Сәлеметсіздер ме балалар!<br><br>Мені таныдыңдар ма?<br>Мен сиққыршымын!<br>Мен сендерге қонаққа және не үйренгендеріңді байқауға келдім.<br>Мен сиқырлы орманнан келдім. Орманда қандай аңдар бар?<br>Дұрыс,олай болса сендерде екі топқа бөлінекойыңдар.Біреулерің «қояндар»,ал екінші «қонжықтар» тобы болыңдар.<br>Міне сендерге біздің ормандағы қояндар,қонжықтар тапсырма беріп жіберді,соларды орындасаңдар менен сыйлық болады.Келістік пе? | -таңырқайды<br>-қызығады<br>- қуанады<br>-амандасады<br>-қарсыалады<br><br>-жауап береді<br><br>/түлкі,қоян,аю т. с.с. аңдар/<br><br>Қуана-қуана келіседі. |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | Тапсырма «Тангарм» ойыны | - тапсырманың шартын қабылдайды, жауап беруге талпынады, ойланады.<br>-қоянның,қонжықтың |

| | | |
|---|---|---|
| |  Қоянның,конжықтың пішінін құрастыр./фланелеграфқа геометрикалық пішіндерден 2 шығып орындайды/<br><br>Тап  сырма 2<br><br>Д/ойын: «Сағаттардың тілін тақ» /жолақшалармен жеке жұмыс<br><br><br>3-тапсырма<br>«Коломб<br>овое яицо»<br>Д/ойын: «Жоғалған санды қой»<br>Тапсырма 4<br><br>«Кім тез санай алады?» / 1 ден 20-ға дейін тура және кері санау жеке жауап/.<br>«Бақаларды дұрыс отырғыз» /  жіпке кыстырылған «бақаларды» тастарға отырғызу 5,6,8,9-ші тасқа/.<br><br> | пішіндерін құрастырады.<br><br>Сағаттың тілін жолақшалар арқылы көрсетеді<br><br>Сандар жазылған текшелерді орынды-орнына қояды |

| | | |
|---|---|---|
| | Ой бәрекелді балалар өте жақсы жұмыс жасадыңдар,ал енді менің сендерге дайындаған қызықты ,тамаша фокустарымбар ақ суға түрлі түсті бояуларды құйып түсін өзгертіп, қорапқа салып көрсетеді.<br>1.Түрлі-түсті сулар.<br>2.Сиқырлы қорап. | Тура және кері санайды Жіпке қыстырылған бақаларды тастарға отырғызады.<br><br>-қызыға ,таңырқап ,мұқият қарап отырады. |
| Рефлекістік түзету | Балалар,біздердің бөлмемізге не болған,кім мына шарларды іліп кетті екен?Қонаққа кім келді?Қандай тапсырмалар орындадық? | Сұрақтарға жауап береді.<br> |

**Күтілетін нәтиеже:.**
**Біледі:** Геометриалық денелерді атайды, ажырата алады,
**Түсінеді:**Тапсырмалардың ретімен орындалу керектігін біледі
**Қолданады:** логикалық тапсырма,сызба тапсырмалар,

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті
**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»
**Тақырыбы:** Кім жылдам?
**Мақсаты:** Балаларды санау дағдыларын одан әрі дамыту,көліктің түрлерін атау және санау , пішіндер туралы білімдерін толықтыру әрі пысықтау.
**Көрнекіліктер:** суреттер,геометрикалық пішіндер,доп.

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балалар бүгін сабақта біз қысқы орманға саяхатқа шығамыз.Бір-бірлеріне жылы сөздер айтындаршы.<br>Қыстың ауа райы қандай?<br>Орманға біз машинамен барамыз. | - шеңберге тұрып,<br>-қолдарынан ұстайды.<br>-Бір-бірлеріне қарап жылы сөздер айтады.<br>-Күн суық,<br>-қар жатыр.<br>-Қыста сырғанаймыз, |

| | | |
|---|---|---|
| | | -қар атып ойнаймыз. |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | 1-тапсырма:<br>Машина түрлерін санайды.Ормандағы шыршаларды санап шығайықшы.Мыналар не балалар(ойыншықтар)неге ұқсайды?шар қандай болады?Балалар қарандаршы аю циркке өнер көрсетуге асығып барады.аюдың қолында не ?Кәне мен сендерге де берейін ұстап көріндер.Аю бөренелерді айналдырады.бұл балалар цилиндр. Оның бұрыштары жоқ сондықтан орнықты тұра алмайды.<br>2-тапсырма<br>Санандаршы неше цилиндр қайсысы артық ?<br>-Сары цилиндр нешінші тұр?<br>-Екінші цилиндрдің түсі қандай ?<br>-Кішкентай цилиндр нешінші тұр ?<br>Жіңішке цилиндр нешінші тұр ?<br>Жуан цилиндр нешінші тұр ?<br>Біздің топ бөлмесінде цилиндрге ұқсас заттар бар,соларты тауып алындар.<br><br>3-тапсырма «Неге ұқсады ?»<br>Доппен лақтырып ойнайды.<br>Ойын мақсаты:Балалардың естіу,көз алдына елестету ұқсата білу дағдыларын қалыптастыру.Пішіндер туралы білімдерін толықтыру әрі пысықтау.Мысалы:<br><br>Доп қандай ?<br>Есік қандай?<br>4-тапсырма «Танграм» ойыны | -<br>Ауди,мерс,ниссан,камыз, Волга т.б<br>-санайды.<br>-Шыршаларды тура және кері санап шағады.<br>-Ойыншықтар дөңгелек.<br>-Шарларға ұқсайды.<br>-Аюдың қолында ойыншықтар қолдарына алып ұстап көреді.<br><br>-цилиндрлерді рет-ретімен санап шығады. -Барлағы төрт цилиндр бар.<br>-Сары түсті цилиндр үшінші тұр.<br>-Қызыл түсті цилиндр тұр.<br>-Кішкентай цилиндр бірінші тұр.<br>-Жіңішке цилиндр бірінші тұр.<br>-Жуан цилиндр бесінші тұр.<br><br>Топта балалар цилиндрге ұқсас заттарды тауып әкеп қояды.<br>Кім көп тауып әкеледі.Сол бала сыйлығын алады.<br><br>- геометриалық пішіндерге ұқсайтынын атайды.балалар ұпай жинайды.<br>-Шапшаң айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Доп дөңгелек.<br>Есік тіктөртбұрыш.<br><br>Балалар жолаққа цилиндрлерді қояды.Санайды.<br>Кім жылдам сол қолын көтереді. |
| Рефлексия | Сабақты қортындылау.Бүгін сабақта жаңадан не үйре ндің-дер?.Қандай ойын ойнадық ? | Цилиндрді білдік,шарды Жолақпен жұмыс істедік.<br>«Неге ұқсайды»ойыны.<br> |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:**Қолдарымен сезе білу,1ден 10ға дейін санай білу.
**Түсінеді:**Куб,цилиндр,шаршыны білу.
**Қолданады**:суреттер,геометрикалық пішіндер,доп.

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті
**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»
**Тақырыбы:** Пысықтаушы логикалық жаттығулары
**Мақсаты:**10көлемдегі сандар,олардың реті.Сан құрайын ажыратудың әр түрлі тәсілдері;ақыл-ой белсенділігін күшейту,шапшандылыққа,дәлдікке тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер:** логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар «Коломбовое яицо»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | д/о«Есіңе сақта» | - карточка үлестіріледі,<br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-жауап беруге талпынады,<br>-орындайды.<br>-суреттегі бейнені |

| | | |
|---|---|---|
| | | естеріне сақтайды,<br>-суретті жабады,<br>-суретте не көргендерін айтады.<br>-ит,көбелек,құстың қауырсыны,<br>-кірпі, қарға,саңыраукұлақ, кәмпит, сәбіз,машина жауап береді |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | Гүл сыйқырлы .<br>Гүлге жету үшін тапсырмаларды орындауымыз керек.<br>Балалар гүлдің жапырақтарын санап шығайықшы.Түстерін атаңдаршы ?.Тапсырмаларды орындаймыз.<br>Балалар бір жылда неше мезгіл бар ?<br>Қазір қай мезгіл ?.<br>Көктемде неше ай бар ?<br>Көктем айындағы мерекелерді білесіңдер ма?<br>Ана суретті көрсетіледі.<br>Сегізінші наурыз мерекесіне арнап кім тақпақайтады ?<br>Сергіту сәті.<br>«Әрі қарай сана»<br>Аталған саннан берілген санға дейін санап,ары қарай допты береді.<br>3тен 7-ге дейін,<br>2ден6ға дейін.<br>«Өз орнынды тап» ойыны.<br>0-ден ,10-ға дейін жазылған сандар беріледі.<br>Реті бойынша тура және кері санайды.<br>Мысалы:3 санының | -Гүлге назар аударады --Әдемі гүл.<br>-Тапсырмаларды орындаймыз.<br><br>-жапырақтарын санап шығады.<br>-Түстерін атайды.<br>- тапсырмаларды қызыға орындайды.<br><br>-Бір жылда төрт мезгіл бар.<br>-Қазір көктем мезгілі.<br>-Көктемде үш ай бар.<br>Білеміз.<br>-Сегізінші наурыз,аналардың,қыздардың мейрамдары.<br>-Наурыз мерекесі.<br><br>Құтты болсын осы шаттық күніңіз.<br>Бақытты да өмір сүріңіз,<br>Қуанышты жүзіңізбен әрдайым<br>Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.<br><br>- ойнайды.<br><br>- сандарды мұқиат қарап алады.<br>-Сандарды атап санап |

| | | |
|---|---|---|
| | көршілері бір қадам алға.<br>«Коломбовое яицо» ойыны<br>Балалар аналарына ,әжелеріне сыйлық сыйылаймыз ба ?Гүл сыйлаймыз.<br>Гүл құрастыру. | шығады.<br><br>-4 саны және 5 саны бір қадам алға шығады.<br>Сыйлаймыз. |
| Рефлексия | Көрме ұйымдастыру.<br>Жарайсындар балалар. | Балаларда қуаныш. |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** сандарды ретімен орналастыра біледі,
**Түсінеді:** суреттерді есіне сақтап, айтып бере алады,
**Қолданады:** логикалық тапсырма, сызба ьапсырмалар, «Игровизор»

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті
**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»
**Тақырыбы:** «Бауырсақтың тапсырмалары»
**Мақсаты:** Балалардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін, белсенділігін, қиялдауын дамыту. Ертегі, ертегінің кейіпкерлері туралы білімдерін бекіту. Кейіпкерге көмектесу ықыласын қалыптастыру. Жануарлардың қимылдарын көрсету. Заттарды қолдану арқылы кейіпкерге көмектесу.
**Көрнекіліктер:** ойыншық, бауырсақ, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яицо» ойыны, «Игровизор»,

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | -Балалар бізге бүгін қонаққа ертегі кейіпкер келді. | Нан қоқымын шашпандар, |

| | | |
|---|---|---|
| | -Ол қандай ертегіден деп ойлайсыңдар.<br>- Бауырсақ (ойыншық) келіп балалардан өзі туралы сұрайды.<br> | Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар. |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | Бауырсақ<br>- Мен қандай ертегіден келдім?<br>-Ертегіде менімен не болды?<br>-Балалар сендер дұрыс айтасыңдар тамаша.<br>-Балалар бауырсақты түлкі неге жеп қойды?<br>-Мақтану жақсы ма,жаман ба?<br>-Бауырсақтың шал мен кемпірден  кетіпқалғаны жақсы болды ма?Неге?<br>-Бауырсақтың аңдардан кетіп қалғаны несімен жақсы?Оның жаманы деде?<br>-Балалар ,жарайсыңдар сендері мақтан тұтамын!<br>-Балалар қалай ойлайсыңдар бүгін бізге буырсақ неге келді?<br>-Бауырсақ :<br>-Балалар мені түлкіден құтқарыңдаршы<br>Бауырсақты түлкіден аман алып қалу үшін не істеу  екрекпіз?<br>-Кім бауырсаққа көмектеседі?<br>Бауырсаққа қандай заттар көмектесе алады?<br>Балалар біз бауырсаққа қалай көмектесе аламыз?<br>Ертегіні қалай өзгерте аламыз?<br>Осындай ақылды балалар болғанына өте қуаныштымын<br>- Балалар бауырсақ сендерге қызық жұмбақтар дайындапты, шешіп көреміз бе?<br>Тораулдыап ауылды,<br> Қыс бойына жатады, | -Бауырсақ ертегісінен келдің?<br>-Шал мен кепірден қашып кеттің.<br>-Сені түлкі жеп қойды.<br>Мақтанды, кемпір мен шалдан кетіп қалды, аңдардан қашып кетті.<br>Мақтанарлық іс жасасан, мақтануға болады. Орынсыз мақтанған дұрыс емес.<br>Кетсе де, кетпесе де, шал мен кепір бауырсақты жеп қояр<br>Мүмкін аңдар бауырсақты алдын ала қауіптен сақтандыра алар еді, оны үйіне қайтарар еді, мақтану жақсы емес екенін айтар еді.<br>- Көмек сұрауға<br>- Тығылып қалу.<br>- Қашып кету.<br>- Жолдан бұрылып кету. |

| | | |
|---|---|---|
| | Тісі десең тісі бар,<br>Тәтті ұйқыға батады,<br>Түнде жортар ісі бар.<br>(аю, қасқыр)<br><br>Қалқиған ұзын құлағы,<br>Сайқымазақ қулығы бар,<br>Елендеп қорқып тұрады,<br>Барған жерде ұрлығы бар.<br>(қоян, түлкі)<br><br>«Коломбовое яицо» ойыны<br><br><br>Балалар бауырсақпен кездескен аңдардың кезегін анықтайды<br>- Бірінші бауырсаққа не кездесті?<br>- Ең соңында нені кездестірді?<br>- Бауырсақ түлкінің алдында нені жолықтырды?<br>- Қояннан кейін нені?<br>- Бауырсаққа кездескен аңдардың арасындағы ең мықтысы?<br>- Тағы қандай күшті аңды бауырсақ кездестерді?<br>Қайсысы күштірек:<br>- Аю ма, әлде қасқыр ма?<br>-Қасқыр ма,түлкі ме?<br>Ең әлсізі, айлакері қайсысы?<br>- Балалар жарайсыңдар, дәл таптыңдар! | - Үлкен қылып пісіру.<br>Аңдар, шал мен кемпір, балалар.<br>Ағаштар, жапырақтар.<br>Тығылып қалуды, ағашқа мініп кетуді, жапырақ астына жасырынуды ұсынамыз.<br>Ертегінің сюжетін өзгерту<br><br><br>Бауырсақты түлкімен кездестірмеу.<br>Шал мен кемпірдің оны үйге қайтарып әкелу.<br>Аңдардың бауырсаққа қамқор болулары.<br>Мейірімді түлкіні кездестіруі<br>Иә, шешіп көрейік.<br>- Аю.<br>- Қасқыр.<br>- Қоян.<br>- Түлкі.<br>- Бірінші болып кездескен қоян.<br>- Ең соңында түлкіні кездестірді.<br>- Түлкінің алдында аюды жолықтырды.<br>- Қояннан кейін қасқырды.<br>- Ең мықтысы аю. |

| | | |
|---|---|---|
| | | - Қасқырды.<br>- Аю.<br><br>-қасқыр<br>- Әлсізі қоян, айлакері түлкі |
| Рефлексия | - Бауырсақ туралы әнді еске түсіріп, ән айтайықшы?<br>"Бауырсақ кімді кездестірді" ойыны (жануарлардың қимылдарымен әрекеттерін келтіру)<br>"Бауырсақ ертегісіне қойылым жасау".<br><br>Балалар арасынан кейіпкерлерін таңдап алу: шал мен кемпір, аю, қасқыр, қоян, түлкі, бауырсақ. | «Менің атым Бауырсақ, Бауырсақ! Қаймаққа иленгем, майға пісірілгем, терезеде суығам. Ұстатпай кеттім Атама, ұстатпай кеттім Әжеме. Ұстатпай кеттім Қоян менен Қасқырға. Ұстатпай кеттім Аюға, ұстатпаймын саған мүлде де!»<br>Балалар жануарлардың қимыл әрекеттерін келтіреді.<br>Балалар шағын қойылым жасайды. |

**Күтілетін нәтижелер:**
**Біледі:** Ертегі мазмұны мен оның кейіпкерлерімен, орман жануарларын айта алады,
**Түсінеді:** сенімді қарым-қатынас құра біледі,
**Қолданады:** логикалық тапсырма,жұмбақтар, «Коломбовое яицо»ойыны, «Игровизор»,

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Логикалық жаттығулардың сиқыры»

**Мақсаты:** кеңістікте бағдарлай алуға , зейіндерін,қиялдарын логикалық тапсырмалар арқылы арттыру,белсенділікке,тапқырлыққа үйрету.

**Көрнекіліктер:** сызба тапсырмалар, логикалық тапсырма, «Танграм» ойыны, «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Мультфильмнің кейіпкерлері қонақта | -қызыға қарайды,<br>-қуанады |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | 1-тапсырма«Жұбын тап»<br>Тақтада ертегі кейіпкерлерінің суреті әр жерге ілінген. | -Жұбын тап ойынының шартын қабылдайды, |

| | | |
|---|---|---|
| | 2-тапсырма:<br>Балалар қарандаршы балақай мен карлсон далаға шығуға дайындалады.Олар өздерімен бірге нені алу керек ?<br>Балақай шаңғы тебуді ұйғарды.<br><br>3-тапсырма:<br>«Жұп заттарды табындар»дидактикалық ойыны.<br>Балаларға қандай заттардың жұпсыз болуы мүмкін емес екендігін көрсету.<br>Киімдер мен аяқ киімдер бейнеленген суреттерді көрсетеді.<br>д/о:«үшінші артық».<br>Шеңберді айналдыра қайық қойылған екі баладан отыру керек.Музыка әуенімен жүреді.<br>4-тапсырма<br>«Тангарм»ойыны | -кейіпкерлердің өте көп екенін алайда олардың шатасып кететіндерін айтады<br>-алдаркөсе,<br>-Мақта қыз,<br>-Қызыл телпек,<br>-түлкі мен тырна<br>- бір мультфильмнің Екі кейіпкерін тауып,оларды жұптастырып қоюлары тиіс.<br>-Неше жұп болғаның,қайсысы жұпсыз екендігін анықтайды.<br>-шартын қабылдайды,<br>-ойлайды,<br>-талпынады.<br>-Оларға таңдауға көмектеседі.<br>-Спорт құрал-жабдықтарын қарап тандап алады.<br>Балақайға шаңғы таңдап береді.<br>Ойын шарты бойынша балалар ойнайды.<br>- жұпсыз болмайтын заттарды атайды:шұлық,аяқ киім,қолғап.<br>-Оларды неліктен жұпсыз болмайтындығын түсіндіреді.<br>- ойынның шартын қабылдайды.<br>Кім жұпсыз қалса,сол «үшінші артық бала»ойыннан шығады.<br>- ойынның шартын қабылдайды, |

| | | |
|---|---|---|
| | | -қуанады,<br>-ойлайды,<br>-пішіндерді атайды. |
| Рефлексия | Карлсон мен балақай бізді  неге үйретті. | Карлсон мен балақайдан үйренгендерін айтады. |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** жұп, жұптасу ұғымын  айта біледі,
**Түсінеді:**кеңістікті бағдарлай  алады,
**Қолданады:**Сызба тапсырмалар, логикалық тапсырма, «Игровизор»

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті
**Вариативтік  компонент**:  «Логикалық ойындар»
**Тақырыбы:** «пішіндер  тапсырмалары»
**Мақсаты:**Сан мен санды,сан мен өрнекті салыстыру жолдары,есептер шығару,сандар туралы білімдерін жетілдіру,логикалық есептерді шығару дағдыларын жетілдіру.
**Көрнекіліктер:**  сызба тапсырмалар,  логикалық тапсырмалар, «Игровизор»,

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Д/о:«Көңілді шеңбер» Балалардың бірнешеуіне әртүрлі заттарды қыстыру,(гүл,орамал,бантик, көзілдірік)не өзгерді? көздерін ашқанда не | - шеңбер жасап отырады,<br>-бір-біріне мұқият қарайды,<br>-көздерін жұмады.<br>-орындайды |

| | | |
|---|---|---|
| | өзгергенін айтады. | |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | 1-тапсырма:<br><br>«Монгол» ойыны<br><br><br>2-тапсырма<br>Ойыншықтар санын салыстыру. Шелекпен доптың,ойыншық атпен түйенің, өзіндік жұмыста геометриялық фигуралардың санын анықтап,тиісті таңбаларды қою.<br><br><br><br>3-тапсырма «Анықта»<br>Геометриалық фигуралардың санына ,түсіне қарап,қалтқының екінші басына геометриалық фигураның суретін салып,сан мен өрнекті,өрнекпен өрнекті салыстырады.<br><br><br><br>3-тапсырма «Коломбовое яицо» | - ойынның шартын қабылдайды,<br>-қуынады,<br>-ойлайды,<br>-талпынады,<br>-орындайды.<br><br>- үлкен және кіші деген таңба қояды.<br><br>-Қуаршақ артық ,<br><br>-машина кем айтады.<br><br>Үлестірмелі карточкалармен жұмыс жасайды.<br><br>-Ойыншықтардың санына байланысты артық кем таңбаларың қояды.<br><br>-шартын қабылдайды,<br>-талпынады,<br>-ойлайлы,<br>-пішіндерді қарайды.<br><br><br>-шартын қабылдайды.<br>-модульдардан құрастырады,<br>-олардың түстерін ажыратады - қызықты бейне жасайды. |
| Рефлексия | Балалар, орындаған тапсырмаларды есімізге түсірейікші, «Көңілді шеңбер» ойыны, қандай тапсырмалар сендерге қызықты болды? | Сұрақтарға жауап береді |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** санай біледі, түстерін ажырата біледі,
**Түсінеді:** таңбаларды ажырата біледі,
**Қолданады:** логикалық тапсырмалар,сызба тапсырмалар, «Коломбовое яицо», «Монгол»ойыны.

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** Қызықты тапсырмалар

**Мақсаты:** заттарды салыстыра білу ұғымын бекіту.Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

**Көрнекіліктер:** логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, «Коломбовое яицо», «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Үй құсы «Қаз» келеді.  | -қуанады,<br>-амандасады,<br>-қарсы алады. |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушылық ізденіс | 1-тапсырма<br>Балалар  біз бүгін үй құстарың есімізге түсіреміз Тақтада үй құстары ілініп тұрады.Үй құстарын біз не үшін ұстаймыз.Үй құстарына қандай көмек көрсету керек  ?<br>2-тапсырма<br>Онда үй құстарын санап шық<br>Балалар бізде бір тауық бар тағы тауық келіп қосылды неше тауық болды ?<br><br>3-«Монгол» ойыны<br><br>3-тапсырма «Коломбовое яицо»,<br>ойыны.<br>Пішіндерден үлгі бойынша қаздың  бейнесін құрастырады.<br>Қаз: Балалар, менің тапсырмамды орындап бердіңдер рахмет!<br>4-тапсырма<br>«Қалт етпей қағып ал,жауабын тауып ал»ойыны. | - үй құстарын атап шығады.<br>-Үй құстары ауылда мекендейді,<br>-Олардан жұмартқа аламыз.<br>-Балапандары болады.<br>-Үй құстарына су құю керек,<br>-тамақ беру крек.<br>-Оларды күту керек.<br><br>-үй құстарын санап шығады.<br>-Тауықтарды санайды.<br>-Бірдей болды.<br>-Тең болады.<br>-тең таңбасын бастыра жазады.<br>2-тапсырманың<br>-шартын қабылдайды,<br>-ойланады.<br>- тең болып екі командаға бөлінеді,<br>- 2жаққа бөлініп тұрады да допты кезек –кезек бір-біріне лақтырады.<br>-Лақтырылған жақтын баласы мысал айтады,<br>-қағып алған жақтың баласы лезде жауабын айтып оны қайтарады.<br>-пішіндерден үлгі бойынша қаздың бейнесін құрастырады.<br>-Қазбен қоштасады |
| Рефлексия | | |

**Күтілетін нәтиеже:**

**Біледі:** үй құстарын  атайды  алады, ретімен  санай алады,
**Түсінеді:**  заттарды салыстыра біледі,
**Қолданады:** логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, «Игровизор»

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Тапқыр болсаң,тауып көр»

**Мақсаты:** қиялдарын дамыту.ойын тапсырмаларға деген қызығушылықтарын дамыту

**Көрнекіліктер:** логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, «Коломбовое яицо» ойыны, «Игровизор»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
| --- | --- | --- |

| | | |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | -Алдар Көсенің келуі.<br> | -қуанады,<br>-амандасады,<br>-қарсы алады |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | 1-тапсырма Алдаркөсе бізге мынандай санмақ әкеліпті.<br>Бөрік тіктім.<br>Он ойланып,<br>Тоғыз толғанып,<br>Сегіз рет сызып,<br>Жеті рет бұзып,<br>Алты рет қарап,<br>Бес рет санап,<br>Төрт түйме қадам,<br>Үш тал үкі тағып.<br>Екі қолым талып,<br>Бір бөрік тіртім,<br>Әзір деп біттім.<br><br>2-тапсырма<br><br>«Танграм» ойыны<br><br>3-тапсырма<br>«Адасқан цифрлар» Алдар Көсе 2,4,6,5 цифрларды тақтаға іледі,балалар жетпей тұрған санды атайды.<br>Алдар Көсенің қабы бар екен. ішінде геометриалық пішіндер бар соларды қарамай қолдарымен сыйпап алып шығу керек.<br><br><br><br>д/о: «Дабыл соғу».<br>Жаттығудың мазмұны. дабыл соғады немесе столды | -ойланады,<br>-жауап береді.<br><br><br>-өздері білетін санамақтарын айтып береді.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>- шарты қабылдайды,<br>-жоқ цифрларды атап орындарына қояды.<br>- геометриялық пішіндерді сыйпап қолмен сезу арқылы қандай пішін екенін айтады.<br><br>- ойын шарты бойынша ойнайды.<br>-дабыл соғылғанда неше рет дыбыс естігендерін сан арқылы табады.<br>-неше соққы болғанын іштерінен санап, карточкаларына жазады.<br>- берілген тапсырманы орындайды.<br>- тапсырманы қабылдайды,<br>-ойланады, |

| | | |
|---|---|---|
| | тақылдатады.<br><br>4-тапсырма «Коломбовое яицо» ойыны<br><br><br>Алдар Көсе көп рахмет айтып қоштасады. | -үлгідегі пішіндерді атайды,<br><br>-ойланады,<br>-орындайды.<br><br><br>-Алдаркөсемен қоштасады. |
| Рефлексия | Балалар, бүгін бізге кім тапсырмаларымен қонаққа келді.Сендер қандай тапсырмаларды орындадыңдар. Өзіңе ұнаған тапсырманы айтып бер. | -шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-жауап береді. |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** адасқан сандарды ретімен орналастыра алады,
**Түсінеді:** ойын тапсырмаларын естеріне сақтап орындау керектігін,
**Қолданады:** логикалық тапсырма, сызба тапсырма, «Игровизор» қолдана біледі,

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті
**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»
**Тақырыбы**: «Қызықты математика»
**Мақсаты:** қиялдарын дамыту,ойын тапсырмаларға деген қызығушылықтарын дамыту
**Көрнекіліктер:** сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Коломбовое яицо»

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Мотивациялық-<br>қозғаушылық | Түлкі кіріп келеді<br><br>аң патшасы арыстан орман<br>мектебін ашпақшы.<br>Кімде кім менің берген<br>тапсырмаларымды орындай<br>алса,<br>мектепке қабылдаймын депті.<br>Бірақ мен мына<br>тапсырмаларды<br>орындай алмай сіздерден<br>көмек сұрап келіп тұрмын. | -қуанады,<br>-амандасады,<br>-қарсы алады<br> |
| Ұйымдастырушылық<br>ізденіс | <br>1 - тапсырма: 1 - ден 5 - ке<br>дейін тура ж/е кері санау<br>санамақ айту.<br><br>2 - Тапсырма: Логикалық<br>есептеу:<br>Табақта 5 алма<br>Алды біреуін Алима<br>Алды біреуін Салима<br>Табақта қалды неше алма?<br><br>Екі қоянның неше құлағы бар?<br><br>Неше құйрығы бар?<br><br>Қорада тұр 2 балапан<br>Далада жүр 3 балапан<br>Барлығы неше балапан?<br><br>3-тапсырма:<br><br>«Коломбовое яицо» ойыны<br><br>5-тапсырма : Әр тор көзде<br>неше заттан бар сызып<br>көрсетіп санын жаз,боя. | -көмек беруге дайын<br>екендерін айтады<br><br>-санамақтар айтады<br><br>-табақта 3 алма<br><br>-4 құлағы бар<br><br>-2құйрығы бар<br><br>-барлығы 5 балапан |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>«Танграм» ойыны<br>Жарайсыңдар балалар.<br>Ал енді көзімізді жұмып зымыранға мініп бала бақшаға қайтайық.<br><br>Аң патшасы Арыстан сені мектепке қабылдайды. Оң жол тілейміз. | -сызып көрсетеді<br>-бояйды<br>-<br>- қоштасады |
| Рефлексия | Бүгін бізге кім қонаққа келді? Қандай тапсырмаларын орындадық? | Балалардың жауаптары |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** сандар арқылы санамақты айта алады,
**Түсінеді:** аң патшасы хайуанаттар бағында тұратынын біледі
**Қолданады:** геометриялық пішіндер, сызба тапсырмалар, «Игровизор»

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

Тақырыбы: «сандықтағы қызықты тапсырмалар»

Мақсаты: логикалық ойындар мен шытырман жолдарды пайдалану арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. Балалардың тәулік мезгілдерін, апта күндерінің жыл айларының реті туралы білімін бекіту.

Көрнекілігі: логикалық тапсырмалар, «Кломбовое» яицо

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
| --- | --- | --- |

| | | |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Есік тарсылдатып сандық пен кілтті есіктен береді.<br><br><br>(кілттің артындағы тапсырманы тәрбиеші оқып отырып, ханшайымнан келгенің түсіндіреді) | -қуанады |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | 1- ші тапсырма. Сұрақтарға тез жауап бер<br>• Бір жылда неше ай бар?<br>• Қазір жылдың қандай мезгілі?<br>• Көктемнен кейін қандай мезгіл?<br>• Көктемнің алдында ше?<br>• Жаздан кейін қандай мезгіл?<br>• Бір аптада неше күн бар?<br>• Бүгін аптаның қай күні?<br>• Кеше қай күн болды?<br>• Ертен ше?<br><br>2 – ші тапсырма.<br>Коломбовое яицо | -12 ай бар<br>-көктем<br>-жаз<br>-қыс<br>-күз<br>-7 күн<br>-сәрсенбі<br>-сейсенбі<br>-бейсенбі<br>-есептерді шығарады<br>-тапсырмаларды орындайды |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>6 – шы тапсырма. «Теңестіру»<br><table><tr><td>7</td><td></td><td>10</td></tr><tr><td>5</td><td></td><td>8</td></tr><tr><td>12</td><td></td><td>15</td></tr></table><br>7 – ші тапсырма. Дениш блокпен жұмыс жасайды<br><br>8 – ші тапсырма. «Кім ойлампаз» шеңбер. (сұрақтарға тез жауап бер)<ul><li>Үш тышқанда неше құлақ?</li><li>Сағат көп пе? Минут көп пе?</li><li>Арқан жуан болса, ал жіп?</li><li>Стол биік болса, ал орындық?</li><li>Сызғыш ұзын қарындаштан, ал қарындаш?</li><li>Аспанда жұлдыз нешеу?</li></ul>Ханшайымның тапсырмаларын орындадық</td>
<td>-6 құлақ<br><br>-сағат көп<br><br>-жіңішке<br><br>-аласа<br><br>-қысқа<br><br><br>-көп</td>
</tr>
<tr>
<td>Рефлексия</td>
<td>Бізге тапсырмаларды кім беріп жіберген?Қандай тапсырмаларын орындадық?</td>
<td>Балалардың жауаптары</td>
</tr>
</table>

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** апта күндерін ретімен атай алады,
**Түсінеді:** шытырман жолдарды пайдаланып, естерінде сақтай алады,
**Қолданады:** логиалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, «Игровизор»

Мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті

**Вариативтік компонент**: «Логикалық ойындар»

**Тақырыбы:** «Не білдім,не үйрендім»

**Мақсаты:**Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау,есептеу дағдыларын жаттықтыру,геометриалық пішіндер және геометриалық денелер туралы білімдерін бекіту,баланың тілін ойын танымдық қабілетін дамыту.

**Көрнекіліктер:**геометриялық пішіндер, суреттер,сызбатапсырмалар, «Танграм», «Коломбовое яицо»,«Игровизор»,

| Іс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Жасыл оранып далалар,<br>Ән салады бұлбұлдар.<br>Күледі біздің балалар,<br>Ызыңдайды аралар.<br>Ойнайды найзағай,<br>Айтыңдаршы,<br>Бұл қай ай ? жұмбақты шешуге белсенділік танытсаңдар, бір кейіпкер  пайда болады.<br> | қуанады,<br>-амандасады,<br>-қарсы алады<br><br>-мамыр |
| Ұйымдастырушылық ізденіс | 1-тапсырма<br>Мамыр айы көктемнің нешінші айы?<br>-Көктемнің бірінші айын,екінші айын ата.<br>-Сәуір айынын кейін қандай ай келеді ?<br>Көктемнен кейін қандай мезгіл ?<br>1- тапсырма сандарды цифрмен жазу.<br>2-тапсырма Берілген сандарға көршілес сандарды орналастыр<br>«Коломбовое яицо»<br>***ойыны*** <br><br>Санау таяқшалармен жұмыс.<br>Бес алманың біреуін<br>Досың сұрап алады.<br>Айтшы,сонда нешеуі<br>Өз қолында қалады.<br><br>Жаңа ғана шалғында | -Бұл көктемнің үшінші айы.<br><br>Наурыз,сәуір.<br><br>-Мамыр<br><br>-Жаз мезгілі.<br>-Атылған сандарды цифрмен жазады.<br>-Көршілес сандарды ата<br><br>-шартты қабылдайды,<br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-орындайды |

| | | |
|---|---|---|
| | Төрт бұзау жүр еді,<br>Әлде шаршап қалды ма,<br>жатып қалды біреуі.<br>Нешеуі енді жайылып,<br>Жүргенін айт айырып.<br>3-тапсырма<br>Әже 2кесе шұбат құйды..марат жүгіріп келіп,1кесе шұбаты ішіп қойды. Неше кесе шұбат қалды ?<br><br>Бөлменің әр жерінде геометриялық денелер,заттар немесе ойыншықтар қойылған.<br>«Танграм» ойыны<br>4-тапсырма<br>«Қай вагонға мінемін»ойыны<br>Қажет материалалдар тепловозға нөмерленген тіркелген сан өрнектері жазылған карточкалар.<br>«Коломбовое яицо»ойыны<br><br>Үш тор көз оңға,<br>Екі тор көз төмен,<br>Жеті тор көз оңға,<br>Бір тор көз оңға,<br>Үш тор көз жоғары,<br>Бес тор көз төмен.<br>Жыл атасы сендерге кілт сыйлайды.Бұл жай кілт емес ,бұл білім кілті.сендер алған білімдеріңді мектепте жалғастырасыңдар.<br>Жолдарын болсын ! | -Таяқшамен есептейді.<br>-Төрт алма қалады.<br><br>-Бес бұзау.<br><br>1 кесе<br><br>- бөлменің кез келген жеріне барып тұрады.ол өзінің орны туралы алдында ,артында,оң жағынндп ,сол жағында жақында ,алыста не тұрғанын түсіндіреді.<br>Карточкалар 1+4,9-4,2+3,10-5 т.сс<br><br>-ойланады,<br>-талпынады,<br>-орындайды<br><br>Сау болыңыз жыл атасы.Рахмет сізге.қоштасады. |
| Рефлексия | Қортынды. | Сабақты қорытады. |

**Күтілетін нәтиеже:**
**Біледі:** 10дейін тура,кері санай, қойылған сұрақтарға толық жауап бере біледі
**Түсінеді:** логикалық тапсырмаларды таяқшалар арқылы орындай алады,
**Қолданады:** сызба тапсырмалар, пішіндер, «Игровизор»

**БЕКІТЕМІН:**
**ЖШС «Er-Asul» «Бал Бұлақ» балабақшасының**
**Меңгерушісі : Серікова Ж.М**

## Түсіндірме хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады. Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу: -баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына); -логикалық ойлау қабілетіне; -саусақ моторикасының дамуына; -қағаз бетіне бағдарлай білуді; -көзбен көріп, мөлшерлей білуді; -эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді. Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз, боямасыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық жұмысымның арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуды, мүсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, щығармашылыққа жетелейді. Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту. Ерте кезде-ақ философтар шығармашылық феноменды аңғаруға және адам дамуына ықпалы қаншалықты екенін анықтауға ұмтылды (Платон, Аристотель, Ф. Аквинский, И.Кант). Орыс философиясында шығармашылық зор түсініктердің бірі екендігін мойындайды (В.С.Соловьев, В.Н.Лосский, И.А.Беряев ). Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеді қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу қажет. Өнер қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді.

«Өнерлі екен он саусақ» үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

**Мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

**Міндеттері:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру. Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту. Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету. Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:** Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды. Шығармашылық қабілеттері шыңдалады. Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.

**«Өнерлі екен он саусақ» вариативтік компоненттің перскативалық жоспары.**

| р/с | Тақырыбы | Бағдарламалық мазмұны | Қолданылатын көрнекіліктер | Сағат саны |
|---|---|---|---|---|
| **1** | Ұшақтар бүктеу | Қағаздың түрлерімен таныстыру, қағаздан бүктеу әдісін түсіндіріп, дайындау. | Ұшақтың суреті салынған плакаттар, қағаздар, түрлі түсті бояулар | 1 |
| **2** | Аққулар қол еңбегі | Қағаздың түрлерімен таныстыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. | Аққудың суреті, картон қағаз, қайшы, желім, түрлі-түсті бояулар | 1 |
| **3** | Сиыр сурет салу | Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйрету, жаттықтыру | Сиырдың суреті, түрлі-түсті бояулар, ақ қағаз | 1 |
| **4** | Паровоз мүсіндеу | Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс – тәсілдерін түсіндіру. | Сиырдың суреті, түрлі-түсті бояулар, ақ қағаз | 1 |
| **5** | Әтеш пен бақа жапсыру | Балаларға түрлі - түсті қағаздарды таныстыра отырып, үлгілерін бастырып қию. Қағазбен жұмыс жасау іскерлік дағдыларын қалыптастыру. | Желім, қайшы, қағаздар, үлгілер, траферат | 1 |
| **6** | Алтын балық қол еңбегі | Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, дайын болған жұмыстарын әшекейлеуге үйрету. | Балық туралы үлкен суреттер, (тамақ үстінде, қыдырып жүрген) | 1 |
| **7** | Қайық бүктеу | Бүктеп жасай білуге үйрету. Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру | Қағаз, қайықтың суреті | 1 |
| **8** | Қашқаргүл (астра) мүсіндеу | Балаларды гүлдермен таныстыруды жалғастыру. Мүсіндеу | Қашқаргүлдің суреті, ермексаз | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | арқылы балалардың қол икемділіктерін арттыру. | | |
| **9** | Арыстан жапсыру | Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін бастырып жапсыру. | Сюжетті сурет, түрлі түсті қағаздар, желім, қайшы | 1 |
| **10** | Аққала қол еңбегі | Өз қолымен бұйым жасауға қызығушылығын арттыру. | Қиып алынған бөлшектерді әдемі орналастырып бекіту. тақырыптық суреттер | 1 |
| **11** | Үйрек мүсіндеу | Тұзды қамырды ұқыпты пайдалану. Қол икемділіктерін арттыру. | Тақырыптық суреттер | 1 |
| **12** | Түймедақ бүктеу | Бүктеу әдіс - тәсілдерді түсіндіру. | Тақырыптық суреттер | 1 |
| **13** | Қысқы киім . қол еңбегі | Матаның сапасымен, тігіншілер еңбегімен таныстырып, еңбек туралы мақал - мәтелдер жаттату | Қысқы киімдердің суреттері, әртүрлі мата, қайшы, желім. | 1 |
| **14** | Тасбақаның суретін салып үйренеміз сурет салу | Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу. | Тақырыптық суреттер | 1 |
| **15** | Досыма сыйлық мүсіндеу | Мүсіндеу барысында шағын көлемді кесек есу әдіс - тәсілдерін көрсету. | Сюжетті сурет, ермексаз. | 1 |
| **16** | Қалампыр қол еңбегі | Қағазбен әртүрлі жұмыс дағдыларын жетілдіру. | Қалампыр гүлінің суреті. Түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім. | 1 |
| **17** | Тату жанұя (мүсіндеу) | Балаларға отбасы туралы әңгімелер оқып беріп, тақпақтар, нақыл сөздер жаттау. Отбасы туралы мүсіндеу. | Сюжетті суреттер | 1 |
| **18** | Қоңырау гүл сурет | Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға үйретіп жаттықтыру. | Қоңыраугүл салынған суреттер | 1 |
| **19** | Қояндар бүктеу. | Түрлі бүктеу әдіс - тәсілдерін үйрету. | Қоянның суреті, түрлі түсті қағаздар | 1 |
| **20** | Молшылық, | Түрлі материалдармен | «Күз» туралы | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | береке түрлі материалдар | жұмыс жасауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру. | суреттер | |
| **21** | Бақа бүктеу | Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу. | Тақырыптық суреттер | 1 |
| **22** | Қаздың балапаны қол еңбегі | Балаларды ине - жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру. | Әңгіме желісі бойынша суреттер | 1 |
| **23** | Бақ - бақ қол еңбегі | Балалардың ынта - ықыласын арттыру, көтеріңкі көңіл - күй туындату. | Тақырыптық суреттер | 1 |
| **24** | Балықтар. мүсіндеу | Саусақ икемділіктерін әрі қарай жаттықтыру. Түрлі пішіндерді мүсіндеу. | Сюжетті суреттер | 1 |
| **25** | Анамызға сыйлық (қол еңбегі) | Түсті қағаздардан гүл құрастыру. Аналарына сыйлық дайындау. | Тақырыптық суреттер | 1 |
| **26** | Гүлдер әлемі сурет | Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу | Сюжетті суреттер, бояулар, ақ қағаз. | 1 |
| **27** | Орманда қол еңбегі | Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салғызуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу. | Сюжетті суреттер | 1 |
| **28** | Көлде жүзген аққу мүсіндеу | Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру. | Тақырыптық суреттер | 1 |
| **29** | Қайықша. бүктеу | Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу | Қайықшаның суреті | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | тәсілдерін жасауға жаттықтыру. | | |
| **30** | Қонжық (қол еңбегі) | Аюдың аюдың баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. | Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту. Қонжықтың суреті | 1 |
| **31** | «Алқаптағы гүлдер» жапсыру | «Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсырмалау | Алқаптағы гүлдердің суреттері | 1 |
| **32** | Құстар (сурет салу) | Балаларға «Құстар» туралы ертегі оқып беру. | Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. | 1 |
| **33** | Жаңбыр (саусақпен сурет салу) | Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. Жаңбырдың суретін саусақ арқылы салу. | Көрнекі суреттер | 1 |
| **34** | Шалғын шөптер (жапсыру) | Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру. | Сюжетті суреттер | 1 |
| **35** | Жайлауда (қол еңбегі) | Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әртүрлі | Сюжетті суреттер | 1 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | заттардан бейнелеп жасау. | | |
| **36** | Көрме ұйымдастыру | Ата-аналармен көрме ұйымдастыру | | 1 |
| **Барлығы** | | | | 36 |

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Ұшақ

**Мақсаты:** Балаларға ұшақ туралы әңгімелей отырып, «Ұшақ» туралы тақпақ жаттату. Ұшақтың бейнесін қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасауға үйрету.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, жұмбақ, түсіндіру, бекіту.

Сөздік жұмыс: ұшақ

Көрнекіліктер: ұшақтың суреті салынған плакаттар, қағаздар, түрлі түсті бояулар

Іс-әрекет кезеңдері Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу. Балалардың қызығушылығы оянады.

Ұйымдастырушылық-

ізденістік

Шаттық шеңбері:

Аспан түрді түндігін

Жерге сәуле жайылды.

Неткен ашық күн бүгін,

Қайырлы таң, қайырлы!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау.

Жұмбақ: Ақ сұңқар құсым келеді.

Жолына бояу жағып келеді. (Ұшақ)

-Қандай көлік түрлерін білесіңдер?

- Балалар сендер ұшаққа отырып көрдіңдер ме?

-Ұшақ қандай көлік түрлеріне жатады?

Балалар көлік бара алмайтын жерге Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Балалардың жауаптары тыңдалады. Жұмыстың

ұшақ барады. Алыс айшылық жерлерге жылдам уақытта ұшақ ұшып барады. Балалар бүгін біз ұшақтың бейнесін қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасаймыз. Сергіту сәті:

Инелік-ау, инелік,

Инелікке тимелік,

Тік ұшақты жасадық,

Иналіктен үйреніп.

Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін. орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.

Іс-әрекетті қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру. Салған суреттеріне қызыға қарайды..

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу ретін білу керек;

Нені игерді: композиция құра білуге дағдылану;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Аққулар

**Мақсаты:** Балаларға «Аққу» құсымен таныстырып, тақпақтар жаттату. Аққудың бейнесін картон қағазға ұсақ қағаздардан желімдеу арқылы жасау.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Сөздік жұмыс: аққу.

Көрнекіліктер: Аққудың суреті.

Іс-әрекет кезеңдері Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу. Балалардың қызығушылығы оянады.

Ұйымдастырушылық-

ізденістік

Шаттық шеңбері:

Аспан түрді түндігін

Жерге сәуле жайылды.

Неткен ашық күн бүгін,

Қайырлы таң, қайырлы!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау.

Жұмбақ: Садақша мойнын иілтіп,

Көрген жанды сүйінтіп,

Жүзгенде көлдің сәні өзі,

Судағы құстың нәні өзі.

Жердегі құстың серкесі;

Көктегі құстың еркесі. (Аққу)

-Қандай құстың түрлерін білесіңдер?

-Аққу қандай құсқа жатады?

Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Шешуін табу есте сақтау.

Іс-әрекетті қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру. Салған суреттеріне қызыға қарайды..

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу ретін білу керек;

Нені игерді: композиция құра білуге дағдылану;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Сиыр
**Мақсаты**: Балаларға сиыр және оның адам өміріндегі пайдасы туралы әңгімелеп, тақпақ жаттату. Сиырдың суретін қарап салу. Балаларды көргенін өз беттерімен суреттеуге үйрету.
**Әдіс – тәсілдер:**Түсіндіру, көрсету, бекіту.
**Сөздік жұмыс**: Төрт түлік мал, ірі – қара мал.
**Қолданатын көрнекі құралдар:** Сиырдың суреті, түрлі – түсті бояулар мен ақ қағаз.

| **Іс-әрекет кезеңдері:** | **Педагогтің іс-әрекеті:** | **Балалардың іс-әрекеті.** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Балалардың назарын тақтадағы суретке аудару. | |
| **Ұйымдастырушылық кезеңі** | **Шаттық шеңбері**<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты.<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін.<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Балаларға төрт түлік малдың өзіне тән ерекшеліктерін айтады. Соның ішінде ірі қара малдың бірі сиырды таныстырады. Сиыр өте момын және адамдарға пайдасы өте көп. Сиырдың сүтін ішеміз, етін жейміз, қаймағы мен майын жейміз. Терісінен былғары аяқ киімде, қыстық жылы киімдер тігіледі. Балалар жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтейін. Мұқият | Балалар қимыл іс – әрекетпен орындайды.<br><br>Балалар жауап береді.<br><br>Балалар назар аударып тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | тыңдаңдар!<br>1.Ақ қағазға сиырдың бейнесін жай қарындашпен саламыз.<br>2.Салған суретті акварель бояумен баяймыз.<br>3.Жұмысты таза орындап, аяқтаймыз.<br>4.Жұмыс орнын жинаймыз.<br>Ал балалар сендерге сәттілік тілеймін!<br>Сиырдың бейнесін тақтадағы суретке қарап ақ қағазға бейнесін саламыз.<br><br>**Сергіту сәті**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолды белге қояйық.<br>Бір отырып,<br>Бір тұрып.<br>Сәл тынығып алайық. | Балалар қызығып орындайды.<br><br>Балалар қимыл іс – әрекетпен орындайды |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Балалар салған суреттерін көрмеге іледі. Балалардан сиырдың қасиетін сұрайды.<br>Сиырдың пайдасын сұрайды. | Балалар жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** Төрт түлік малдың атауларын!
**Нені игерді:** Сиырдың суретін салуды.
**Нені біледі:** Ұқыпты таза сурет салуды.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Паравоз.

**Мақсаты:** Паравоз туралы өлең оқып беру. Балалардың тіл байлықтарын молайту. Паравоздың суретін ермексаздан мүсіндеу. .

**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

**Сөздік жұмыс:** паравоз.

**Көрнекіліктер:** Тақырыптық суреттер, ермексаз, тақтайша, сүлгі.

Іс-әрекет кезеңдері Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық-

қозғаушылық

Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу. Балалардың қызығушылығы оянады.

Ұйымдастырушылық-

ізденістік

Шаттық шеңбері:

Күндей жылы,

Алмадай тәтті,

Доптай көңілді,

Жүзіктей әдемі бол!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Жұмбақ: Күндіз-түні күрсінеді,

Жүрген жері сілкінеді. (Пойыз)

Адамдар алыс сапарларға жол көліктерімен, яғни автобустармен, әуе көлігі – ұшақпен, темір жол көлігі – пойызбен, су көлігі – кемемен жол жүреді. Балалар сендер алыс жолдарға шыққан кезде қандай Балалардың бір-біріне деген жақсы тілектері. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Шешуін табу, есте сақтау.

көлік түрлерімен барғанды ұнатасыңдар. Бүгін біз ермексаздан паравоздың бейнесін мүсіндейміз. Жұмыстың орындалу барысын түсінідіріп өтейін. -Түрлі түсті ермексаздан тіктөртбұрыш жасап алып, паравоздың бейнесін мүсіндейміз. -Ақ ермексаздан паравоздың терезесін мүсіндейміз.

Сергіту сәті:

Бір екі, үш,

Жинап алып күш.

Біз ұшамыз кептерше

Қолымыз жерге жеткенше.

Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін. Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.

Оқу қызметін  қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру. Салған суреттеріне қызыға қарайды..

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жұмыстың орындалу ретін білу керек;

Нені игерді: композиция құра білуге дағдылану;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Әтеш пен Бақа

**Мақсаты**: Балаларға қазақ ертегілерін оқып беру. Сол ертегілер арқылы батыр, шыншыл, ел қамын ойлайтын ақылды болып өсуге талаптандыру.

**Әдіс – тәсілдер:** Ертегі оқу, түсіндіру, сұрақ – жауап, бекіту.

**Сөздік жұмыс**: Айдары

**Қолданатын көрнекі құралдар:** Әтеш пен бақаның суреттері, түрлі – түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, орамал.

| **Іс-әрекет кезеңдері:** | **Педагогтің іс-әрекеті:** | **Балалардың іс-әрекеті.** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Алдын – ала әтеш пен Бақаның суретімен жұмыс жүргізу. | Балалардың зейіні оянады. |
| **Ұйымдастырушылық кезеңі** | **Шаттық шеңбер**<br>Аспан түрді түндігін,<br>Жерге сәуле жайылды.<br>Неткен ашық күн бүгін<br>Қайырлы таң, қайырлы!<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>**Жұмбақ:**<br>Қызылдан киген киім,басқа қалпақ<br>Саусағы төртеу болған емес жалпақ.<br>Үстіне неше түрлі тон жамылып,<br>Басады мас адамша талтаң – талтаң.<br>(Әтеш)<br><br>Балаларға әтеш пен Бақа туралы ертегі оқып беру.<br>Ертегідегі батырлық, шыншылдық, ақылдылық туралы балаларға түсіндірді.<br>Әтеш үй құстарына жатады.<br>Түсі әр – түрлі болады.<br>Әтештің тауықтан | Балалар іс – қимылдармен орындайды.<br><br>Балалар жауап береді.<br><br>Шешуін табады.<br><br>Ертегіні мұқият отырып тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | айырмашылығы маңдайында қызыл айдары бар.<br>Бақаның түсі жасыл, көзі үлкен, ол сулы аймақтарда өмір сүреді.<br>Осы ертегідегі әтеш пен бақаның бейнесін қағаз бетіне жапсырайық.<br>Мен сендерге үлгі ретінде жасалу жолын көрсетіп, жапсыру жұмысын тиянақты орындау керек.Балаларға жабыстыру жолын көрсетеді.<br><br>**Сергіту сәті**<br>Дөңгелене тұрамыз<br>Керегені құрамыз.<br>Уықтар болып иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Достық үйін құрамыз. | Балалар қимыл іс – әрекеттермен орындайды. |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Дайын болған жұмыстарды талдау, және кішігірім көрме ұйымдастыру, қорытындылау. | Жасаған жұмыстарын көрмеге іледі. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** Әтеш пен Бақа жайлы ертегіні
**Нені игерді:** Әтеш пен Бақаның түр – түсін игерді.
**Нені біледі:** Айқын түстермен Әтеш пен Бақаның суретін салуды.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Алтын балық

**Мақсаты:** Балаларды ертегі оқып беріп, түсінгендерін әңгімелету. Тіл байлықтарын жетілдіру. Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. Әшекейлік арқылы көркемдік тәрбие беру.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Сөздік жұмыс: жарлы.

Көрнекіліктер: Тақырыптық суреттер, ермексаз, тақтайша, сүлгі.

Іс-әрекет кезеңдері Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу. Балалардың қызығушылығы оянады.

Ұйымдастырушылық-

ізденістік

Шаттық шеңбері:

Күндей жылы,

Алмадай тәтті,

Доптай көңілді,

Жүзіктей әдемі бол!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме Балалар мен сендерге алдымен «Алтын балық» ертегісін оқып берейін. Мұқият тыңдаңдар. Ертегі мазмұны бойынша сұрақ-жауап:

-Шал қайда барды?

-Өзенге не үшін барды?

-Шалдың қармағына не ілінді?

Балалардың бір-біріне деген жақсы тілектері. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді.

-Балық шалдың қандай арманын орындады?

Жұмыстың орындалу барысын түсiнiдiрiп өтейін. Бүгін біз алтын балықтың бейнесін картонға салып алып, оны қиып аламыз. Дайын болған балықтың желбезегін түрлі түсті моншақтармен безендіреміз. Жұмысты бастамас бұрын бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Бір екі, үш,

Жинап алып күш.

Біз ұшамыз кептерше Қолымыз жерге жеткенше. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін. Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.

Оқу іс-әрекетті қорыту: Балалардың жасаған жұмыстарын талдау. Жақсы жасалған жұмыстардан кішігірім көрме ұйымдастырады. Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: «Алтын балық» ертегісін;

Нені игерді: әртүрлі моншақтан балықтың желбезегін безендіруді;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Қайықша
**Мақсаты:** Балаларға қайық туралы әңгімелеп тақпақ жаттау. Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру..
**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру.
**Сөздік жұмыс:** қайықша
**Көрнекіліктер:** тақырыптық сурет

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу. | Балалардың қызығушылықтары артады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбер:**<br><br>Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ,<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күн шуақ.<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:**<br><br>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br>Көліктер үш түрге бөлінеді. Олар: жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі. Осы көліктердің ішінен бүгін біз су көлігінің бірі қайықшамен танысамыз.<br>-Балалар көліктердің бір түрі су көліктерін атап өтейікші?<br>-Қайық, кеме. Соның бірі қайықты жасап көрейік.<br>Ал балалар, алдымыздағы қағаздардан бүктеу әдісі арқылы | Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді.<br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br>Шешуін табу, есте сақтау.<br><br>Балалар жұмысқа кірісіп кетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | қайықша жасаймыз.<br>Жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтейін.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жаз келіпті дегенше,<br>Алма пісті дегейсің.<br>Бағымызда ендеше<br>Алма тарту көбейсін.<br>Жаз келіпті дегенше,<br>Қарбыз пісті дегейсің,<br>Бақшамызда ендеше<br>Қарбыз жинау көбейсін.<br><br>Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді. | Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалардың жұмыстарына талдау жасау. Жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру. . | Балалар салған суреттеріне сипаттама береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** қайықшаны бүктеу әдісі арқылы жасауды;

**Нені игерді:** сюжетті композиция құрастыруды игерді;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Қашқаргүл
**Мақсаты**: Қашқаргүл туралы тақпақ оқып жаттату. Мүсіндеу арқылы балалардың қол икемділіктерін жетілдіру.
**Әдіс – тәсілдер:**Тақпақ жаттату, түсіндіру, орындату,бекіту.
**Сөздік жұмыс**:Қашқаргүл
**Қолданатын көрнекі құралдар:** қашқаргүлдің суреті, ермексаз, тақтайша, орамал.

| Іс-әрекет кезеңдері: | Педагогтің іс-әрекеті: | Балалардың іс-әрекеті. |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Алдын ала тақырыптық сурет арқылы әңгімелесу. | Балалардың қызығкшылығы болады. |
| **Ұйымдастырушылық кезеңі** | **Шаттық шеңбер**<br>Кел балалар күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді болып жүрейік.<br><br>**Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.<br><br>**Жұмбақ**<br>Өз қандай нәзік,<br>Су құйсаң кетеді.<br>Алақанын жазып.<br>(Гүл)<br><br>Гүлдер нәзік әдемі алуан түрлі болады.<br>Сонымен қатар жер бетіне көрік беріп тұрады. Гүлдер нәзік болғандықтан оны үзіп алғаннан кейін, өте ұзақ тұрмайды.<br>-Гүлдердің қандай түрлерін білесіңдер? | Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br><br>Балалардың жауабы.<br><br>Жұмбақтың шешуін табады, есте сақтайды.<br><br>Сұрақтарға толық жауап |

| | | |
|---|---|---|
| | -Гүлдер адамдарға не сыйлайды?<br>-Гүлді кімдерге сыйлауға болады?<br>-Гүлдер қайда өседі?<br>-Мысалы далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз,қырда өсетін гүлді қыр гүлі дейміз,бақта өсетін гүлді бақша гүлі дейміз.Соның ішінде бақша гүлінің бірі қашқаргүлмен танысамыз.<br>Тәрбиеші балаларға қашқаргүлдің суретін көрсетіп, таныстырады.<br>-Ал,балалар қашқаргүлмен таныстық,енді осы гүлді ермексаздың көмегімен мүсіндейік.<br>Тәрбиеші балаларға бағыт-бағдар беріп,ермексазбен қашқаргүлдің жасалу жолдарын көрсетеді. | береді.<br><br>Балалар суретке назар аударады, қашқаргүлмен танысады.<br><br>Балалар тәрбиешінің көмегімен қашқаргүлді мүсіндейді. |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Орындаған жұмыстарын қарап, талдау жасайды.<br>Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, балалар өздері жасаған қашқаргүлдің жақсы жасалғанын, дұрыс орындалғанын атап өтеді.<br>Балаларды мақтап, мадақтап жұлдызша сыйлайды. | Өздері жіберген кемшіліктерін өздері анықтайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** Қашқаргүлдің бақша гүлі екендігін және түрлерін.
**Нені игерді:** Ермексаздың көмегімен қашқаргүлді мүсіндеуді.
**Нені біледі:** Жасаған жұмыстарын көрсете білуді.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Арыстан

**Мақсаты:** Балаларға арыстан туралы ертегі әңгімелеп беру, арыстанның жабайы аң екенін ұғындыру. Ертегінің мазмұнын білуге үйрету. Түрлі қағаздардан арыстан бейнесін жапсыру арқылы бейнелеу.

Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.

Сөздік жұмыс: патшасы

Көрнекіліктер: Арыстанның суреті, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім.

Іс-әрекет кезеңдері Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

«Арыстан мен түлкі» ертегісін оқып беремін, сендер мұқият тыңдаңдар. Балалардың қызығушылығы оянады.

Шаттық шеңбері:

Күндей жылы,

Алмадай тәтті,

Доптай көңілді,

Жүзіктей әдемі бол!

Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу. Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. Кіріспе әңгіме

-Қандай жабайы аңдарды білесіңдер?

-Аңдар қайда мекен етеді?

-Аң патшасын айтыңдаршы.

-Түлкі қандай аң?

-Қоян ше?

Дұрыс айтасыңдар, аңның патшасы арыстан. Балалардың бір-біріне деген жақсы тілектері. Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді. Балалардың жауаптары тыңдалады.

Үлгіге қарап, арыстанның бейнесін қалай жапсыру керектігіне назар аударыңдар. Жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтемін, сендер мұқият тыңдаңдар.

- Алдымен қоңыр түсті қағаз аламыз.

-Арыстанның басын қиып аламыз. Басының пішіні домалақ.

-Денесі сопақша.

- Құйрығы ұзын келеді.

-Аяқтарын қиып аламыз. Осы қиындыларды енді ақ қағазға жапсырамыз. Сергіту сәті: Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін. Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. Қимылмен көрсетеді. Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.

Рефлексиялық-

түзетушілік

Оқу іс-әрекетті қорыту: Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, қортындылауына мүмкіндік беру. Балалар жұмыстарынан көрме ұйымдастырады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: «Арыстан мен түлкі» ертегісінің мағынасын;

Нені игерді:жұмыстың орындалу барысын;

Нені біледі: жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Аққала

**Мақсаты**: екі еселеп бүктелген шаршылардан дөңгелектер қию тәсілін жетілдіру; әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден құуала бейнесін құрастыруды үйрету; қолдарының икемділіктерін арттыру.
**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, жапсыру, бекіту.
**Сөздік жұмыс:** аққала, таяқ, сыпырғыш.
**Көрнекіліктер:** аққала бейнеленген суреттер, түрлі түсті қағаздар, қайшы желім, қолорамал.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Алдын ала балаларға жұмбақ жасырып, жұмбақтың дұрыс шешуінен кейін аққаланың суретімен жұмыс жасату. | Қызығушылықтары артады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбері:**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br>Сурет бойынша жұмыс:<br>Өте дұрыс. Балалар ауладан қардан домалатып, Аққаланы барлығы бірігіп, бір-біріне көмектесіп жатыр.<br>Аққала жасағанда қардан домалатып әртүрлі көлемде үш домалақ жасап алып, оларды бір-бірінің үстіне үлкенінен бастап орналастырып қойып алады. Сосын басына шелек кигізіп, бет-әлпетін жасайды. Қолдарын жасап, қолына таяқ немесе сыпырғыш іледі.<br>Бүгін біз осы Аққаланы қағаздан қиып, жапсырып жасаймыз.<br>Мен сендерге үлгі ретінде жұмысты орындап көрсетемін, мұқият тыңдаңдар.<br>Тіктөртбұрыш пішінді дайындаманы көгілдір түсті қағаздан қиып аламыз.<br>Оны екі еселеп бүктеп, жай қарындашпен шеңбердің ширек бөлігін сызамыз.<br>Контур сызық бойымен дөңгелектерді қиып аламыз. | Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br>Қойылған сұрақтарға толық жауап береді.<br><br>Зейін салып тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Түрлі түсті қағазға Аққаланың қалған бөлшектерін (қолы, шелегі, сыпырғышы, сәбіз-мұрны) сызып, сызық бойымен қиып аламыз.<br>Негізгі бетке аппликацияның бөлшектерін реттеп орналастырып аламыз.<br>Аппликацияның барлық бөлшектерін негізгі бетке ретімен жапсыру.<br>Аққаланың көзі мен аузын қара фломастермен сызып аламыз.<br>**Серіту сәті:**<br>Қыздырайық денені,<br>Кел, балалар, кел бері.<br>Қыздырайық денені<br>Орнымыздан тұрып-ақ.<br>Балалар істеріңе сәттілік тілеймін. | Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс – әрекетін қорыту:**<br>Жұмыстың орындалу сапасына назар аудару. Жақсы жасалған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Балалар жұмыстарын бағалау, мадақтау. | Жасаған жұмыстарына қызыға қарайды. |

**Күтілетін нәтиже**
**Нені білу керек**: Аққала туралы тақпақтар, жұмбақтар жатқа біледі;
**Нені игерді:** әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден аққала бейнесін құрастыруды игерді;
**Нені біледі:** .жасаған жұмыстарын көрсете алады.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Үйрек

**Мақсаты:**балаларды үйрекпен таныстыру, тұзды қамырды пайдалану арқылы үйректі жасауды үйрету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру.

**Әдіс – тәсілдер:** көрсету, түсіндіру,бекіту.

**Сөздік жұмыс**: үйрек, тұзды қамыр.

**Қолданатын көрнекі құралдар:** тұзды қамыр, акварель бояуы, тақтайша, орамал.

| **Іс-әрекет кезеңдері:** | **Педагогтің іс-әрекеті:** | **Балалардың іс-әрекеті.** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Алдын – ала суретпен жұмыс | Балалар зейін қойып көреді |
| **Ұйымдастырушылық кезеңі** | **Шаттық шеңбері**<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты<br>Қайырлы таң, Қайырлы күн.<br>Күліп шықты күн бүгін!<br><br>**Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Балаларды үй құстарымен таныстыру<br>Үй құстарының аттарымен олардың пайдасын түсіндіру.<br>Үй құстарының бірі үйрекпен ерекше таныстыру.<br>Үйректің біз етін жейміз, оның беретін пайдасы көп.<br>Енді көп үйректі тұзды қамырмен илеп мүсіндейміз.<br>Жасалу ретін түсіндіріп айтады.<br>1. Қамырды алып үйректің бейнесін мүсіндейміз<br>2. Үйректің басын, көзін жасайды.<br>3. Үйректің мүсінін жасап, болғасын кептіріп акварель | Балалар іс – әрекетпен орындайды.<br><br>Балалар жауап береді.<br><br>Мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар жұмыс жасауға қызығушылықпен кіріседі. |

| | | |
|---|---|---|
| | бояуымен үстін бояймыз.<br><br>**Сергіту сәті**<br>Орнымыздан тұрамыз<br>Қолды белге қоямыз<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Сәл тынығып аламыз.<br><br>Тәрбиеші жұмыстарын қадағалап, бағыт бағдар беріп мүсіндеуді аяқтатады.<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>Не артық? | Қимыл іс – әрекетпен орындайды.<br><br>Қызыға ойнайды. |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | Тәрбиеші балалардың жұмысына талдау жасайды. Жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастырылады. Балаларды мақтап, мадақтайды. | Жасалған жұмыстарын көрмеге қояды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:**Үй құстарын ажырата білу керек.
**Нені игерді:** Тұзды қамырмен жұмыс жасауды
**Нені біледі:** Ұқыпты жұмыс жасауды.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Түймедағы

**Мақсаты:** Балаларға «түймедақ» гүлі туралы оның адам денсаулығын пайдасы туралы әңгімелеп беру. Бүктеу әдіс-тәсілдерін түсіндіру.
**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру,көрсету, жапсыру, бекіту.
**Сөздік жұмыс:** түймедақ
**Қолданылатын көрнекілік:** түймедақ гүлі, дайын жұмыстың үлгісі, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, қолорамал.

| **Іс- әрекет Кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Қазақстанда өсетін гүлдер туралы әңгімелесу. | Балалардың зейіні артады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңберін құру.**<br><br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығынбіз қорғайық.<br>Әдепті де, тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық.<br><br>**Табиғат күн тізбесімен жұмыс жүргізу.**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>**Кіріспе әңгіме**<br><br>Гүлді әдемілік үшін өсіреді. Гүлдер бақшада, тауда, далада, бөлмеде өсіріледі.<br>- Бөлме гүлдерін қалай күту керек, және оны кімдерге сыйлайды?<br>-Түймедақ гүлі бақшада, тауда, далада өседі. Тауда және далада өсетін түймедақ гүлі жабайы түріне жатады. Ал бақшада өсетін түймедақ гүлі жабайы түймедақ гүлінен айырмашылығы өте көп.<br>Енді осы гүлді бүктеу әдісі арқылы жасаймыз. Үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен танысайық.<br>Жапырақтар мен гүл күлтелеріне арналғандайындамаларды қабаттап бүктеу. | Балалар дөңгелене тұрып өлең жолдарын қайталайды.<br><br>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді.<br><br>Гүлдер туралы әңгімелейді.<br><br>Жұмыстың орындалу ретімен |

| | | |
|---|---|---|
| | Қарындашпен жапырақтар мен гүл күлтелерінің суретін салу.<br>Бөлшектерді белгі бойымен қию.<br>Гүлдің ортасын қиып алып тіліктер жасау. Тіліктерді ұқыппен шашақтау.<br>Гүл күлтелері мен жапырақтарының ұшын қарындаштың көмегімен сәл иіп көтеру.<br>Негізгі қағаз бетіне бөлшектерді үйлестіріп орналастыру.<br>Барлық бөлшектерді ретімен жапсыру.<br>Жұмыстың орындалуын, әр баланың өз міндетін дұрыс атқаруын қадағалау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз,<br>Кейде оны жұлуға да қимаймыз.<br>Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде,<br>Шын жүректен аналарға сыйлаймыз. | танысады.<br><br>Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс-әрекетін қортындылау.**<br>Дайын жұмысты бөлме қабырғасына іліп қоюға немесе сыйлауға болады. | Балалар жасаған жұмыстарын керегеге іліп қояды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** көлемді түймедақ гүлін жасау тәсілімен танысты.
**Нені игерді:** бүктеу әдіс-тәсілдерімен таныстыру.
**Нені біледі:**.гүлдер туралы өлең, тақпақтарды жатқа айтады.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:**Қысқы киімдер

**Мақсаты:**Балаларға киім, киім түрлері, қысқы киімдер туралы түсініктер беру. Қысқы киімдерді ажырата білуге үйрету. Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуге, ойлау қабілеттерін дамыту. Киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу.

**Әдіс – тәсілдер:** Сұрақ – жауап, әңгімелеу, көрсету, ойын, бекіту.

**Сөздік жұмыс**: малақай, құлақшын.

**Қолданатын көрнекі құралдар:** суреттер, қысқы киім киген қуыршақ, желім, қайшы, ақ қағаз, мата түрлері.

| **Іс-әрекет кезеңдері:** | **Педагогтің іс-әрекеті:** | **Балалардың іс-әрекеті.** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Қыс мезгілі бейнеленеген суреттер арқылы әңгіме құрау. | Балалардың қызығушылығын ояту. |
| **Ұйымдастырушылық кезеңі** | **Шаттық шеңбері**<br>Достарды біз қолдаймыз,<br>Қиын жақта қорғаймыз,<br>Біздің топта ұл – қыздар,<br>Тату – тәтті ойнаймыз.<br>**Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Тәрбиеші балалардың назарын тақтадағы қысқы киімдердің суретіне аудартады.<br>- Балалар қыс мезгілінде біз қалай киінеміз?<br>- Мына суреттегі балалардың үстіндегі киімдерді ата?<br>- Балалар жыл мезгілінің қайсысына сай киінген?<br>Олай болса балалар бүгінгі оқу іс – әрекетіміздің тақырыбы «Қысқы киімдер» - деп аталады.<br>Балаларға киімдер бейнеленген суреттер таратылады.<br>Мысалы: малақай – құлағы бар жылы бас киім, құлақшын.<br>**Сөздік жұмысын жүргізу**<br>Ыс – ыс – ыс келді қыс,<br>Ақ – ақ – ақ біз тебеміз сырғанақ.<br>Тәрбиеші балаларға әр түрлі мата | Балалар қимыл іс – әрекетпен орындайды.<br><br>Балалар жауап береді.<br><br>Суретке назар аударады.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Балалар киімдерге сипаттама береді.<br><br>Бірге қосылып қайталайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | түрлерін көрсетіп, таныстырады. Сол мата түрлерін пайдаланып, қысқы киімдерді жапсыруды тапсырады.<br>- Ал, енді балалар осы мата түрлерін мен сендерге пішіп беремін, пішілген матаны, қайшымен қиып, шыққан қысқы киімді қағаз бетіне жапсырамыз.<br>**Сергіту сәті**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан.<br>Қолыңа қолғап кимесең,<br>Суық өтер жан - жақтан.<br>Балалардың қайшыны дұрыс ұстауына көмектеседі. Қиылған қысқы киімдерді ақ қағазға дұрыс жапсыруға бағыт – бағдар береді. | Пішілген маталарды қайшының көмегімен қиып, қағаз бетіне жапсырады.<br><br>Қимыл іс – әрекетпен орындайды. |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | **Дидактикалық ойын**<br>«Қуыршақты киіндір»<br>- Біз бүгін немен таныстық?<br>- Қысқы киімдерді кім айтады?<br>- Не қиын болды? | Балалар қызыға ойнайды<br><br>Балалардың жауабы. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:**Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуі керек.

**Нені игерді:** Дайын пішілген матаны қиып киім құрастыруды.

**Нені біледі:** Ойын арқылы қысқы киімдерді ажыратуды.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Тасбақаның суретін салып үйренеміз
**Мақсаты:** «Тасбақа» туралы ертегі оқып беру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыпты бояуға жетелеу.
**Әдіс-тәсілдер:**түсіндіру, көрсету, бекіту.
**Сөздік жұмыс:**тасбақа.
**Көрнекіліктер:** тасбақа бейнеленген суреттер.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | «Тасбақа» туралы ертегі оқып беру. | Балалардың қызығушылықтары оянады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбері:**<br>- Кәне, балалар дөңгелене тұрып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік.<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:**<br><br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>**Кіріспе әңгіме**<br><br>Балалар мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.<br><br>Жұмбақ жасыру:<br>Аяғы бар басы бар,<br>Арқалаған тасы бар. (Тасбақа)<br><br>-Тасбақа қайда өмір сүреді?<br>-Не үшін тасбақа дейміз?<br>Жарайсыңдар балалар. Тасбақа өте баяу жүреді және ол құрғақ, шөлді, сонымен қатар суда да мекендейді. Өзін қорғайтын кезде аяқ – қолын, басын жинап, бұғына қалады.<br>- Демек,балалар тасбақаның суретін саламыз. | -Жүрегімдегі жылуымды саған ыстық алақаным арқылы жіберемін.<br><br>Қойылған сұрақтарға толық жауап береді.<br><br>Шешуін табу, есте сақтау.<br><br>Тасбақаның суретін салуға кіріседі. |

| | | |
|---|---|---|
| | Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстыру.<br>- Қоңыр немесе сұр түстерді қолданамыз.<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Бақа, бақа балпақ,<br>Басың неге жалпақ.<br>Бұтың неге талтақ,<br>Көзің неге тостақ,<br>Темір телпек көп киіп<br>Басым содан жалпақ.<br>Су ішінде көп жүзіп ,<br>Бұтым содан талтақ.<br>Көрінгенге көп қарап<br>Көзім содан тостақ. | Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс – әрекетін қорытындылау:**<br>Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау. | Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** Әр түрлі тәсілдерді пайдалана отырып тасбақаның бейнесін жасай алады;
**Нені игерді:** тасбақаның бейнесін ұқсатып жасауға дағдыланды;
**Нені біледі:** тасбақа туралы өлең – тақпақтарды жатқа біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы**: Досыма сыйлық
**Мақсаты:** Балаларға «Достық» туралы әңгіме оқып, сұрақ-жауап арқылы білгендерін жетілдіру. Достық туралы мақал-мәтел жаттау. Мүсіндеу барысында шағын көлемді, кесек есу әдіс-тәсілдерін көрсету.
**Әдіс-тәсілдер:**түсіндіру, көрсету, бекіту.
**Сөздік жұмыс:** сыйлық
**Көрнекіліктер:** сыйлықтың суреттері, ермексаз, тақтайша, орамал.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | «Достық» жайында мақал-мәтелдер жарысын өткізу. | Балалардың қызығушылықтары оянады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбері:**<br>- Кәне, балалар дөңгелене тұрып, бір – бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік.<br>Кел балалар ортаға!<br>Қайырлы таң достарым!<br>Достарымды көргенде!<br>Қуана қарсы аламын!<br>Қолымыздан ұстасып,<br>Жылулықты алайық.<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:**<br><br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>**Кіріспе әңгіме**<br><br>**Мақал-мәтелдер:**<br>Досы көпті жау алмайды,<br>Ақылы көпті дау алмайды.<br><br>Жүз теңгең болғанша, жүз досың болсын.<br><br>Дос жылатып айтады,<br>Дұшпан күлдіріп айтады.<br><br>-Бұл мақалдың мағынасын қалай | -Жүрегімдегі жылуымды саған ыстық алақаным арқылы жіберемін.<br><br>Мақалды жатқа айтқызу.<br><br>Балалардың |

| | | |
|---|---|---|
| | түсінесіңдер?<br>-Балалар жан дос  дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Балалар сендердің достарың бар ма?<br> -Достарыңа қандай сыйлық жасағанды ұнатасыңдар?<br>   Онда өздеріңе ұнаған сыйлықты ермексаздан мүсіндеп жасап, достарыңа сыйлаңдар.<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Достарды біз қолдаймыз,<br>Қиын шақта қорғаймыз,<br>Біздің топта ұл-қыздар,<br>Тату-тәтті ойнаймыз. | жауаптары.<br><br><br>Балалар өздеріне ұнаған сыйлықтарды ермексаздан мүсіндеп жасайды.<br><br><br><br><br>Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс – әрекетін қорытындылау:**<br>   Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау. | Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** «Достық» туралы мақал-мәтелдерді;
**Нені игерді:** ермексазбен әр түрлі сыйлықтарды жасауды игерді;
**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Қалампыр
**Мақсаты:** Балаларға «қалампыр» гүлі туралы оның адам денсаулығын пайдасы туралы әңгімелеп беру. Бүктеу әдіс-тәсілдерін түсіндіру.
**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру,көрсету, жапсыру, бекіту.
**Сөздік жұмыс:** қалампыр
**Қолданылатын көрнекілік:** қалампыр гүлі, дайын жұмыстың үлгісі, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім, қарындаш, қолорамал.

| **Іс- әрекет Кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Қазақстанда өсетін гүлдер туралы әңгімелесу. | Балалардың зейіні артады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңберін құру.**<br><br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығынбіз қорғайық.<br>Әдепті де, тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық.<br><br>**Табиғат күн тізбесімен жұмыс жүргізу.**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>**Кіріспе әңгіме**<br><br>Гүлді әдемілік үшін өсіреді. Гүлдер бақшада, тауда, далада, бөлмеде өсіріледі.<br>- Бөлме гүлдерін қалай күту керек, және оны кімдерге сыйлайды?<br>-Түймедақ гүлі бақшада, тауда, далада өседі. Тауда және далада өсетін түймедақ гүлі жабайы түріне жатады. Ал бақшада өсетін түймедақ гүлі жабайы түймедақ гүлінен айырмашылығы өте көп.<br>Енді осы гүлді бүктеу әдісі арқылы жасаймыз. Үлгіге қарап жұмыстың орындалу ретімен танысайық.<br>Жапырақтар мен гүл күлтелеріне арналғандайындамаларды қабаттап | Балалар дөңгелене тұрып өлең жолдарын қайталайды.<br><br>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді.<br><br>Гүлдер туралы әңгімелейді.<br><br>Жұмыстың орындалу |

| | | |
|---|---|---|
| | бүктеу.<br>Қарындашпен жапырақтар мен гүл күлтелерінің суретін салу.<br>Бөлшектерді белгі бойымен қию.<br>Гүлдің ортасын қиып алып тіліктер жасау. Тіліктерді ұқыппен шашақтау.<br>Гүл күлтелері мен жапырақтарының ұшын қарындаштың көмегімен сәл иіп көтеру.<br>Негізгі қағаз бетіне бөлшектерді үйлестіріп орналастыру.<br>Барлық бөлшектерді ретімен жапсыру.<br>Жұмыстың орындалуын, әр баланың өз міндетін дұрыс атқаруын қадағалау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз,<br>Кейде оны жұлуға да қимаймыз.<br>Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде,<br>Шын жүректен аналарға сыйлаймыз. | ретімен танысады.<br><br>Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс-әрекетін қортындылау.**<br>Дайын жұмысты бөлме қабырғасына іліп қоюға немесе сыйлауға болады. | Балалар жасаған жұмыстарын керегеге іліп қояды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** көлемді қалампыр гүлін жасау тәсілімен танысты.
**Нені игерді:** бүктеу әдіс-тәсілдерімен таныстыру.
**Нені біледі:**.гүлдер туралы өлең, тақпақтарды жатқа айтады.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Тату жанұя
**Мақсаты:** «Отбасы» құндылығының маңыздылығын ашу.
Міндеттері: - отбасы туралы түсінік беру;
- отбасына деген жағымды қарым - қатынастарын дамыту;
- отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Қолданылатын көрнекі - құралдар: Суреттер.

Шаттық шеңбері: - Қайырлы таң, балалар! мен сендермен кездескеніме өте қуаныштымын. Бүгінгі сабағымызда отбасымыз туралы әңгімелесетін боламыз. Адам дүниеге келеді, айналасына қарап өседі, айтыңдаршы, сәби дүниеге келгенде ең алғаш кімді бірінші көреді?
- Анасын.
Көрнекілікпен жұмыс, слайд арқылы отбасы туралы түсінік беру.
Әңгімелесу: Балалар мен сендерге А. Асылбектің «Жанұя» өлеңін оқып берейін;
Жанұя
Сенде де бар жанұя,
Менде де бар жанұя.
Үлкенде де, кішіде,
Жанұя бар әрбір кісіде.
Балалар «Жанұя» дегенді қалай түсінесіңдер?
Таулық, сыйластық, сүйіспеншілік, шаттық

Ойын: «Көршіңе қуаныш сыйла» атты ойын ойнатылып, көңілдері көтеріледі. Ойын ырғақты әуенмен өтеді. Ойында балалар көрші достары туралы өз ойларын айтады.

Дәйексөз: «Адамға ең қымбат - отбасы»деген халық даналығын бүгінгі сабағымыздың дәйексөзі ретінде түсіндіру.
Отбасы – бұл сенің ең жақын адамдарың: атаң, әжең, әкең, анаң, бауырың, інің, әпкең.

Дәптермен жұмыс: - Дәптерде берілген үйдің терезелеріне отбасы мүшелерінің суреттерін салыңдар.(әке, ана, ата, апа, іні).

Сергіту сәті: Қимыл - қозғалыспен көрсету.
Атамның алып күрегін,
Ауланың қарын күредім.
Әжеме мен құдықтан,
Су әкеліп беремін.
Еденді де жуамын,
Шаң - тозаңды қуамын.

Қорытындылау:
- Бүгін сабақта біз отбасымызды жақсы көруге, отбасындағы адамдарды сыйлауға, көмектесуге үйрендік. Отбасы бізді жақсылыққа, әдептілікке үйрететінін білдік.

Жүректен жүрекке:
Балалар мына ойыншық жүрекшені қолымызға ұстап Н. Айтовтың өлеңін бірге айтайық:
Бір шаңырақ астында, Тату - тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Қоңыраугүл
**Мақсаты:** «Қоңыраугүл» туралы тақпақ жаттау. Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп, жаттықтыру.
**Әдіс – тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, таныстыру, бекіту.
**Сөздік жұмыс**: Қоңыраугүл
**Қолданатын көрнекі құралдар:** гүлдердің суреттері, акварель бояу, ақ қағаз.

| **Іс-әрекет кезеңдері:** | **Педагогтің іс-әрекеті:** | **Балалардың іс-әрекеті.** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | (Сурет) Алдын – ала сурет арқылы жұмыс жүргізу. | Балалар қызығушылығын арттыру |
| **Ұйымдастырушылық кезеңі** | **Шаттық шеңбер**<br>Балалар жиналды бір топқа<br>Сен менің, мен сенің досыңмын<br>Қане, қолды бер досым,<br>Бірге ойнайық қуана.<br><br>**Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Балаларды тақтадағы суретке назарын аудартады.<br>Суреттегі гүлдердің түрлерімен таныстырады.<br>Гүлдер неше түрлі болып бөлінеді: дала гүлі, қыргүлі, бақшагүлі болып бөлінеді.<br>Дала гүлдері – далада өсетін гүлдерді айтады.<br>Қыр гүлдері – қырда өсетін гүлдерді айтады.<br>Бақша гүлдері деп – бақшада адамның күтіп баптауымен өсетін гүлді айтады<br>Осы гүлдердің бірі қоңырау гүлді бүгін біз суретін | Шеңберде тұрып жасайды<br><br>Балалар жауап береді.<br><br>Балалар назарын аударады.<br><br>Сұрақ – жауап арқылы балалар түсінеді.<br><br>Сурет салуға кіріседі. |

| | | |
|---|---|---|
| | саламыз. Қоңырау гүл деп қоңырауға ұқсайтын болғандықтан қоңыраугүл деп атаймыз.<br>Енді осы гүлді салуға кірісейік.<br>Ал қағаз бетіне бірінші жәй қаламмен гүлдің бейнесін салып алайық.<br>Сосын артынан акварельмен бояймыз.<br>**Сергіту сәті.**<br>Күндей болып күлеміз<br>Гүлдей болып өсеміз<br>Құсатар болып ұшамыз,<br>Көбелектей қонамыз<br><br>Ал ары қарай суретімізді аяқтайық. | Қимылмен жасайды.<br><br><br><br>Суреттерін аяқтайды. |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | - Қандай гүл атауларын білесің<br>- Гүлдер қаншаға бөлінеді екен<br>- Әді салынған гүлдерді көрмеге апарып қояйық! | Балалар сұраққа жауап береді, көрме жасайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:**Гүлдердің атауын
**Нені игерді:** Гүлдің бөліктерін
**Нені біледі:** Ұқыпты етіп сурет салуды.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы**: Қояндар
**Мақсаты:**Балаларға қоян туралы тақпақ . жаттатып, қоянның суретін көрсету арқылы қағаздан бүктеу әдісі арқылы жасау. Түрлі бүктеу әдіс-тәсілдерін үйрету.
**Әдіс-тәсілдер:**түсіндіру, көрсету, бекіту.
**Сөздік жұмыс:** көжек
**Көрнекіліктер:** Қоянның суреті, түрлі қағаздар.

| Іс- әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | «Қоян» туралы ертегі оқып беру. | Балалардың қызығушылықтары оянады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбері:**<br>Отырған аппақ бір қоян,<br>Неткен сапсақ бұл қоян.<br>Құлақтары делеңде,<br>Әр дыбысқа елеңдеп.<br>Қоян жаурап суықта,<br>Отырсың не күзетіп,<br>Аяқтарың сіресіп,<br>Табаныңнан сыз өтіп<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:**<br><br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>**Кіріспе әңгіме**<br><br>Оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.<br><br>Қалқиып ұзын құлағы,<br>Елеңдеп қорқып тұрады. (Қоян)<br><br>-Балалар қандай жабайы жануарлар түрлерін білесіңдер?<br>-Аңдар қайда мекен етеді?<br>- Қоян туралы кім тақпақ біледі?<br>- Қоянның төлінің атауы қандай?<br>Демек балалар ақ және сұр түсті қағаздардан бүктеу әдісі арқылы | Өлең жолдарын қимыл-қозғалыс арқылы көрсетеді.<br><br>Шешуін табу, есте сақтау<br><br>Балалар қоян туралы тақпақтар айтады.<br><br>Жұмыстың |

| | | |
|---|---|---|
| | қоянды жасаймыз.<br>Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар.<br>**Сергіту сәті:**<br><br>Тұра, тұра суықта,<br>Қоян жаурап торықты.<br>Алайын деп жылынып,<br>Әрлі-берлі жорытты.<br>Секең-секең, секең-секең,<br>Секіріп жылынатын қоян екен,<br>Үркітті де бір ноян,<br>Зытып берді бір қоян.<br><br>Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді. | орындалу барысымен танысады.<br><br><br><br>Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс – әрекетін қорытындылау:**<br>Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау. | Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** қоян туралы тақпақ, жұмбақтар;
**Нені игерді:** ермексаздан қоянды мүсіндеуді;
**Нені біледі:** жұмыстың орындалу барысын.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Молшылық береке

**Мақсаты:** Балаларға молшылық, береке туралы ұғым беріп, нақыл сөздер үйрету. Жеміс – жидектерді әр түрлі материалдардан жасау. Түрлі материалдардан жұмыс жасауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.

**Әдіс – тәсілдер:** Молшылық – берекені түсіндіру, көрсету, жасату, бекіту

**Сөздік жұмыс**: Молшылық – береке, ырыс.

**Қолданатын көрнекі құралдар:** табиғи материалдар, түрлі – түсті қағаздар, ермексаз, күздің суреті.

| Іс-әрекет кезеңдері: | Педагогтің іс-әрекеті: | Балалардың іс-әрекеті. |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Алдын – ала суретпен жұмыс жүргізу. | Балалар назарын аударады. |
| **Ұйымдастырушылық кезеңі** | **Шаттық шеңбер**<br>Армысың, көк Аспан!<br>Армысың, Жер Ана!<br>Армысың, жан досым!<br>Міне, қолым бос,<br>Жылуыма жылу қос.<br><br>**Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Балаларды күздің келбеті бейнеленген суретті көрсетіп таныстырады. Күз туралы түсінік береді.<br>Күздің бізге, берер ырысын, молшылығын, берекесін айтып түсіндіреді.<br>Ырыс алды – береке деген мақалға мән бергізіп түсіндіреді.<br>Күздің берер жемістерін, көкөністерін айтып, олардың атауларын ататып айтады.<br><br>**Дидактикалық ойын**<br>«Көкөністер мен жемістер»<br>Ойын шарты: Күздің берген байлықтары көкөніспен, | Қимылдармен орындайды.<br><br>Жауап береді.<br><br>Балалар мұқият тыңдайды.<br><br>Қызығушылықпен жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | жемістерді шашады, балалар соларды екі себетке ажыратып салу тиіс.<br>Ал, енді алдымызда әр түрлі материалдар бар, солардан біз, әркім өзі қалаған жемісін немесе көкөністерін жасаймыз.<br><br>**Сергіту сәті**<br>Бұғының үйі улкен,<br>Терезеден қарады ол<br>Қолы жүгіріп келеді<br>Достым, достым есік аш<br>Орман толы аңшы қаш<br>Достым, достым үйге кір<br>Менімен бірге өмір сүр | Балалар аяқтайды.<br><br>Қимылмен жасайды. |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | - Молшылық, береке деген сөзді қалай түсінеміз?<br>- Күздің берер сыйы қандай?<br>- Табиғи заттар ұнады ма?<br>- Осы жасаған заттарыңды көрмеге қойыңдар! | Балалар сұраққа жауап береді.<br><br>Көрме ұйымдастыру |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** Күздің берер байлығын
**Нені игерді:** Молшылық – береке туралы игерді.
**Нені біледі:** табиғи материалдармен жұмыс жасауды.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы**: Бақа

**Мақсаты:** Бақа туралы тақпақтар жаттау және ертегі оқып беру. Бақаның түрлерімен таныстыру. Қағаздарды бүктеу тәсілдерін жасап жаттығу.
**Әдіс-тәсілдер:**түсіндіру, көрсету, бекіту.
**Сөздік жұмыс:** бақа
**Көрнекіліктер:** Бақаның суреті, түрлі қағаздар.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | «Әтеш пен Бақа» туралы ертегі оқып беру. | Балалардың қызығушылықтары оянады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбері:**<br>Отырған аппақ бір қоян,<br>Неткен сапсақ бұл қоян.<br>Құлақтары деленде,<br>Әр дыбысқа елеңдеп.<br>Қоян жаурап суықта,<br>Отырсың не күзетіп,<br>Аяқтарың сіресіп,<br>Табаныңнан сыз өтіп<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу:**<br><br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.<br><br>**Жұмбақ:**<br>Таңдайлары тақылдап,<br>Шулайтын кім шалшықта.<br>Бірін-бірі мақұлдап. (Бақа)<br><br>-Бақа туралы кім тақпақ біледі?<br>- Бақаның қандай түрлерін білесіңдер?<br>- Бақа қайда мекен етеді?<br>-Бақаның түсі қандай?<br>-Пішіні қандай?<br><br>Бүктеу әдіс-тәсілі арқылы жасыл | <br><br>Өлең жолдарын қимыл-қозғалыс арқылы көрсетеді.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Шешуін табу, есте сақтау.<br><br><br><br><br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br><br><br>Жұмыстың |

| | | |
|---|---|---|
| | қағаздан бақаны жасаймыз. Үшбұрыш пішінге келтіріп бүктеп алыңдар. Басы, көзін домалақ пішінге келтіріңдер. і<br>Үлгіге қарап жұмыстың орындалу барысымен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Бақа, бақа, балпақ<br>Басың неге жалпақ.<br>Темір телпеккөп киіп,<br>Басым содан жалпақ.<br>Бақа, бақа, балпақ<br>Көзің неге тостақ,<br>Көрінгенге көп қарап,<br>Көзім содан тостақ.<br>Бақа, бақа балпақ,<br>Бұтың неге талтақ,<br>Су ішінде көп жүзіп<br>Бұтым содан талтақ.<br>Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді. | орындалу барысымен танысады.<br><br><br><br><br><br><br><br>Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс – әрекетін қорытындылау:**<br>Дайын жұмыстардан көрме ұйымдастыру, балалар жұмысын бағалау. | Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** бақа туралы тақпақ, жұмбақтар;
**Нені игерді:** бүктеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып бақаны жасауды;
**Нені біледі:** жұмыстың орындалу барысын.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Қаздың балапаны
**Мақсаты:** 1. Үй құстары туралы өлеңдер жаттау.
2. Қаздың балапаны туралы әңгіме айту.
3. Балаларды ине-жіппен жұмыс жасауға жаттықтыру.
**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, бекіту.
**Сөздік жұмыс:** қаздың балапаны
**Көрнекіліктер:** әңгіме желісі туралы сурет.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Алдын ала сурет арқылы жұмыс жүргізу. | Балалардың зейіні оянады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | 1.**Шаттық шеңбері:**<br><br>Біздің топта ұд қыздар,<br>Тату тәтті ойнаймыз.<br>Әлемдегі бар балаға,<br>Тек жақсылық тілейміз.<br><br>1.**Кіріспе әңгіме**<br><br>Үй құстарына тауық, үйрек, қаз, күркетауық жатады. Олардың адам баласына тигізер пайдасы мол. Мамығынан көрпе, жастық жасайды, етін, жұмыртқасын азық-түлік ретінде пайдаланамыз. Құстардың балапандары әр түрлі болады.<br><br>**2. Сұрақтар мен тапсырмалар:**<br><br>3. Үй құстарын ата.<br>4. Мына құстардың суретінен үй құстарын табыңдар.<br><br>Қолдарыңдағы ақ түсті матадан қаздың балапанын өлшейміз, сосын қайшымен ұқыптап қиып аламыз да оны ине-жіппен тігеміз. Инемен жұмыс жасағанда өте мұқият болыңдар. Ине бір жерлеріңе кіріп кетуі мүмкін.<br>Алдымен үлгіге қарап | Өлең жолдарымен қимыл әрекет жасайды.<br><br>Тәрбиешінің әңгімесін тыңдайды, сұрақтар қояды. Үй құстары туралы әңгімелейді.<br><br>Тапсырмаларды орныдайды.<br><br>Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтейін, мұқият тыңдаңдар.<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Сырға, сырға сырғалар,<br>Құлағында ырғалар<br>Оң қолымда білезік<br>Сол қолымда білезік<br>Қолға қалам аламын**.**<br>Әдемі сурет саламын.<br><br>Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді. | <br><br><br><br><br>Сергіту сәтін қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Жасалған жұмыстарға тәрбиеші балаларды қатыстырып, талдау жұмысын жүргізеді. | Балалар жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастырады. |

**Күтілетін нәтиже:** үй құстарының пайдасы туралы түсініктерін жетілдіру;
**Нені білу керек:** қаздың балапан
**Нені игерді:** бүктеу әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы қаздың балапанын жасауды;
**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Бақ-бақ қол еңбегі
**Мақсаты:** «Бақ-бақ» туралы тақпақ жаттау. Сурет салуға қызығушылығын арттыру, қарындашты оң қолмен ұстауға үйретіп, жаттықтыру.
**Әдіс – тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, таныстыру, бекіту.
**Сөздік жұмыс**: Бақ-бақ

**Қолданатын көрнекі құралдар:** гүлдердің суреттері, акварель бояу, ақ қағаз.

| **Іс-әрекет кезеңдері:** | **Педагогтің іс-әрекеті:** | **Балалардың іс-әрекеті.** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | (Сурет) Алдын – ала сурет арқылы жұмыс жүргізу. | Балалар қызығушылығын арттыру |
| **Ұйымдастырушылық кезеңі** | **Шаттық шеңбер**<br>Балалар жиналды бір топқа<br>Сен менің, мен сенің досыңмын<br>Қане, қолды бер досым,<br>Бірге ойнайық қуана.<br><br>**Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Балаларды тақтадағы суретке назарын аудартады.<br>Суреттегі гүлдердің түрлерімен таныстырады.<br>Гүлдер неше түрлі болып бөлінеді: дала гүлі, қыргүлі, бақшагүлі болып бөлінеді.<br>Дала гүлдері – далада өсетін гүлдерді айтады.<br>Қыр гүлдері – қырда өсетін гүлдерді айтады.<br>Бақша гүлдері деп – бақшада адамның күтіп баптауымен өсетін гүлді айтады<br>Осы гүлдердің бірі қоңырау гүлді бүгін біз суретін саламыз. Қоңырау гүл деп | Шеңберде тұрып жасайды<br><br>Балалар жауап береді.<br><br>Балалар назарын аударады.<br><br>Сұрақ – жауап арқылы балалар түсінеді.<br><br>Сурет салуға кіріседі. |

| | | |
|---|---|---|
| | қоңырауға ұқсайтын болғандықтан қоңыраугүл деп атаймыз.<br>Енді осы гүлді салуға кірісейік.<br>Ал қағаз бетіне бірінші жәй қаламмен гүлдің бейнесін салып алайық.<br>Сосын артынан акварельмен бояймыз.<br>**Сергіту сәті.**<br>Күндей болып күлеміз<br>Гүлдей болып өсеміз<br>Құсатар болып ұшамыз,<br>Көбелектей қонамыз<br><br>Ал ары қарай суретімізді аяқтайық. | Қимылмен жасайды.<br><br><br><br>Суреттерін аяқтайды. |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | - Қандай гүл атауларын білесің<br>- Гүлдер қаншаға бөлінеді екен<br>- Әді салынған гүлдерді көрмеге апарып қояйық! | Балалар сұраққа жауап береді, көрме жасайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:**Гүлдердің атауын
**Нені игерді:** Гүлдің бөліктерін
**Нені біледі:** Ұқыпты етіп сурет салуды.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Балықтар
**Мақсаты:** кесек ермексаздан созу арқылы мүсіндеу дағдыларын жетілдіру; Әртүрлі әдіс-тәсілдермен балықтың сыртын безендіру; мүсіндеу дағдыларын жетілдіру; бейненің сипатын аша білуге бағыт беру; ұқыпты жұмыс істеуге дағдыларын қалыптастыру.
**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрсету.
**Сөздік жұмыс:** сазан, бекіре, кит, дельфин, акула.
**Керекті құралдар мен материалдар:**Аквариумдағы балықтар, әртүрлі балықтардың суреттері, ермексаз, тақтайша, таяқша, қолорамал т.б.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Сюжеттік суреттер, үлестірмелі материалдармен жұмыс жасату. | Балалардың қызығушылықтары оянады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбері:**<br>Күндей жылы<br>Доптай көңілді<br>Жүзіктей әдемі<br>Алмадай тәтті бол!<br>Жыл мезгілдеріне тоқталып өту.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райына бақылау.<br>Балалар мен оқу іс – әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.<br>- Балықтар қайда өмір сүреді?<br>- Олар су түбінде немен қоректенеді?<br>- Балықтың қандай түрлерін білесіңдер?<br>Балалар барлығың келіңдерші аквариумдағы балықтардың қасына. Енді дене құрылысындағы ерекшеліктерге назар аударайық.<br>Сендер балықтың қандай түрін мүсіндегілерің келеді?<br>Мен сендерге жұмыстың орындалу ретін түсіндіріп өтемін, мұқият тыңдаңдар.<br>. Созу тәсілімен балықтың жүзбеқанаттары мен құйрығын қалай шығарып алуға болатынын айту.<br>Көк түсті ермексаз кесегін | Сәлемдеседі.<br>.<br>Қойылған сұрақтарға толық жауап береді?<br>Білетін балық түрлерін айтады.<br>Балалар балықтың қандай түрін мүсіндегісі келетінін өздері анықтайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | жұмсартып аламыз.<br>Ермексазды домалақтап алып, аздап жаншып, жалпайтамыз.<br>Созу тәсілін пайдаланып, жіңішке ширатпалар мен домалақтар жасап аламыз.<br>Балықтың дене бөлігін шиыртпалар және домалақтармен әшекейлейміз.<br>Көздерін мүсіндеп алып, бас бөлігіне бекітеміз.<br>Таяқшаның көмегімен аузын белгілейміз.<br>**Сергіту сәті:**<br>Көлдің беті кілегей,<br>Жер сап-сары бірегей.<br>Тырау-тырау тырналар<br>Түстікке бетті бұрды олар.<br>Қара суық жел есті,<br>Күннің көзі көмескі.<br>Ал, енді әдемі балықтарды мүсіндейміз.<br>Істеріңе сәттілік тілеймін. | Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды.<br><br>Өлең жолдарын пайдаланып, сергіту жаттығуын орындайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Қорытындылау:<br>Балалардың жасаған жұмыстарын бірге талқылау және шағын көрме ұйымдастыру. | Бірге талқылайды, шағын көрме ұйымдастырады.. |

**Күтілетін нәтиже:** Балықты мүсіндеу;
**Нені білу керек:** балықты мүсіндеудің орындалу тәсілін;
**Нені игерді:** ұқсатып жасауға дағдыландыру;
**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Анамызға сыйлық
**Мақсаты:** Балаларға «Ана» өлеңін оқып беріп, мазмұндау. Балалардың ананы сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Түсті қағаздардан гүл құрастыру.Аналарына сыйлық дайындау.
**Әдіс-тәсілдер:** жаттау, көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, ойын, қорыту.
**Сөздік жұмыс:** 8-наурыз, халықаралық, күннің нұры, сәбидің күлкісі, ананың ақ сүті.
**Қолданылатын көрнекіліктер:** аналар мерекесі туралы суреттер, қайшы, желім, түрлі-түсті қағаздар, желім.

| **Іс- әрекет Кезеңдері** | **Тәр иешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Аналар мерекесі бейнеленген сурет арқылы көктемнің алғашқы мерекесі – халықаралық әйелдер мерекесі туралы түсінік беру. | Балалардың қызығушылығы оянады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **1.Шаттық шеңбері:**<br>Балалар дөңгелене тұрып, әр бала өзінің сүйікті аналары туралы ойлап, аналарының өздерін қала еркелетінін айтады.<br>Енді сендер аналарыңа жақсы тілектеріңді білдіріңдер.<br>. **2.Кіріспе бөлімі:**<br>а) Сурет бойынша жұмыс.<br>Дәптердегі аналар мерекесін бейнеленген сурет арқылы түсінік беру.<br>Көктемнің алғашқы мерекесі 8-наурыз – халықаралық әйелдер мерекесі. Бұл сендер сияқты бүлдіршін қыздарымыздың, әпкелеріңнің, ақ жаулықты аналарыңның, әжелердің мерекесі.<br>- Өмірде үш қадірлі зат бар, ол – күннің нұры, сәбидің күлкісі, ананың ақ сүті.<br>- Мерекеде аналарыңа не сыйлағылырың келеді?<br>Ендеше балалар анамызға арнап | Мені анам: «айым, күнім, боташым, ақылдым», - дейді.<br>-Ана – не деген мейірімді, не деген қасиетті жан!<br>-Ана деген болашағы өмірдің!<br>-Ана деген қуанышы көңілдің!<br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Балалар зейін қойып тыңдайды.<br><br>Аналарына сыйлайтын гүлдерді қиып |

| | | |
|---|---|---|
| | сыйлық дайындайық.<br>-Алдымен гүлдің сабағын қоңыр түсті қағаздан қиып аламыз.<br>-Жасыл түсті қағаздан жапырақтарын дайындап аламыз.<br>-Түрлі түсті қағаздан алуан түрлі гүл күлтелерін қиып аламыз.<br>-Соңында дайын болған қиындыларды картонға ретімен жапсырамыз.<br>в) **Д/о: «Кімнің дауысы, табайық!»**<br>Шарты: балалар диктофон немесе таспаға алдын ала жазылған аналарының, әжелерінің сөздерін тыңдап, даусын танып айтады.<br>**Сергіту сәті:**<br>Дала гүлін сыйлық үшін жинаймыз,<br>Кейде оны жұлуға да қимаймыз.<br>Бұл гүлдерді қуанышты сәттерде,<br>Шын жүректен аналарға сыйлаймыз. | жапсырады. .<br><br>Балалар әжелері мен аналарының дауыстарын ажыратады.<br><br>Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Қорытынды:**<br>- Үйде аналарыңа көмектесесіңдер ме?<br>- Аналарыңа қандай сыйлық жасайсыңдар? | Балалардың жауаптары тыңдалады. . |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі екенін білу керек;
**Нені игерді:** өмірде үш қадірлі зат бар екенін түсінді;
**Нені біледі:** аналарға қандай сыйлық сыйлау керектігін

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Гүлдер әлемі
**Мақсаты:** Балаларға гүлдердің түрлері туралы ертегі оқып беріп, мазмұндау. Балаларды бояумен сурет салуға қызығушылығын арттыру. Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.
**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.
**Сөздік жұмыс:**.бәйшешек, қызғалдақ, қыр.
**Көрнекіліктер:** көктемнің алғашқы гүлдері салынған сурет, акварель бояулар, қарындаштар, су,қылқалам, қолорамал.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Көктемнің алғашқы гүлдерінің суретін көрсетіп, балалардан олардың аттарын сұрау | Балалардың қызығушылығы оянады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбері:**<br><br>Жаңбыр, жаңбыр жауасың,<br>Жанымызға дауасың.<br>Біз ойнайтын ауланың<br>Тазартасың ауасын.<br><br>Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.<br><br>Өзі сондай нәзік<br>Су құйсаң кетеді,<br>Алақанын жазып.<br>(Гүл)<br>Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады.<br>- Гүлдер қайда өседі?<br>Дұрыс айтасыңдар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз.<br>- Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсыңдар?<br>- Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды.<br><br>**Суретке назар аудару.**<br>- Суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>- Мына гүлдердің аттары қандай?<br>-Қызғалдақ пен бәйшешек | Балалар тәрбиешімен бірге өлеңді қайталайды.<br><br>Шешуін табу, есте сақтау<br><br>-Далада, тауда, қырда.<br><br>-Қыр гүлі, дала және тау гүлі деп атаймыз.<br><br>-Гүлдер<br>-Қызғалдақ, |

| | | |
|---|---|---|
| | көктемнің алғашқы гүлі. Гүлдердің әдемілігіне қарай иістері де хош иісті болады.<br>Мен сендерге суреттің салу реттілігін түсіндіріп өтейін.<br>-Дөңгелек затты түрлі бағыттағы түзу сызықтармен үйлестіріп салу.<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап дем алам.<br>Қанатымды бір қағып,<br>Гүлдей болып жайқалам. | бәйшешек.<br><br>.<br><br>Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Қорытынды:**<br>Балалардан салған суреттерін бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы салынған суреттерді үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау.<br>Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту. | .Балалар салған суреттеріне талдау жасайды, жақсы салынған суреттерді тақтаға үлгі ретінде іледі. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек**: көктемнің алғашқы гүлдерінің атауын біледі;
**Нені игерді:** гүлдердің әдемілігіне қарай олардың иістері де хош иісті болып келетінін түсінді;
**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете алады.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Орманда

**Мақсаты:** Балаларға орман туралы әңгімелеу балалардың ынта – ықыласын арттыру, көтеріңкі көңіл – күй туындату.

**Әдіс – тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, бекіту.

**Сөздік жұмыс**: Орман

**Қолданатын көрнекі құралдар:** орман суреттері.желім, қайшы, қағаз.

| **Іс-әрекет кезеңдері:** | **Педагогтің іс-әрекеті:** | **Балалардың іс-әрекеті.** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушылық** | Алдын ала суретпен жұмыс жүргізу. | Балалар назарын аударыды |
| **Ұйымдастырушылық кезеңі** | **Шаттық шеңбері**<br>Амандасу үлкенге<br>Тәрбиенің басы ғой<br>Сәлем дейік үлкенге<br>Қосылып бірге айту<br><br>**Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Балаларды орманның суреттерімен таныстыру.<br>Орман жылдың 4 мезгілінде қалай өзгеріп тұрады?<br>1. Суретте орманның көктем мезгіліндегі уақыты<br>2. Суретте орманның жаз мезгіліндегі уақыты<br>3. Суретте орманның күз мезгіліндегі уақыты<br>4. Суретте орманның қыс мезгіліндегі уақыты.<br>Осы орман суреттерінің айырмашылығын анықтап, түсіндіру.<br>Жазда көк, көктемде көк, күзде сары түске, қыста аппақ түске айналатынын білдік.<br>Енді осы орманды қағазға түрлі – түсті қағаздармен орманның | Шеңберге тұрады<br><br>Балалар жауап береді<br><br>Балалар мұқият тыңдайды<br><br>Сүреттерге мұқият, зейін қойып қарайды.<br><br>Тапсырманы қызығушылықпен орындайды |

| | | |
|---|---|---|
| | бейнесін жапсырамыз.<br>**Сергіту сәті**<br>Ормандағы аюдың,<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп – теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br><br>Балалардың жапсырған суреттерін тәрбиеші мұқият қарап, көмек керектеріне, көмектесіп, басқа балаларды мадақтайды | Қимыл іс – әрекеттермен орындайды.<br><br>Балалар қуануда |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | - Орман дегенімізді қалай түсінеміз?<br>- Төрт мезгілді атаңдар?<br>- Жыл мезгілінде дала қандай түске бөленеді?<br>- Осы жасаған заттарыңды көрмеге қойыңдар! | Балалар сұраққа жауап береді<br><br>Көрме ұйымдастыру. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** Жылдың төрт мезгілге бөлінетінін
**Нені игерді:** орман туралы ұғымды үйренді.
**Нені біледі:** 4 жылда орман төрт түске боялатынын

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Көлде жүзген аққу

**Мақсаты:** Балаларға көлде жүзетін құстар туралы әңгіме оқып беру. Тұзды қамырды ұқыпты бояу. Қол икемділіктерін арттыру.
**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, түсіндіру, жұмбақ, бекіту.
**Сөздік жұмыс:** аққу.
**Көрнекіліктер:** Аққудың суреті.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Тақырыптық сурет бойынша жұмыс жүргізу. | Балалардың қызығушылығы оянады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбері:**<br><br>Аспан түрді түндігін<br>Жерге сәуле жайылды.<br>Неткен ашық күн бүгін,<br>Қайырлы таң, қайырлы!<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.**<br>Жыл мезгілдеріне тоқталу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>**Жұмбақ:**<br>Садақша мойнын иілтіп,<br>Көрген жанды сүйінтіп,<br>Жүзгенде көлдің сәні өзі,<br>Судағы құстың нәні өзі.<br>Жердегі құстың серкесі;<br>Көктегі құстың еркесі. (Аққу)<br><br>Аққу атына заты сай. Өте аппақ құс болғандықтан, бұл құсты аққу дейміз. Балалар аққу өте қасиетті құс. Құстардың ішіндегі ең сұлу құс аққу. Бұл құс көлде жүзеді. Аққуды атуға болмайды. | Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды.<br><br>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізеді.<br><br>Шешуін табу, есте сақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Мақал:**<br>Аққуды атпа,<br>Досыңды сатпа.<br>Қазір біз осы көлде жүзген аққу құсын ермексаздан мүсіндейміз. Алдымен бізге ақ түсті ермексаз керек. Ал, көлге көк түсті ермексазды қолданамыз.<br>Жұмыстың орындалу реті түсіндіріледі.<br>**Сергіту сәті:**<br>Бір екі, үш,<br>Жинап алып күш.<br>Біз ұшамыз кептерше<br>Қолымыз жерге жеткенше.<br>Балалар сендердің істеріңе сәттілік тілеймін. | Мақалды жатқа айтқызу.<br>Жұмыстың орындалу ретін мұқият тыңдайды.<br>Қимылмен көрсетеді.<br>Балалар жұмысқа кірісіп кетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Оқу іс-әрекетті қорыту:**<br>Балалардың жасаған жұмыстарынан кішігірім көрме ұйымдастыру. | Салған суреттеріне қызыға қарайды.. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** жұмыстың орындалу ретін білу керек;
**Нені игерді:**
**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Қайықша
**Мақсаты:** Балаларға қайық туралы әңгімелеп тақпақ жаттау. Қайықшаны түрлі қағазбен бүктеу тәсілдерін жасауға жаттықтыру..
**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру.
**Сөздік жұмыс:** қайықша
**Көрнекіліктер:** тақырыптық сурет

| Іс- әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу. | Балалардың қызығушылықтары артады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбер:**<br><br>Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ,<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күн шуақ.<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:**<br><br>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br>Көліктер үш түрге бөлінеді. Олар: жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі. Осы көліктердің ішінен бүгін біз су көлігінің бірі қайықшамен танысамыз.<br>-Балалар көліктердің бір түрі су көліктерін атап өтейікші?<br>-Қайық, кеме. Соның бірі қайықты жасап көрейік.<br>Ал балалар, алдымыздағы қағаздардан бүктеу әдісі арқылы қайықша жасаймыз.<br>Жұмыстың орындалу ретімен | Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді.<br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br>Шешуін табу, есте сақтау.<br><br>Балалар жұмысқа кірісіп кетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | таныстырып өтейін.<br>**Сергіту сәті:**<br>Жаз келіпті дегенше,<br>Алма пісті дегейсің.<br>Бағымызда ендеше<br>Алма тарту көбейсін.<br>Жаз келіпті дегенше,<br>Қарбыз пісті дегейсің,<br>Бақшамызда ендеше<br>Қарбыз жинау көбейсін.<br><br>Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді. | Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалардың жұмыстарына талдау жасау. Жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру. . | Балалар салған суреттеріне сипаттама береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** қайықшаны бүктеу әдісі арқылы жасауды;

**Нені игерді:** сюжетті композиция құрастыруды игерді;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Қонжық
**Мақсаты:** Аюдық баласы туралы ертегі оқып беру, мазмұндау. Әртүрлі материалдарды біріктіріп, аюлар бейнесін жасауға үйрету. Дене бөліктерін біріктіріп, желімдеу, балалардың ой-қиялын дамыту.
**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.
**Сөздік жұмыс:**.қонжық
**Көрнекіліктер:** әңгіме желісіне сай суреттер.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Аюдық баласы туралы ертегі оқып беру. | Балалардың қызығушылығы оянады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбері:**<br><br>Кел балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады»<br>Күліп өмір сүрейік!<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:**<br><br>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.<br><br>Тәтті көрсе бас салар,<br>Айнымайды баладан. (Аю)<br><br>Балалар үйде өмір сүретін жануарлар үй дануарлары, орманда, далада өз бетімен өмір сүретін жануарлар жабайы аңдар. Аю да жабайы аңдарға жататынын бәріміз білеміз.<br>Аюдың баласын қалай атаймыз?<br>Демек біз қазір аюдың баласы | Балалар тәрбиешімен бірге өлеңді қайталайды.<br><br>Шешуін табу, есте сақтау<br><br>Тыңдайды. Түсінбегендерін сұрайды.<br><br>. |

| | | |
|---|---|---|
| | қонжықты әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қоңыр түсті матамен қонжықтың бейнесін жасаймыз.<br>-қайшы алып қонжықтың бейнесін пішіп, кесіп аламыз.<br>-ақ қағаз бетіне желіммен жапсырамыз.<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Аю-маң-маң басады,<br>Түлкі бұлаң қағады,<br>Қасқыр ылаң салады,<br>Қоян үркіп қашады,<br>Күн сәулесі төгілді,<br>Орман іші көңілді | Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Қорытынды:**<br>Балалардан жасаған жұмыстарын бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы дайындалған жұмыстарды үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау.<br>Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту. | .Балалар жақсы жасалған жұмыстарын тақтаға үлгі ретінде іледі. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек**: жұмыстың орындалу барысын;
**Нені игерді:** қонжықты пішіп, өлшеп, кесуді;
**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете алады.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Алқаптағы гүлдер
**Мақсаты:** «Көктем» мезгілінде өсетін гүлдер туралы тақпақ жаттау. Көктем гүлдерін жинақтап, кептіріп жапсыру.
**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру.
**Сөздік жұмыс:**.бәйшешек, қызғалдақ, қыр.
**Көрнекіліктер:** көктемнің алғашқы гүлдері жапсырылған суреттер.

| **Іс-әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Көктемнің алғашқы гүлдерінің суретін көрсетіп, балалардан олардың аттарын сұрау | Балалардың қызығушылығы оянады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбері:**<br><br>Жаңбыр, жаңбыр жауасың,<br>Жанымызға дауасың.<br>Біз ойнайтын ауланың<br>Тазартасың ауасын.<br><br>Мен сендерге оқу іс-әрекетін жұмбақпен бастағым келіп тұр.<br><br>Өзі сондай нәзік<br>Су құйсаң кетеді,<br>Алақанын жазып.<br>(Гүл)<br>Гүлдер әсем де, әдем және алуан түрлі болады.<br>- Гүлдер қайда өседі?<br>Дұрыс айтасыңдар. Далада өсетін гүлді дала гүлі дейміз.<br>- Ал қырда, далада және тауда өсетін гүлді қалай атайсыңдар?<br>- Гүл жер бетіне көрік беріп тұрады. Ал адамдарға болса қуаныш, көңіл сыйлайды.<br><br>**Суретке назар аудару.**<br>- Суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>- Мына гүлдердің аттары қандай?<br>-Қызғалдақ пен бәйшешек | Балалар тәрбиешімен бірге өлеңді қайталайды.<br><br>Шешуін табу, есте сақтау<br><br>-Далада, тауда, қырда.<br><br>-Қыр гүлі, дала және тау гүлі деп атаймыз.<br><br>-Гүлдер<br>-Қызғалдақ, |

| | | |
|---|---|---|
| | көктемнің алғашқы гүлі. Гүлдердің әдемілігіне қарай иістері де хош иісті болады.<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап дем алам.<br>Қанатымды бір қағып,<br>Гүлдей болып жайқалам.<br><br>Демек біз алдымыздағы кеуіп тұрған гүлдерді ақ қағазға жапсырамыз. Міне, алқаптағы гүлдер де жапсырылып дайын болды. | бәйшешек.<br><br>.<br><br>Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | **Қорытынды:**<br>Балалардан жасаған жұмыстарын бір-біріне көрсетіп, талдауларын және достарының еңбектерін бағалап, жақсы жапсырылған суреттерді үлгі етіп тақтаға өздерінің ілулерін сұрау.<br>Барлық балаларды мақтау сөздерін айтып қуанту. | .Балалар салған суреттеріне талдау жасайды, жақсы салынған суреттерді тақтаға үлгі ретінде іледі. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек**: көктемнің алғашқы гүлдерінің атауын біледі;
**Нені игерді:** кептірілген гүлдерден жұмыс жасауды;
**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете алады.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Құстар
**Мақсаты:** Балаларға «Құстар» туралы ертегі әңгімелер оқып беру. Тақпақ жаттау. Балаларды табиғаттағы құстарды аялап, баптап, күте білуге үйрету. Құстарға деген қамқорлық көзқарастарын тереңдету. Құстардың суретін салу. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.
**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру, бекіту.
**Көрнекіліктер:** құстар бейнеленген суреттер, қағаз, гуашь, қылқалам, қарындаштар, су, қолорамалдар.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Алдын ала құстар бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізу. | Балалардың қызығушылықтары артады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық.<br>Әдепті де, тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық.<br>- Өз жерімізде қандай құстар кездеседі?<br>- Қандай құстардың түрлерін білесіңдер? Олар табиғатты неден қорғайды?<br>Өте дұрыс айттыңдар. Құстар да табиғаттың бір бөлігі.<br>Құстардың дене құрылысына сипаттама берейік.<br>- Қане, құстар туралы қайсың өлең білесіңдер.<br>Бүгін біз құстардың суретін саламыз. Жұмыс дәптеріндегі құстардың суретін салу ретін таныстырып өтейін. Дөңгелек және сопақша пішіндердің көмегімен сурет салу тәсілін еске түсіру. Жай қарындашпен сопақша денесін саламыз. | Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді.<br><br>Балалардың Жауаптары тыңдалады.<br><br>Білетін өлеңдерін айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сопақшаның бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына үшбұрыштың құйрықтың нобайын саламыз.<br>Қанатын сопақша пішінде келтіреміз.<br>Аяғы, тұмсығы, көзін саламыз.<br>Құстың суретін бояймыз.<br>Өз қалауларың бойынша суретті ары қарай салуларыңа болады.<br>Жеке жұмыс кезінде балалардың сурет салу кезінде пропорцияны дұрыс сақтауына, қылқаламмен жұмыс жасау тәсілдеріне көңіл бөліп, қадағалау керек.<br>Жай қарындашпен сопақша денесін саламыз.<br>Сопақшаның бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына үшбұрыштың құйрықтың нобайын саламыз.<br>Қанатын сопақша пішінде келтіреміз.<br>Аяғы, тұмсығы, көзін саламыз.<br>Құстың суретін бояймыз.<br>Өз қалауларың бойынша суретті ары қарай салуларыңа болады.<br>Жеке жұмыс кезінде балалардың сурет салу кезінде пропорцияны дұрыс сақтауына, қылқаламмен жұмыс жасау тәсілдеріне көңіл бөліп, қадағалау керек.<br>Сергіту сәті:<br>Қане қанат қағайық, қарлығаш боп ұшайық,<br>Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық.<br>Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық, | Құстардың суретін салу ретімен танысады.<br><br><br><br>Қимылмен көрсетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сауысқан боп секіріп, тоқылдақ боп шоқиық. | |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру. | Балалар салған суреттеріне сипаттама береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** құстарды бейнелеп салуды біледі;

**Нені игерді:** сюжетті композиция құрастыруды игерді;

**Нені біледі:** құстар туралы жұмбақтар, өлеңдерді жатқа біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Жаңбыр
**Мақсаты:** Шығарманы оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Балаларды кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Үлкендерді құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу. «Жаңбырдың» суретін саусақ арқылы салу.
**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру.
**Көрнекіліктер:** жаңбыр бейнеленген суреттер, қағаз, гуашь, қылқалам, қарындаштар, су, қолорамалдар.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Алдын ала құстар бейнеленген сурет арқылы жұмыс жүргізу. | Балалардың қызығушылықтары артады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбер:**<br><br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық.<br>Әдепті де, тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық.<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:**<br><br>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Жылдың үш мезгілінде де жаңбыр жауады. Өздеріңде білесіңдер көктем мен күзде жаңбыр жиі-жиі жауады. Жаңбырдың мынандай түрлері болады, ақжауын, нөсер жауын, өткінші жауын. Ақжауын тоқтаусыз жауатын жаңбыр. Нөсер жауын құйып жауады. | Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді.<br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады. |

| | | |
|---|---|---|
| | Өткінші жауын күн шығып тұрады, соның өзінде жауын жауып өтеді.<br><br>Бүгін біз жаңбыр тамшысының суретін көк түсті гуашь бояуымен саламыз. Ең алдымен бояуға саусағымызды малып, қағаз бетіне бастырамыз.<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Боран соқты гу-гу,<br>Найзағай жарқылдады топ-топ,<br>Жаңбыр жауды тырс-тырс,<br>Күн ашылды.<br><br>Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді. | Жаңбырдың суретін салу ретімен танысады.<br><br>Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру. | Балалар салған суреттеріне сипаттама береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** жаңбырды бейнелеп салуды біледі;

**Нені игерді:** сюжетті композиция құрастыруды игерді;

**Нені біледі:** жаңбыр туралы жұмбақтар, өлеңдерді жатқа біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Шалғын шөптер

**Мақсаты:** Балаларға шөптер туралы әңгіме оқып беру арқылы, білгендерін жетілдіру. Шөпті ақ қағазға жұлмалау әдісі арқылы жапсыру.

**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру.

**Сөздік жұмыс:** шалғын

**Көрнекіліктер:** шалғын шөп бейнеленген суреттер, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім

| Іс- әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу. | Балалардың қызығушылықтары артады. |
| **Ұйымдастырушылық -ізденістік** | **Шаттық шеңбер:**<br><br>Табиғатқа қамқор боп,<br>Байлығын біз қорғайық.<br>Әдепті де, тәртіпті боп,<br>Жақсылығын қолдайық.<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:**<br><br>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Балалар келіңдер терезенің тұсына, айналаға көз жүгіртіңдерші. Айнала жап-жасыл шалғын шөптерімен жайқалып тұр. Шалғын шөптердің пайдасы жерден шаң көтерілгенде өздеріне шаңды жұтып, ауаны тазартып тұрады.<br>Қане, балалар енді біз «Шалғын шөптердің» суретін саламыз. | Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді.<br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br>Балалар терезеден қарап, айналаға көз жүгіртеді.<br><br>Жасыл түсті қағазды жырту әдісі |

| | | |
|---|---|---|
| | Шөпті ақ қағазға жасыл түсті қағаздан жұлмалау әдісі арқылы желіммен жапсырамыз.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі.<br>Кіп-кішкентай балалар,<br>Үп-үлкен болып өседі.<br><br>Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді. | арқылы ақ қағазға шалған шөптің бейнесін жапсырамыз.<br><br>Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру. | Балалар салған суреттеріне сипаттама береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** шалғын шөпті бейнелеп салуды біледі;
**Нені игерді:** сюжетті композиция құрастыруды игерді;
**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Жайлауда
**Мақсаты:** Балаларға «Жайлау» туралы әңгімелеп, мазмұндау. Жайлаудың бейнесін әр түрлі заттардан бейнелеп жасау.
**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру.
**Сөздік жұмыс:** шалғын
**Көрнекіліктер:** жайлау бейнеленген сурет.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу. | Балалардың қызығушылықтары артады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбер:**<br><br>Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ,<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күн шуақ.<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:**<br><br>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>**Жұмбақ:**<br>Күндер ысып, шөп пісіп,<br>Ел пішенін орады.<br>Бөбектерім, айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады? (Жазда)<br><br>Жаз мезгілі ең қызықты кезең. Жазда күн ыстық болады. Балалар жазғы демалысқа шығады, суға шомылып, демалатын орындарға барады, кейбір балалар жайлауға | Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді.<br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br>Шешуін табу, есте сақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | ата-әжелеріне барады. Жайлаудың шөбі шалғын, ауасы өте таза және салқын болады.<br>Бүгін жайлауды қол еңбегі арқылы әртүрлі табиғи және керексіз және түрлі түсті картонмен бейнелеп жасаймыз.<br>Жұмыстың орындалу ретімен таныстырып өтемін, мұқият тыңдаңдар.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Жаз келіпті дегенше,<br>Алма пісті дегейсің.<br>Бағымызда ендеше<br>Алма тарту көбейсін.<br>Жаз келіпті дегенше,<br>Қарбыз пісті дегейсің,<br>Бақшамызда ендеше<br>Қарбыз жинау көбейсін.<br><br>Балалардың жұмыстарының орындалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді. | Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.<br><br>Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру. | Балалар салған суреттеріне сипаттама береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** жайлауды бейнелеп салуды біледі;

**Нені игерді:** сюжетті композиция құрастыруды игерді;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

**Вариативтік компонент:** Өнерлі екен он саусақ

**Тақырыбы:** Көрме ұйымдастыру

**Мақсаты:** Жыл бойы жақсы жасалған жұмыстардан ата-аналарға арнап көрме ұйымдастыру.

**Әдіс-тәсіл:** көрсету, түсіндіру.:

**Көрнекіліктер:** жайлау бейнеленген сурет.

| **Іс- әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс-әрекеті** | **Балалардың іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | Алдын ала тақырыптық сурет арқылы жұмыс жүргізу. | Балалардың қызығушылықтары артады. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | **Шаттық шеңбер:**<br><br>Жайқалып жапырақ,<br>Құлпырып қызғалдақ,<br>Тұратын көз тартып,<br>Жаз келді күн шуақ.<br><br>**Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізіледі:**<br><br>Табиғат күнтізбесімен жұмыс жүргізу.<br>Ай аттарын сұрау.<br>Апта күндерін атау.<br>Ауа райын бақылау.<br><br>Жыл бойы қандай қол еңбегін жасадық? Ең бірінші «Ұшақ», «Аққулар», «Сиыр», «Паравоз», «Әтеш пен бақа», «Алтын балық», «Қайық», «Қашқаргүл», «Арыстан», «Аққала», «Үйрек», «Түймедақ», «Қысқы киім», «Тасбақаның суретін саламыз», «Досыма сыйлық», «Қалампыр», «Тату жанұя», «Қоңырау гүлдер», «Молшылық, береке», «Бақа», «Қаздың балапаны», «Бақ-бақ», «Балықтар», «Анамызға сыйлық», «Гүлдер әлемі», «Орманда», | Өлең жолдарымен қимыл көрсетеді.<br><br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br><br>Шешуін табу, есте сақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | «Көлде жүзгенаққу», «Қайықша», «Қонжық», «Алқаптағы гүлдер» «Құстар», «Жаңбыр», «Шалғын шөптер».<br>Осы жасаған жұмыстарымыздан ата-аналарға көрме ұйымдастырамыз.<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Жаз келіпті дегенше,<br>Алма пісті дегейсің.<br>Бағымызда ендеше<br>Алма тарту көбейсін.<br>Жаз келіпті дегенше,<br>Қарбыз пісті дегейсің,<br>Бақшамызда ендеше<br>Қарбыз жинау көбейсін.<br><br>Балалардың жұмыстарының ордалу барысын қадағалап, қиналған балаларға көмек көрсетеді. | Балалар жұмысқа кірісіп кетеді.<br><br>Қимылмен көрсетеді. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | Балалардың ең жақсы, таза, ұқыпты орындалған суреттеріне назар аударып, сипаттама беру. | Балалар салған суреттеріне сипаттама береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** жайлауды бейнелеп салуды біледі;

**Нені игерді:** сюжетті композиция құрастыруды игерді;

**Нені біледі:** жасаған жұмыстарын көрсете біледі.

БЕКІТЕМІН:
ЖШС «Er-Asul» «Бал Бұлақ» балабақшасының
Меңгерушісі : Серікова Ж.М

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған 2022-2023 жылына арналған кіші «Ботақан »тобының вариативті компоненті**

## Түсінік хат.

Әр баланы жеке тұлға ретінде, оның шығармашылық әлеумететін, қабілеттілігі мен қызығушылықтарын дамыту мақсатында құрылған перспективтік жоспар.

Ертегіні сахналау арқылы бүлдіршіннің шығармашылық қабілетін дамыту қазіргі кезде мектепке дейінгі мекеменің ең басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Сахна әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Кезінде орыстың ұлы ақыны сахнаны «Сиқырлы өлке!» деп атаған. Қазақ өнер жұлдыздарының бірі Шәкен Айманов «Сахна – адамдарды туыстандыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері – тіл жетпес құдіретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» деген сенімде болған. Өнердің осы бір ғажайып түрімен жүздескен үлкендер де, балалар да ұлы ақынның, теңдесі жоқ режиссердің айтқан осы дана сөздерінің мағынасы мен мәнін өз сезімдерімен теңдей бөліседі.

Өзінің көрерменімен әрбір жаңа жүздесуінде сахналық өнер қайта жаңарғандай болады және ешнәрсемен теңдесі жоқ бірге күйзелу сезімін сыйлайды. Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде сахна (театр) ерекше рөл атқарады. Сахналандырылған ойындар, ойын – қойылымдары болып саналады, өйткені олар әдеби шығармалар түрінде белгілі бір мазмұнға ие, сондықтан балалар кейіпкерлерді ойнайды. Онда нағыз театр өнеріндегідей айшықты құралдар көмегімен – дауыс ырғағы, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс-тұрысы арқылы нақты бейнелер қалыптасады.

Бірінші сәбилер тобынан бастап, балалар тәрбиешінің көмегімен кішігірім әндерді, тақпақтарды, жұбату өлеңдерін, кіші сахна көріністерін ойнаса, екінші сәбилер тобында театрдың ойыншықтарын пайдалана отырып, мұны одан да әрі жалғастырса, онда ересектер тобында театр іс-әрекеті өз бетінше жүргізіледі.

Балалар беске қараған жасында, театр іс-әрекеті үрдісінде, рөлдерді орындау барысында өзіндік жеке ерекшеліктерді енгізуге белсенді ұмтылады. Мектепке дейінгі ересектер жасында балаларды көркемдік – бейнелік айшықтықтың амалдарына арнайы үйрету мүмкіндігі туады. Қарапайым шығармалардан кереметтей сахналық көрініс жасауға болады. Сахналық жүру, тұру, сөйлеу, өзін-өзі білу, сыйлау мәдениетіне үйренеді. Рөлді ойнау арқылы бала жағымды әдет, жақсы қасиеттерді ажырата білуге үйренеді, өзі жаман қасиеттерді қайталамауға тырысады.

**Мақсаты:**Балалардың көрген театрдың өзінен, сондай – ақ өздері қойған сахналық қойылымдар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, көрініс туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Осының барлығы баланың сөйлеу қабілетінің дамуына, анық сөйлеуіне, өзі алған әсерін монолог түрінде жеткізуге себебін тигізеді.

Ертегі кейіпкерлерінің рөлдерінде ойнап, кейіпкерлердің сөздерін, диалогтарын жаттап алу арқылы балалардың тілдері дамып, сөз байлықтары молайып отырады. Ал қуыршақ театрында кейіпкерлердің рөлдерін қуыршақтар ойнайды.

Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын дамыту

соғұрлым табысты болады.Тіпті сәбилер тобынан бастап – ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілуі үшін үстел үстіндегі театрды, қысқа сахналық қойылымдарды қолдана берген жөн.

**Міндеті:**

Балалар ой-өрісінің кеңеюіне байланысты сахналық ойындар күрделене түсуі тиіс.

- Бірінші кезеңде балалар ұжым болып, ертегі мәтінін ауызша айтады. - Екінші кезеңде ертегінің барлық кейіпкерлерінің сөздері балаларға ұсынылады.
- Үшінші кезеңде балалар бірнеше шығармашылық тапсырмаларды орындайды.
- Төртінші кезеңде рөлдерге бөліп, ертегіні ертеңгіліктерде, театрлық ойындар іс - әрекетінде ойнап көрсетеді. Соның айғағы ретінде біздің балабақшадағы қолданылған сахналық қойылымдардан, ертегіні сахналаудан үзінді ұсынамын.

Сондай – ақ, ғалымдар сахна іс – әрекетінің тиімділігі көбінесе балалардың бейнелеу шығармашылығы оқу іс – әрекетінің кешенді болуына байланысты екендігін айқындайды. Сәндік безендіру шығармашылығы үрдісінде балалар ойлану, ойын дамыту және қиялдау мүмкіндігіне ие болады, мұның барлығы орындалатын бейнелердің мәнді болуына қолайлы әсер етеді

-Балаларды айналаны қоршаған әлеммен, оның түрлі қыр-сырларымен, бейнелер, бояулар,дыбыстар арқылы таныстыру.

-Балалардың бойында адамның көңіл-күйіне, бет пішінін, қимыл-қозғалыстарын, дауыс ырғағына қарай тани білу қабілеттерін дамыту.

-Балалардың бойында достық, адалдық, батылдық, жан ашырлық қасиеттерін тәрбиелеу.

Әлемді тек ақылмен ғана емес, жүрекпен де тани білуге үйрету. Әр түрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады. Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне қарай берілетін ертегілердің мазмұны әсерлі көңіл-күйді білдіре отырып, сезіне білуге үйретеді. Мектепке дейінгі жас балалардың қабілеттілігін, бейімділігін және сондай-ақ тілінің дамуына өте оңтайлы кезең. Мектеп жасына дейінгі балалардың театрландырылған іс-әрекеттерін ұйымдастыру балалар шығармашылығын және білім алудың жаңа қабілеттері мен дағдыларды үйренуге жағдай жасаумен қатар, балаға өмірде өзінің тиісті орнын табуға көмектеседі, өзін - өзі көрсете білуге ықпал жасайды

**Күтілетін нәтиже:** Балалардың тілін дамиды , қоршаған ортада еркін өздерін дұрыс ұстай алады, өз ойын толық жеткізе біледі. Қарым- қатынас дұрыс жолға қойылып, бір – біріне деген ыстық ықыластар пайда болады.

## Кіші «Ботақан» тобының «Ертегілер елінде» вариативтік компонентің перспектикалық жоспары

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | 1 «Бауырсақ» ертегісі | Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту | 1 |
| 2 | «Бұл бауырсақ - кішкентай қу аң» | Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып,  балалардың қызығушылықтарын арттыру. | 1 |
| 3 | «Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін...» | Тілдерін жаттықтыру. | 1 |
| 4 | «Бауырсақ» ертегісі нің қойылымы | Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру. | 1 |
| 5 | «Шалқан» ертегісі | Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту. | 1 |
| 6 | «Ата мен әжемде қонақта болғанда» | Шалқанды отырғызу кезінде айтылатын өлең шумағы арқылы ба лалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту. | 1 |
| 7 | «Осындай үлкен шалқан...» | Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету. | 1 |
| 8 | «Шалқан» ертегісін сахналау | Кейіпкерлердің рөлін атқара білуг е дағдыландыру. | 1 |
| 9 | «Үш аю» ертегісі | Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдер ін дамыту. | 1 |
| 10 | «Қане досым, сөзге қосыл» | Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру. | 1 |
| 11 | «Үшаюда қонақта» | Тілдерін жаттықтыру. | 1 |
| 12 | «Үш аю» | Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру, ертегіні сахналау. | 1 |
| 13 | «Үйшік» ертегісі | Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту | 1 |
| 14 | «Үйшік» ертегісі | Балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту. | 1 |
| 15 | «Қәне досым, сөзге қосыл» | Белсенді балаларды кейіпкерлердіңрөлдерін эмоция арқылы көрсете білугеүйрету. | 1 |
| 16 | «Көз көруге тоймайды,құлақ есту ге жалықпайды» | Кейіпкерлердің рөлін атқара білуг е дағдыландыру,ертегіні сахналау. | 1 |
| 17 | «Түлкі мен қояндар» ертегісі | Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 18 | «Түлкі, түлкі, түлкішек» | Қимылды ойындар арқылы кейіпкерлердің рөлін айтып, белсенді балаларды таңдай отырып, қызығушылығын арттыру. | 1 |
| 19 | «Қу түлкі мен қорқақ қояндар» | Ертегідегі қоян мен түлкінің сөздерін балаларға үйрету. Түлкі мен қояндар арасындағы диалог | 1 |
| 20 | «Түлкі мен қояндар» | Балалардың рөлді дұрыс ойнай білуін және сөздердегі әр дыбыстарды анық айтуларын қадағалау.Ертегіні сахналау. | 1 |
| 21 | «Қоянның үйшігі» ертегісі | Ертегі мазмұнымен таныстырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру. | 1 |
| 22 | «Оқы да біл, ойна да күл» | Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету. | 1 |
| 23 | «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті да у алмайды» | Кейікерлердің сөздерін дұрыс айтуларын қадағалау және рөлдерін ретімен орындауға үйрету. | 1 |
| 24 | «Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды» | Ертегінің мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс – әрекетіне қарап, әсерлі көңіл- күйін білдіре отырып сезіне білуге үйрету. Ертегіні сахналау. | 1 |
| 25 | «Жеті лақ және қасқыр» ертегісі. | Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып тілдік қорларын байыту. | 1 |
| 26 | «Лақтарым менің, лақтарым менің... » | Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету. | 1 |
| 27 | «Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге, сүт әкелді» | Ертегіге деген қызылушылықтарын арттыру. | 1 |
| 28 | «Жеті лақ және қасқыр» ертегісі | Әр баланың өз рөлін дұрыс орындауын қадағалау.Ертегіні сахналау. | 1 |
| 29 | «Алтын айдарлы әтеш» ертегісі | Ертегінің мазмұнымен таныстыру | 1 |
| 30 | «Жібек сақалы бар, майға батырып алған басы бар» | Кейіпкерлердің рөлдерін бере отырып, балаларға сөздері мен қимыл – қозғалыстарын үйрету. | 1 |
| 31 | «Сымбатты әтеш» | Балаларды ертегіні диалог бойынша орындауға үйрету. | 1 |
| 32 | «Алтын айдарлы әтеш» ертегісі | Ертегідегі кейіпкерлердің рөлін дұрыс орындауларын қадағалау, сахналау. | 1 |
| 33 | «Ертегі әлеміне саяхат» | Өткен ертегілерді еске түсіріп, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы білімдерін тиянақтау. | 1 |
| 34 | «Ертегі елі жермен келе, жатыр!» | Ертегі кейіпкерлерінің жағымды – жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету. | 1 |
| 35 | «Ертегі әлеміне саяхат» | Өткен ертегілерді еске түсіріп, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы білімдерін тиянақтау. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 36 | «Ертегі еліне саяхат» | Ертегі кейіпкерлерінің жағымды – жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету. | 1 |

**Вариативтік компонент**
**Тақырыбы:«Бауырсақ».**

Мақсаты:Балаларды ертегі мазмұнын түсініп оны әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту. Көңіл -күйлерін терең түсініп, аяушылық сезімге қамқоршы болуға тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс: ұн, қамыр,илеу.
Қостілдік компоненті:ұн - мука, қамыр- тесто, илеу- замесить.
Әдіс- тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сурет арқылы әңгіме ойын, сұрақ-жауап, қортындылау.
Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер сүреттері

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | -Балалар, сендер ертегілерді көп білесіндер ме? - Ертегілерді жақсы көресіңдер ме? -Балалар ертегілерді естеріңе түсіріңдерші, олар қалай басталушы еді? - Олай болса мен сендерге бүгін бір тамаша ертегіні айтып беремін, сендер мұқият тыңдандар | - Әрине.<br>- Иә.<br><br>- Ерте, ерте, ертеде ... |
| Іздену ұйымдастырушы | 1) Кейіпкерлерді атап шығады.<br>-Бұл кейіпкерлердің мінезі қандай?<br>- Қоян?<br>- Ал түлкі қандай?<br>- Аю?<br>- Қасқыр?<br>- Бауырсақ?<br>3) Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларын түйіп айтқызу.<br>4) Баланың түсінгеніне қарай, жақсы қатысқанына қарай кейіпкерлерді таңдап, рольдерін беру. Қандай мінез қылықта болатындарын айту. | Бауырсақ, қоян, түлкі, аю, әже, ата.<br><br>- мейірімді, қорқақ, аңқау - қу, жаман - салмақты - ашулы - көңілді.<br>Ертегіні көре отырып ертегі мазмұнына сәйкес жауап береді, ертегі кейіпкерлерінің ісәрекеттерін талқылайды. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивтікоррекциялаушы | - Бұл ертегіде кім сендерге ұнады? - Неге ертегі көңілсіз аяқталады? | Үй тапсырма: Балалар, үйге келгенде аналырыңа айтып беріңдер. |

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін ...»

Мақсаты:Ертегіні зейін қойып тыңдай білуге, әртістік қабілетін дамыту. Ертегінің желісі бойынша сұрақтарға жауап бере білуге,қысқаша мазмұндауға үйрету.Олардың дауысын салып қызыға ойнау дағдыларын қалыптастыру.Бір-бірлерін сыйлауға,көмектесуге,адамгершілік қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: аңқау, қорқақ, қу, ашулы.

Қостілдік компоненті:ертегі – сказка.

Әдіс-тәсілдер: өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтыру, сұрақжауап.

Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Шаттық шеңбері. - Балалар ертегілер еліне енеміз. - Балалар сендер басқа қандай ертегі білесіңдер? | Тәрбиешінің айтқандарын тыңдай отырып, таныс ертегілердің кейіпкерлерін атайды<br><br>- Ерте, ерте, ертеде ... |
| Іздену ұйымдастырушы | Тәрбиеші: - Бүгінгі сендермен танысатынымыз “Бауырсақ” ертегісі. Ертегіні оқып отырып, балаларға түсіндіру. - Балалар, осы “Бауырсақ” ертегісінде қандай кейіпкерлер бар? -Ертегі не жайында екен? - Бауырсақты кім пісіреді? -Бауырсақ қандай әрекет жасады? -Оның бұл ісі дұрыс па? -Ол жолда кімдерге кез болады? - Түлкі бауырсақты қалай жеп қояды? -Балалар сендер басқа қандай ертегі білесіңдер? Сергіту сәті: Дидактикалық ойын | Ертегіні тыңдай отырып ертегі мазмұнына сәйкес жауап береді, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін талқылайды. Балалар жауабы: бауырсақ, ата, әже, қоян, аю, қасқыр, түлкі. Балалардың жауабы: Ата-әжесінен қашып кетті. Жаңа сөздердің мәнін түсініп естерінде сақтайды. Әуенмен бауырсақты айналып билеу.. |

| | | |
|---|---|---|
| | Ойынның шарты: үстел үстіндегі суреттер бойынша осы ертегідегі кейіпкерлерді құрастыру. | |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Қорытынды. Балаларды мадақтау. -Балалар, сендер де осы бауырсақтың ісін қайталамау үшін қандай болуларың керек? | Балалардың жауабы: - Ақылды болуымыз керек. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді. Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды. Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады

Вариативтік компонент

Тақырыбы «Шалқан». Мақсаты: Ертегі кейіпкерлері арқылы мазмұнымен таныстыру. Сұрақжауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Көңіл-күйлерін терең түсінуге аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс: Шалқан, көкөніс, үлкен.
Қостілдік компонент:Шалқан - репка. Әдіс-тәсілдер: қызықтыру, әңгімелеу, таныстыру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.
Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, қуыршақ Әже.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Қонаққа қуыршақ Әже келеді. Балалармен амандасады. Әже сіздің келгеңігізге өте қуаныштымыз. Әже: - Балалар сендер ертегілерді көп білесіндер ме? - Ертегілер қалай басталушы еді? | - Әрине. - «Ерте ерте ерте екен, ешкі жүні бөрте екен» деп басталады. Білгендерін айтады. |
| Іздену ұйымдастырушы | 1) Ертегінін атын атау «Шалқан», кейіпкерлерді атап таныстыру - ата, әже, немересі, ит, мысық, тышқан.<br>2) Ертегіні мазмұндау. Фланелеграфқа суреттерді жабыстыра отырып түсіндіру. -Ерте, ерте, | Балалар ертегі кейіпкерлерін атайды. Ертегінің мазмұнын айтып береді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Қойылған сұрақтарға жауап қайтарады. |

| | | |
|---|---|---|
| | ертеде ата мен әже өмір сүріпті. Бір күні ата барып шалқанды тартады, тартады, бірақ тарта алмайды. Ол кемпірді көмекке шақырады......................... - Тек тышқан көмеккке келгенде шалқанды тартып алады. | |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Ертегіге қандай кейіпкерлер Сұрақтарға жауаптар қатынасты? береді. Жақсы қатынасқан балаларды мадақтау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді. Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды. Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Ата мен әжемде қонақта болғанда..»
Мақсаты:Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерін бөлу. Фланелеграф арқылы – қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндауды, тіл дамытуды көздеу. Мейірімді, тату-тәтті дос болуға тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс: шалқан.
Қостілдік компонент: шалқан - репка.
Әдіс-тәсілдер:әңгімелеу, түсіндіру, өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтау, түсіндіру, сұрақ-жауап.
Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | - Балалар, алғашқы сабақта біз «Шалқан» ертегісімен таныстық. - Кім шалқанды екті? - Кім шалқанды тартты? | Балалар қызығушылықпен жауап береді. |
| Іздену ұйымдастырушы | 1) –Балалар, « Шалқан» ертегісі естеріңде ме? - Кәне есімізге түсірейікші. Бірінші кейіпкерлерді атап шығайық ата әже, немересі, ит, мысық, тышқан. - Бұл ертегіде кейіпкерлер бір біріне көмек бере ме ? 2) Балаларды тақтаға шақырып, фланелеграфқа | Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларын түйіп айтқызу. Баланың түсінгеніне қарай, жақсы қатысқанына қарай 5 кейіпкерлерді таңдап, рөлдерін беру. Сергіту сәті. | |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ-жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. - Бұл ертегіде сендерге кім ұнады? - Қоян кіммен дос болып қалды? | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі. Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді. Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

Вариативтік компонент Тақырыбы:«Осындай үлкен шалқан».
Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып таңдаған балаларға кейіпкерлердің сөздерін айтып үйрету. Фланелеграф арқылы сөздердің дұрыс, анық, ашық айтуын қадағалау, қимыл қозғалыстарын көрсете біліуін дамыту.Бір бірлеріне қиын жағдайда көмектесіп, ренжітпеуге тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс: шалқан, үлкен, сарғылт.
Қостілдік компонент: шалқан - репа, үлкен - большая, сарғылт - оранжевая.
Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұрақ –жауап, сұрақ- жауап, тамашалау.
Көрнекіліктер: Фланелеграф кейіпкерлер суреттері

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | - Біздің көзіміз. - Біздің құлағымыз. - Біздің қолымыз бізге бөгет болмайды, олар бізге көмектеседі. | Балалар қызығушылықпен жауап береді. |
| Іздену ұйымдастырушы | -Кім шалқанды екті? Алдарына атаның суретін қою. - Ата кемпірді қалай шақырады? - Кемпір немере қызды қалай шақырады? Сурет арқылы | - Ата. - Кемпір кел, шалқанды тартайық. Балалар бірге шақырады. Балалар сөйлем құрастырады. Балалар сөйлем құрастырады. - |

| | | |
|---|---|---|
| | сөйлем құрастыру, тәрбиеші екі бейнені көрсетеді: ата кемпірді шақырады, кемпір Машаны шақырады, т.б ...) Ойын: «Кім кімді шақырады?» Мақсаты: ертегіні қайталау. Ойын: « Кім жоқ?» Тәрбиеші: –Кім бірінші келді? Бейнесін алдында қояды. - Кім жоқ? Бейнесін қояды т. б - Кім кімге көмектеседі? - Маша кімге көмек берді? Сергіту сәті. | Ата. - Кемпір. - Кемпір атаға көмек берді. Бәрі айтып ертегіні қайталайды. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | - Дұрыс, бәрі бір – біріне көмек беріп шалқанды тартып алды. - Ал, сендер, үйлеріңде кімге көмек бересіңдер? | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді. Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды. Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады.

Вариативтік компонент
Тақырыбы:«Шалқан» ертегісін сахналау.
Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау.Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс әрекеттерін, әсерлі көңіл-күйлерін білдіре отырып, сезімдерді көрсете білу, рөлдердің дұрыс орындалуын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу. Сөздік жұмыс: шалқан, өсті, үлкен, тартты, жұлынбады.
Қостілдік компонент: көкөніс – овощ, өсті - выросла, үлкен - большая, тартты - тянул.
Әдіс-тәсілдер: сұрақ –жауап, сахналау

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Ертегіге қатысты атрибуттарымен бір – бірден таныстырылады. - Балалар, бұл кім? - Ал мынау кім? деп барлық | Балалар сұрақтарға жауап береді. Кейіпкерлерді танып атайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | кейіпкерлер шығарылып көрсетіледі. | |
| Іздену ұйымдастырушы | Тәрбиеші балаларды ширма жанына шығарады. Кейіпкерлер рольдерін ойнайтын балаларды тақтаға шақыру. Кейіпкерлердің атрибуттарын қолға киіді ұсынады. Сөздік жұмыс: шалқан, өсті, үлкен, тартты, жұлынбады. Балаларға сөздерді айтқызу. Қалған балалар көрермен ретінде тамашалауға отырғызу. Сергіту сәті. | - Ата. - Кемпір кел, шалқанды тартайық. Балалар бірге шақырады. Балалар сөйлем құрастырады. Балалар сөйлем құрастырады. - Ата. - Кемпір. - Кемпір атаға көмек берді. Бәрі айтып ертегіні қайталайды. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | - Ертегі қалай аяқталады? Балаларды мадақтау, және бағалау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Көрнекіліктер: Ширма, кейіпкерлер атрибуттары. Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі. Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді. Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі.
Мақсаты: балалардың білімін бекіту, ертегілер үзінділерін әнгімелей білу. Балалардың елестету қиялдарын дамыту, сөздік қорын молайту. Көңіл – күйлерін терең түсінуге, аяушылық сезімі қамқоршыболуға үйрету.
Сөздік жұмыс: Аю, үш, алыс кетті, адасты, орман.
Қостілдік компонент:Ата – дедушка, әже – бабушка, рұқсатсыз – без спроса, үй – избушка, орман – лес, алысқа кетті – ушла далеко.
Әдіс-тәсілдер: таныстыру, түсіндіру, ойынмен қызықтыру, сұрақ-жауап, Д/о.
Көрнекіліктер: фланелеграф, орман, тоғай, үйдің және кейіпкерлердің суреті.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Балалар, мен сендерге бүгін өте тамаша ертегіні айтып беремін. - Ал, сендер мұқият тындап отырыңдар | Балалар қызығушылық танытады. |

| | | |
|---|---|---|
| Іздену ұйымдастырушы | - Балалар! Сендер ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келеме? Ертегіні әңгімелеу: ......Ерте,ерте ертеде бір кішкентай Настя деген қыз болыпты. - Мынау кімнің үйі? - Мында кімдер тұрады? Дұрыс, сендер өте ақылдысындар! - Балалар сендер шаршадындарма? Ендеше бәріміз орнымыздан тұрып, бойымызды сергітіп алайық! Сергіту сәті: Қорбандаған аюдың Құлпынайы көп екен Теріп, теріп алайық Қалтамызға салайық | Тыныш отырып мұқиат тындайды. - Аюдың. - Папасы, Мамасы, Баласы - Иә. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ –жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау. Балаларды мадақтау. | Балалардың тақпағы: Сұрақтарға жауаптар береді |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді. Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды. Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Қане досым, сөзге қосыл».
Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөльдерін бөлу. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндаулары мен тілдерін дамыту.Мейірімді, тату-тәтті -, дос болуға үйрету.
Сөздік жұмыс: үш, аю, үлкен, орташа, кішкентай.
Қостілдік компонент: аю – медведь, ботқа – каша, ауыл – деревня, үйге кіру – войти в дом, орманда адасу – заблудилась.
Әдіс – тәсілдер: ойынмен қызықтыру, сурет арқылы, сұрақ- жауап.
Көрнекіліктер: Фланелеграф, суреттер.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Дидактикалық ойын «Ненікі?» Мақсаты: кейіпкерлер тандап, тілдерін дамыту, 3 қасық пен 3 тәрелке тарату. | Балалар үстел үстінде отырып айтады: «Бұл менің қасығым!..... Мен онымен сорпа ішемін!» |
| Іздену ұйымдастырушы | 1) - Балалар, ертегінің кейіпкерлерін атап шығайықшы – Михаил Потапыч, Настасья Петровна, қонжық және Маша<br>2) Балаларды тақтаға шақырып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып ойларын түйіп айтқызу.<br>3) Балалардың түсінгеніне қарай, жақсы қатысқанына қарай 5 кейпкерлерді тандап, рөльдерін беру. Сергіту сәті. | Балалар білетін аңдарды атайды. Олардың мекендерін айтады. Кейіпкерлерге мінездеме береді. Көрініске қатысады.<br>Ойын ойнай отырып, артық заттарды тауып көрсетеді. Сөздерді қайталай отырып, қимылмен көрсетеді. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ –жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. | Сұрақтарға жауаптар береді |

Күтілетін нәтиже:
Ұғынады:Кейіпкер образын көрсетеді, композиция құрады.
Түсінеді: Кейіпкерлердің іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл күйлерін көрсетеді .
Қолданады:Рөлдерді дұрыс орындайды.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Үш аюға қонаққа барайық».
Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, тандалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Фланелеграф арқылы-сөздерін дұрыс, анық, ашық айтуын қадағалау, қимыл –қозғалыстарын көрсете білгендерін дамыту. Бірбірлеріне қиын жағдайда көмектерін, ренжітпеуге тәрбиелеу. Сөздік жұмыс: Аюлар, үлкен, орташа, кішкентай.
Қостілдік компонент:Түнеу – переночевать, жібермеу – не отпускать, пісіру – варить, уайымдау – тужить.
Әдіс- тәсілдер: сұрақ-жауап, сурет жапсыру, қателерін жөндеу, сұрақ – жауап.
Көрнекіліктер: фланелеграф, суреттер.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | - Алғашқы сабақта біз қандай ертегімен таныстық? - Кім кейіпкерлерін атап шығады? | Балалар қызығушылықпен жауап береді. |
| Іздену ұйымдастырушы | Балаларға ертегіні естеріне түсіру.<br>Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шақыру<br>Балаларды тақтаға шақырып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу.<br>Сергіту сәті. | Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Қорытынды сұрақ –жауап арқылы қорыту<br>Балалардың дұрыс емес жерлерін түзетіп отыру. | Сұрақтарға жауаптар береді |

Күтілетін нәтиже:
Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.
Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды.
Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады.

Вариативтік компонент

Тақырыбы:«Үш аю» ертегісін сахналау.

Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс -әрекеттерін, әсерлі көңіл-күйлерін білдіре отырып сезімдерін көрсету. Рөльдерді дұрыс орындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру.Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашық көрсете білуге үйрету. Қостілдік компонент:ауыл – деревня, үйге кіру – войти в дом, орманда адасу – заблудилась, жібермеу – не отпускать.

Әдіс- тәсілдер: сахналау, сұрақ-жауап,

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Балаларға сұрақтар қояды.<br>- Балалар, сендер қайда келдіңдер? - Балабақшада не істейсіңдер? | Балалар қызығушылықпен жауап береді.<br>- Біз балабақшаға келдік.<br>- Ойнаймыз, өлең айтамыз, бейлейміз, |

| | | |
|---|---|---|
| | - Балабақшада ұнайдыма? - Балалар, сендер қалай ойнайсыңдар? | ертегі тыңдаймыз. - Балабақша ұнайды. - Бірге, тату ойнаймыз. |
| Іздену ұйымдастырушы | - Балалар, сендер қандай ертегілер білесіңдер? - Ертегі тыңдаған ұнайдыма? Сергіту сәті<br><br>- Ал менің қолымдағы кітап жай кітап емес сиқырлы кітап. Бұл сиқырлы кітапта «Үш аю» ертегісі бар. Балаларға ертегіні 2-3 рет қайталап оқып беру. | Бауырсақ, Қызыл телпек, Түлкі мен тырна.<br>- Ия. Аңдардың қимыл қозғалыстарын балалар көрсетеді. Оқыған ертегіні балалар мұқият тыңдайды . Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | - Балалар, ертегі не жайлы? - Қызбен не болады? - Қыз кімннің үйіне барады? - Ертегі сендерге ұнадыма? Ойын «Аюдың апанында» Жақсы ат салысқан балаларды мақтап, мадақтайды.. | Тәрбиешінің сұрақтарын балалар жауап береді - Қыз орманнан жоғалып кетеді.<br>- Аюдың үйіне барады.<br>- Ия.<br>Балалар ойынға бәрі бірге қатысады. |

Көрнекіліктер: Ширма, атрибуттар.
Күтілетін нәтиже:
Ұғынады:Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.
Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.
Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі.
Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, ондағы кейіпкерлерді жаңа техника бойынша қабылдауға үйрету. Ойлау қабілеттерін арттыра отырып, іскерлік дағдыларын дамыту. Әдептілікке, өзара жолдастық көмек көрсетуге тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс: Үйшік, ертегі.
Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, әңгімелеу, ойынмен қызықтыру, сұрақ – жауап.
Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, орман суреті.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Ең алдымен балаларға ертегі туралы әңгімелеп, түсінік беру. Ертегі дегеніміз - біздің халқымыздың | Балалар тәрбиешінің әңгімесін тыңдап отырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | арман-қиялынан туған шығарма. Ертегілердің түр-түрі өте көп. Солардың бірі – «Үйшік » ертегісін бүгін мен сендерге оқып, түсіндіріп беремін. | |
| Іздену ұйымдастырушы | Ертегі кейіпкерлерін атап шығу – бақа, қоян, тышқан, т.б. Тәрбиеші мәнерлі рөлге еніп, ертегіні айтып береді. «Ерте, ерте, ертеде , Ешкі жүні бөртеде, Құйрық жүні ұзын екен, Қырғауылы қызыл екен...»деп бастайды. Ойын «Кім көп ертегі біледі?» Мақсаты: Ой - өрісін дамыту, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Сергіту сәті: Боран соғады оң жақтан, Боран соғады сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. | Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Балаларға бірнеше сұрақ қойып, ертегі туралы білімдерін жинақтап, өз сөздерімен әңгімелеуге дағдыландыру | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі.
Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерге бөлу, фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, ой-белсенділігін арттыру. Балалардың көркемдік, эстетикалық талғамын дамыта отырып, белсенділікке тәбиелеу. Ертегіге терең еніп, сұрақ – жауап арқылы тіл байлықтарын дамыту көзделеді.
Сөздік жұмыс: Аю, үйшік, үлкен, кішкентай, сындырды.
Қостілдік компонент: үйшік – теремок, қосылып – вместе, тұрды – жили.
Әдіс-тәсілдер: Әңгімелесу, өткенді қайталау, кейіпкер таңдау, ойнату, сұрақ – жауап.
Көрнекіліктер: Кітапша, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Аңдар туралы өлең оқу: «Ормандағы аю», «Ұзын құлақ сұр қоян», «Ақымақ қасқыр», «Қу түлкі» туралы. | Балалар өлеңдерді тыңдайды, қосылып қайталайды.. |
| Іздену ұйымдастырушы | Өткен сабақты еске түсіру. - Балалар сендер қандай аңдарды білесіңдер? - Олар қайда мекендейді? - Қоян түсін өзгерте ме? Ертегі кейіпкерлерін фланелеграф тақтасына жабыстыра отырып, кейіпкерлерге мінездеме бергізу. 3 – 4 баланы ортаға шақырып, шағын көрініс жасау. Дидактикалық ойын: «Не артық?» Ойынның мақсаты: Танымдық қасиеттерін, ой-өрістерін, қызығушылықтарын арттыру. Сергіту сәті: Ұзын құлақ, сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. | Балалар білетін аңдарды атайды. Олардың мекендерін айтады. Кейіпкерлерге мінездеме береді. Көрініске қатысады. Ойын ойнай отырып, артық заттарды тауып көрсетеді. Сөздерді қайталай отырып, қимылмен көрсетеді. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сабаққа белсенді қатысқан балаларды мадақтау, бағалау. Сұрақ – жауап бойынша сабақты қортындылау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдайды. Түсінеді:кейіпкерлерге мінездеме береді. Қолданады:рөлдерге еніп, көрініс көрсетеді.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Қане досым, сөзге қосыл»

. Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін дұрыс, анық айту, сөйлеу мүшелерін дұрыс қолдана білуге жаттықтыруды, сөздік қорын дамыту, ертегі туралы алған білімдерін, ойын-жаттығу арқылы тиянақтау. Атрибуттар арқылы кейіпкерлер іс-әрекеттерін, әсерлі көңіл – күйлерін білдіре отырып, тілдерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту. Ойын арқылы балалардың көңіл-күйлерін көтеру.

Әдіс-тәсілдер: өткенді қайталау, түсіндіру, әңгімелеу, ойнау, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Ең алдымен балаларға ертегі туралы әңгімелеп, түсінік беру. Ертегі дегеніміз - біздің халқымыздың арман-қиялынан туған шығарма. Ертегілердің түртүрі өте көп. Солардың бірі – «Үйшік » ертегісін бүгін мен сендерге оқып, түсіндіріп беремін.. | Балалар тәрбиешінің әңгімесін тыңдап отырады. |
| Іздену ұйымдастырушы | Ертегі кейіпкерлерін атап шығу – бақа, қоян, тышқан, т.б. Тәрбиеші мәнерлі рөлге еніп, ертегіні айтып береді. «Ерте, ерте, ертеде , Ешкі жүні бөртеде, Құйрық жүні ұзын екен, Қырғауылы қызыл екен...» деп бастайды. Ойын «Кім көп ертегі біледі?» Ойынның мақсаты: Ой - өрісін дамыту, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Сергіту сәті: Боран соғады оң жақтан, Боран соғады сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Су өтеді қолғаптан. | Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Балаларға бірнеше сұрақ қойып, ертегі туралы білімдерін жинақтап, ертегіні өз сөздерімен әңгімелеп беруге дағдыландыру. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады: Ертегі мазмұнын түсінеді.
Түсінеді: Әдепті болуға, көмек беруді түсінеді.
Қолданады:Ертегіні өз сөздерімен әңгімелеп береді.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Көз көруге тоймайды, құлақ естуге тоймайды».

Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл-күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрысорындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге,оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу. Кейіпкер образын көрсете білуге, композиция құрауға үйрету, ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру.

Сөздік жұмыс: қоян, қасқыр.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, көрсеті, түсіндіру, сахналау.

Көрнекіліктер: Сахна, кейіпкерлер атрибуттары, көрме.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Ең алдымен балаларға Қонаққа сиқыршы келеді. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Мен сендердің бүгінгі ертегілеріңді тамашалауға келдім. - Бүгін біз ««Қасқыр мен қоян» ертегісін сахналаймыз. Кейіпкерлер келіңдер қайдасыңдар? | Сұрақтарға жауаптар береді. |
| Іздену ұйымдастырушы | 1)Балаларға қасқыр мен қоян ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару– қоян мен қасқырды. 2) Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған балалар көрермен ретінде тамашалауға отырғызу. 3) Балалар сөздерді ашық, анық, бар эмоциямен сахналатқызу. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкерлер атрибуттарын қарсы алғызу. Сергіту сәті. | Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Көрермендер кейіпкерлерді бағалау. Сұрақ – жауап. Мадақтау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегі әлеміне қызығушылық білдіріп, мағынасын түсінеді.
Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын келтіріп ойнайды.
Қолданады: Сөздерді анық айтады, есте сақтауды үйренеді

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» ертегісі.
Мақсаты: Ертегі суреттері арқылы мазмұнымен таныстыру. Дидактикалық ойын арқылы ой - өрістерін, танымдық қасиеттерін кеңейту. Балаларға эстетикалық тәрбие беру арқылы шығармашылығын Ойлау қабілеттерін арттыра отырып, іскерлік дағдыларын дамыту.
Сөздік жұмыс: Үңгір, азық, озбырлық.
Қостілдік компонент:Үңгір -, азық - продукты.
Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, жалмауыз кемпір атрибуты

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Қонаққа жалмауыз кемпір кіреді. Жалмауыз кемпір: - «Е, е, е – (айқайлап), мен сендерді қазір өзімнің үйіме алып кетіп, бір – бірлеп жеймін» - дейді. Жалмауыз кемпір: - Айтыңдар қане ертегілеріңді, ұнаса жемеймін, ұнамаса алып кетемін. | Жоқ жалмауыз кемпір, бізді ешқайда әкетпеші, біз саған ертегі айтып береміз. |
| Іздену ұйымдастырушы | Ертегініатау: «Түлкі мен қоян » ертегісі. Фланелеграфқа суреттерді жапсыра отырып, түсіндіру. - Ұзын құлақ сұр қоян қашып келіп, бұта түбіне бұғып отырғанда, артынан бір қу түлкі ізіне түсіп, жортып келе жатыр екен. Қоянның екі құлағынан бас салып ұстап алды. Қоян түлкіні сол кезде алдап жіберіп, құтылып кетеді. - Бұл ертегіде қоян аңқау болса да, қулақ жасап, өз өмірін сақтап қалды. Ал түлкі керсінше, қоянға алданып қалды. Дид.ойын: «Ойлап тап!». Сергіту сәті. | Кейіпкерлерін атайды –қоян, түлкі . Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Бұл ойын арқылы жануарлар мінезқұлықтарын терең танып түсінеді.. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Жалмауыз кемпір: - Балалар маған сендердің ертегілерің ұнады, сендерге тағы да келуге бола ма? Сау болыңдар. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Түлкі, түлкі, түлкішек».
Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерге бөлу, фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, ой-белсенділігін арттыру. Балалардың көркемдік, эстети -калық талғамын дамыта отырып, белсенділікке тәбиелеу. Ертегіге терең еніп, сұрақ – жауап арқылы тіл байлықтарын дамыту көзделеді.
Сөздік жұмыс: түлкі, қоян, үй, мұз, ағаш. Қостілдік компонент:
Әдіс-тәсілдер: Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Жұмбақ жасыру: 1. Халық қу деп Қылған күлкі Бұл не ... 2. Қорқақ жасық Құлағы ұзын Бұл не ... | Балалар жұмбақтардың шешімін табады. -Түлкі. - Қоян. |
| Іздену ұйымдастырушы | - 1) Балалар қоян мен түлкі ертегісін есімізге түсірейікші, кейіпкерлерін атап шығайық. Ертегі кейіпкерлерін фланелеграф тақтасына жабыстыра отырып, кейіпкерлерге мінездеме бергізу. Дидактикалық ойын: «Не артық?» Ойынның мақсаты: Танымдық қасиеттерін, ой-өрістерін, қызығушылықтарын арттыру. Сергіту сәті. | Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сабаққа белсенді қатысқан балаларды мадақтау, бағалау. Сұрақ – жауап бойынша сабақты қорытындылау.. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Қу түлкі мен қорқақ қоян».
Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін дұрыс, анық айту, сөйлеу мүшелерін дұрыс қолдана білуге жаттықтыруды, сөздік қорын дамыту, ертегі туралы алған білімдерін, ойын-жаттығу арқылы тиянақтау. Атрибуттар арқылы кейіпкерлер іс-әрекеттерін, әсерлі көңіл – күйлерін білдіре отырып, тілдерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту. Ойын арқылы балалардың көңіл-күйлерін көтеру.
Сөздік жұмыс: Қостілдік компонент:
Әдіс-тәсілдер: Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Тосын сәт: Қонаққа ит келеді. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Ит: - Менімен ешкім дос боғысы келмейді, бәріде қорқады. - Балалар біз иттен қорқамыз ба? | - Сәлеметсің бе, ит. Саған не болды, сен неге сондай көңілсізсің? - Біз қорықпаймыз, сенімен дос боламыз. |
| Іздену ұйымдастырушы | - Бүгін біз «Түлкі мен қоян» ертегісін сахналаймыз. Сен келіп балалармен тамашала. Балаларға «Түлкі мен қоян» ертегісін естеріне түсіру. Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған балаларды көрермен ретінде тамашалауға отырғызу. Сергіту сәті: Көрермен балаларға сұрақ қойып, түсінгендерін тексеру. | Балалар Итті шақырады. Сұрақтарға жауап береді. Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы алу. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | -«Балалар рахмет сендерге, мен бірсыпыра қуанып, көңіл көтеріп қалдым. Кеш батпай үйіме қайтайын. Сау | Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау. Балалар көргендерін, түсінгендерін тексеру. |

| | | |
|---|---|---|
| | болыңдар!» - деп кетіп қалады. Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау. | |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі. Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді. Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» ертегісін сахналау

Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрыс орындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге,оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу. Кейіпкер образын көрсете білуге, композиция құрауға үйрету, ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру.

Сөздік жұмыс: қоян, түлкі.

Көрнекіліктер: Ширма, кейіпкерлер атрибуттары, көрме

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Қонаққа ит келеді. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? - Менімен ешкім дос боғысы келмейді, қорқады. - Балалар біз иттен қорқамыз ба? - Бүгін біз «Түлкі мен қоян» ертегісін сахналаймыз. Сен келіп балалармен тамашала. | - Сәлеметсің бе, ит. Саған не болды, сен неге сондай көңілсізсің? - Біз сенен қорықпаймыз және сенімен дос болуға дайынбыз. |
| Іздену ұйымдастырушы | Көрермен балаларға сұрақ қойып, түсінгендерін тексеру. Балаларға түлкі мен қоян ертегісін естеріне түсіру. Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған балаларды көрермен ретінде тамашалауға отырғызу. Сергіту сәті | Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы алу. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | -«Балалар рахмет сендерге, мен бірсыпыра қуанып, көңіл көтеріп | Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау. |

| | | |
|---|---|---|
| | қалдым. Кеш батпай үйіме қайтайын. Сау болыңдар!» - деп кетіп қалады. Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау. | |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Қоянның үйшігі».
Мақсаты: Ертегі кейіпкерлері арқылы мазмұнымен таныстыру. Сұрақ жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру.Мимикалық дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығармашылықтарын дамыту.Көңіл – күйлерін терең түсінуге, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу. Сөздік жұмыс: Шалғы, ағаш және мұз үйшіктері.
Әдіс-тәсілдер: Қызықтыру, әңгімелесу, таныстыру, түсіндіру, әңгімелеу, ойынмен қызықтыру, сұрақ – жауап.
Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, Ерден ата қуыршағы.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Балалар біздің бүгінгі сабағымызға Ерден ата келіпті. Ерден ата, біз сіздің келгеніңізге өте қуаныштымыз. Ерден ата: - Балалар сендер ертегілерді көп біледі деп естідім? - Ертегілерді жақсы көресіңдер ме? - Балалар ертегілерді естеріңе түсіріңдерші, қалай басталушы еді? | Балалар амандасады. - Әрине. - Иә. - «Ерте, ерте, ертеде...» деп немесе «Ерте, ерте, ерте екен, ешкі жүні бөрте екен...» деп басталады. |
| Іздену ұйымдастырушы | Бүгінгі біздің ертегіміз «Қоян мен түлкінің үйшігі» деп аталады. Ертегіні баяндау. Фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру. - Ерте, ерте, ертеде бір қоян мен түлкі орманда өмір сүріпті. . . Қоян үйшігі ағаштан, ал түлкінің үйшігі мұздан | Кейіпкерлерді атайды – Қоян, Түлкі, Ит, Аю және Әтеш. Ертегіні мұқият тыңдайды. - Қоян жылап тұр. - Ит пен аюдың қорықты. - Әтеш пен қоянның қуанышы. |

| | | |
|---|---|---|
| | жасалған екен. . . Д/о (мимикалық): Кейіпкерлердің көңіл - күйлерін салу. | |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорытындылау. | Ертегінің кейіпкерлерін атайды. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Оқы да біл, ойна да күл».
Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерді таңдау, рөлдерді бөлу. Фланелеграф арқылы - қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндау және тіл байлықтарын дамыту.Мейірімді, тату-тәтті, дос болуға тәрбиелеу. Сөздік жұмыс:Шалғы, ағаш және мұз үйшіктері.
Қостілдік компонент: ағаш – деревянный, мұз – ледяной,домики - үйшіктері.
Әдіс-тәсілдер: Әңгімелесу, түсіндіру, өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтыру, кейіпкер таңдау, сұрақ - жауап
Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Балаларға жұмбақ жасыру - «Сыбдырдан қорқады, Шошынып жортады. | Жұмбақтың шешімін айтады: - Қоян.. |
| Іздену ұйымдастырушы | - Балалар қоян мен түлкі ертегісі естерінде ме? - Кейіпкерлерді атап беріңдерші. - Ертегіде кейіпкерлердің мінезі қандай? - Ертегі соңында қоян ба, әлде түлкіні кім жеңеді? - Қоянға кім көмектеседі? Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларын түйіп айтқызу. Баланың түсінгеніне, жақсы қатысқанына қарай 5 кейіпкерді таңдап, рөлдерді бөлу. Сергіту сәті. | – Қоян, Түлкі, Ит, Аю және Әтеш. Қоян мейірімді, қорқақ , аңқау, Түлкі қу, жаман, ит пен аю қорқақ, әтеш батыр, күшті болып келеді. - Әтеш. Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Қимылмен көрсетіп, орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. - Бұл ертегіде сендерге кім ұнады? - Қоян кіммен дос болып қалды? | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі. Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді. Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды».
Мақсатары: Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету.Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтуларын қадағалау, қимыл – қозғалыстарды көрсете білуді дамыту. Бір – біріне қиын жағдайда көмектесіп, ренжітпеуге тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс: дос, жау.
Қостілдік компонент:ағаш – деревянный, мұз – ледяной, дос – друг.
Әдіс-тәсілдер: Тәрбиелеу, түсіндіру, өткенді қайталау.
Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Балаларға тәрбиежағынтүсіндіре отырып, мақалдап айту. Мақал:Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды. - Бір – бірлеріңе дос болсаңдар ешкім сендерге тиіспейді де, ешкім сендерді ренжіте алмайды. Дос қиын кезде көмектеседі. | Сұрақтарға жауаптар береді. Мақалды қайталайды. |
| Іздену ұйымдастырушы | Балаларға қоян мен түлкі ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару– Қоян, Түлкі, Ит, Аю және Әтешті. Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. Қате | Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы алу. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | жерлерін түзетіп отыру. Сергіту сәті. | |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорыту. Балаларды мадақтау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Көз көруге тоймайды, құлақ естуге тоймайды»
Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Рөлдердің дұрыс орындалуын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу. Сөздік жұмыс:аңдар, достар, қосылып тұрды.
Әдіс-тәсілдер: Тәрбиелеу, түсіндіру, өткенді қайталау, тамашалату, сұрақ - жауап.
Көрнекіліктер: Ширма, кейіпкерлер атрибуттары.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Балалар бұл кім? Қоян. Ал мынау кім? – деп, барлық кейіпкерлер шығарылап көрсетіледі. Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегіде ойнайды? «Қоян мен түлкі үйшік» ертегісінде.. | Балалар қызығушылық білдіреді. |
| Іздену ұйымдастырушы | Балаларға қоян мен түлкі ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару– Қоян, Түлкі, Ит, Аю және Әтешті. Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған балаларды көрермен ретінде тамашалауға отырғызу. Балаларға | Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды |

| | | |
|---|---|---|
| | сөздерді ашық, анық, бар эмоциямен сахналатқызу. Көрермендерге қолдарын шапалақтатып, кейіпкерлер атрибуттарын қарсы алғызу. Сергіту сәті. | |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы ертегіні аяқтау. Көрермендерге қандай кейіпкер жақсы ойнағанын сұрау. - Ертегі қалай аяқталады? Балаларды мадақтау, бағалау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Жеті лақ және қасқыр» ертегісі.

Мақсаты:«Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып, тілдік қорларын байыту, ой өрістерін дамыту. Сұрақ -жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Мимиканың дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығарылауын дамыту. Көңіл – күйлерін көтеріп, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу..

Сөздік жұмыс: тоғай, лақ , ешкі, қасқыр.

Әдіс –тәсілдер: Сұрақ –жауап, әңгімелесу, ойын, сергіту, мадақтау, қорытындылау.

Көрнекіліктер:Фланелеграф, суреттер, ойыншық жеті лақ, ешкі, қасқыр.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Балаларға суретті көрсетіп: - Бүгінгі жаңа ертегімен танысамыз « Қасқыр мен жеті лақ». - Балалар қасқыр туралы не білесіңдер? - Қандай жануар? - Ешкі,лақ қандай жануар? - Лақ туралы қандай өлең.тақпақ білесіңдер | Балалар суретке назар аударады. - Қауіпті аңдарға жатады. - Жабайы жануар. - Үй жануарлары. - Етімен, сүтімен пайдалы. Лағым-ау лағым, Ерке тотай шұнағым. Ағаштарды кемірсең, Құлағыңды жұламын. |
| Іздену ұйымдастырушы | Ертегінің атын атау: «Жеті лақ ....»Кейіпкерлерді атап | Сөздерді қайталайды. Ертгінін мазмұнын мұқият тыңдап отырады. |

| | | |
|---|---|---|
| | таныстыру: - Ешкі, лақ, қасқыр сөздері Ертегіні әңгімелеу: фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру. Дидактикалық ойын(мимикалық) Мақсаты: кейіпкерлердің көңіл күйін салғыздыру. - ешкінің өтініші, - лақтардың ақылдылығы, - қасқырдың алдауы. Сергіту сәті: | Ойынға белсенді қатысады, әр кейіпкердің образына еніп, оның көңіл-күйін көрсетеді. Көлбең, көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Қасқыр қалай жүреді, Қасқыр былай жүреді. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Қорытынды: - Балалар барлығымыз ертегіні жақсы түсіндік пе? - Қызықты болды ма? | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Лақтарым менің, айналайын, лақтарым менің!»

Мақсаты:Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, Ойын арқылы рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету және тілдерін дамыту. Мәнерлі сөйлесу дағдыларын жетілдіру, шығармашылыққа жете көңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аудару, сөз өнеріне, шешендікке баулу. Кейіпкерлер және олардың әрекеті жөнінде өзінің көзқарасын айта білуге үйрету. Фланеграф арқылы қызығушылықтар мен қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндаулары мен, тіл байлықтарын байыту. Мейірімді, тату- тәтті дос болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс:Өмір сүріпті – жыли-были, ешкі – коза, лақтар – козлята, үй – избушка, домик, шеше – мать, бабушка, сүт – молоко, қасқыр – волк.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, үсіндіру, өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтыру. Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреті.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Балаларға жұмбақ тапсыру: «сегіз тұяғы бар, | |

| | | |
|---|---|---|
| | иегінде сақалы бар» (ешкі) | |
| Іздену ұйымдастырушы | Балалар «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін естідіндер ме? Бірінші кейіпкерді атап шығайық: ешкі, лақ, қасқыр. - Бұл ертегіде кейіпкерлердің мінезі қандай? Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларындағы түйінін айтқызу. Балалардың түсінгендеріне, жақсы қатысқандарына қарай, кейіпкерлерді таңдап, рөлдерін беру. Сергіту сәті | Балалар ертегі кейіпкерлерін аиайды. Ешкі – ақылды, жауапты. Лақтар – анасын тыңдайды, тіл алғыш. Қасқыр – жаман, жыртқыш, лақтарды жегісі келеді. Шөре – шөре лағым. Тентек болма шырағым, Секектеме, деміңді ал. Селтеңдемей құлағың. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. - Бұл ертегіде сендерге кім ұнады? - Лақтары кіммен қалады? | Балалардың жауаптары. Балалар ойларымен бөліседі, түсінгендерін айтады. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге сүт әкелді!

Мақсаты: Ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелеуге үйрету. Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға, сұлулықты тануға баулу. Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтатынын қадағалау, қимыл – қозғалыстарын көрсете білуін дамыту.Бір – біріне қиын жағдайда көмектесіп, адамгершілік қасиеттерін қалыптыстыпу.

Сөздік жұмыс:ешкімге ашпаңдар, темір ұста, ешкі, лақтар, алдады.

Қостілдік компонент: Дыбыс – голос,темір ұста– кузнец, ор – яма, қарын – брюхо, жиналды – собралась,ешкімге ашпаңдар – никому не отпирайте. Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, өткенді қайталау, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Балаларға жұмбақ жасырады: Жарға шығып | Жұмбақтың шешімін табады. - Ешкі. |

| | | |
|---|---|---|
| | ойнайды, Ойынына бір тоймайды. Болса –дағы саналы, Секеңдеуді қоймайды. - Жақсы, дұрыс шештіңдер. Ақ, ақ секеңдейді лақ. | |
| Іздену ұйымдастырушы | Балаларға ешкі, лақтар және қасқыр ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару: жеті лақ (Балаларды) олардың қуаныштарын бөлісуі. Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. 3. Балаларға сөздерін ашық, анық бар эмоциямен айтқызу. ІІІ Сергіту сәті | Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорыту. Балаларды мадақтау, бағалау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін сақналау.

Мақсаты:Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс әрекеттерін, әсер көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Қиялдарын, естетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс: Есік қағу – постучать в дверь, жорту – рыскать, тыңдау – слушать,ән айту - петь, алдау – обхитрить, күтті - дождался

Әдіс-тәсілдер: Атрибуттармен қызықтыру, түсіндіру, өткенді қайталау.

Көрнекіліктер: ширма, кейіпкерлер атрибуттары.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Ертегі атрибуттарымен таныстырады. - Балалар бұл кім? - Ал мынау кім? - Ал мынау ше? - Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегі де ойнады? | Балалар қызықтап тамашалайды. - Ешкі. - Лақтар. - Қасқыр - «Жеті лақ және қасқыр» ертегісінде. |
| Іздену ұйымдастырушы | Балаларға жеті лақ және қасқыр ертегісін естеріне түсіру таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару. - Бұл ертегіде:Үй жануарларына жатады. Етімен, сүтімен бізге пайдалы. Ешкі мейрімді анасы боласың, ал лақтар – ақылды, тіл алғыш боласыңдар. - Ал қасқыр – жаман, айлакер, жыртқыш болады. Жабайы жануар, Қауіпті аңдар қатарына жатады. Балаларды ширма жанына шығарып, сөздерін айтқызу. Қалған балалар көрермендер ретінде тамашалауға отырғызу. Балалар сөздерді ашық, анық бар эмоциясымен сахналатқызу. | Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар тақтаға шығады. Кейіпкерлерге мінездеме береді. Кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерді қайталайды.Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкерлерді қарсы алады. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы ертегіні сақтау. Қуанышты екенін айтып ескерту. Балаларды мадақтау, бағалау. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже:
Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Алтын айдарлы әтеш» ертегісі».
Мақсаты: Ертегі мазмұнымен таныстыру. Сұрақ-жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Міндеттері: а) Ертегінің не жайында баяндалғанын, қалай аяқталғанын, көмекші сұрақтарға сүйеніп, ауызша талдап, мәнісін түсіндіріп баяндауға үйрету. Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелетуге үйрету, мәнерлі сөйлеу дағдыларын үйрету. Шығармашылыққа жете көңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аудару. Кейіпкерлер және олардың әрекеті жөнінде өзінің көзқарасын айта білуге үйрету. ә) Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға баулу. б) Көңіл күйлерін терең түсінуге, сұлулықты тануға, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу. Адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.
Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, Шопан ата қуыршағы. Сөздік жұмыс. Айдарлы, оттық (қорадағы), сұлу, жетіген.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Қонаққа Шопан ата келді, Шопан ата, біз сіздің келгеніңізге өте қуаныштымыз. - Балалар, сендер ертегіні көп білесіңдер ме? - Ертегіні жақсы көресіңдер ме? Жұмбақтар жасырады. - Ендеше «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін тыңдаңдар. | Балалар қызықтап тамашалайды. - Ешкі. - Лақтар. - Қасқыр - «Жеті лақ және қасқыр» ертегісінде. |
| Іздену ұйымдастырушы | Кейіпкерлермен таныстыру. 2. Ертегіні айта бастау. Фланелеграфқа кейіпкер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру. Ертеде бір алтын айдарлы әтеш пен мысық дос болыпты, екеуі бір үйде тұрыпты. Әтешті, мысығы жоқта екі – үш рет түлкі алдап, алып кетеді. Тек мысық, үш рет барып, түлкіден қорғап, әтешін алып қайтады. 2) Д/о. Кейіпкердің көңілкүйлерін салу (мимикалық). Мысалы: Әтеш, түлкіге алданып қалды. Түлкі – қу, айлакер Мысық – пысық, өжет, қамқоршы. ІІІ. Сергіту сәті. | Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Сұрақтарға жауап береді. Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы алу. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді Қимылмен көрсетіп, орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Әтеш әнге басады Әтеш ұйқы ашады. | |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау. - Балалар ертегі ұнады ма? - Қызықты ма? - Кәне балалар, алтын айдарлы әтешті қорғап қалған мысыққа қошеметтеп, қол соғып қояйық. | Сұрақтарға жауаптар береді. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Жібек шашақты сақалы бар, майға батырып алған тәрізді басы бар». Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлеін таңдау, рөлдерді бөлу. Балаларға сөздері мен қимыл қозғалыстарын үйрету. Көркем сөздер арқылы балалардың тілін, сөздік қорын, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін арттыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, еске түсіру, ойлау т.б. Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Байқағыштыққа, жауапкершілікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке, дос болуғатәрбиелеу. Сөздік жұмыс: Әтеш, мысық, түлкі, Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Жұмбақ жасыру: - Ерте тұрады Жыр шақырыды. - От басында құмған, Екі көзін жұмған | Балалармен - Әтеш. - Мысық. |
| Іздену ұйымдастырушы | - Балалар, алтын айдарлы әтеш ертегісі естеріңде ме? Суреттерді көрсете отырады. - Бұл ертегіде кейіпкерлердің мінездері қандай? Әтеш – аңқау. Мысық – ақылды, қамқор болады. Түлкі – қу, айлакер. - Ертегі соңында кім жеңеді? - Мысық па, әлде түлкі ме? - Әтешке кім көмектеседі? 2) | Балалар ертегі мазмұнын естеріне түсіреді. Кейіпкерлерді атайды: - Әтеш, - мысық, - түлкі. - Мысық. Қандай мінез-құлықта болатынын айтады. Ертегіден көрініс үзіндісін сахналайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ой түйінін айтқызу. 3) Балалардың қабілеттеріне қарай кейіпкерлерді таңдап, рөлдерді беру. | |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. - Бұл ертегіде сендерге кім ұнады? - Әтеш кіммен қалды? әтешті қорғап қалған мысыққа қошеметтеп, қол соғып қояйық. | Балалар сұрақтарға жауап айтады. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: «Сымбатты әтеш».
Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін диалог бойынша орындауға үйрету.Балалардың ойлау, шығармашылық қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту.Фланелеграф арқылы сөздерін дұрыс, анық, ашық айтуларын қадағалау, қимыл-қозғалыспен көрсете білуді дамыту. Қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Ұқыптылыққа, шеберлікке баулу, эстетикалық талғамын арттыру.
Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, өткенді қайталау, тамашалау, сұрақ – жауап.
Көрнекіліктер: Суреттер театры, ойыншық Әтеш, кейіпкерлер суреттері

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Балалар бүгін біздің сабағымызға қонақ келеді. - Ол не екен? - Достар, бүгін мен сендердің топтарыңа, өзімнің сымбатты досым әтеш туралы айтайын деп келдім | Балалар қызығушылық танытады. - Тауық. Балалар тыңдап отырады. |

| | | |
|---|---|---|
| Іздену ұйымдастырушы | Балалардың естеріне алтын айдарлы әтеш ертегісін түсіру. - Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару. - Мысық қандай? - Әтеш қандай? - Түлкі қандай аң? - Қоян қандай? Түлкінің есту, иіс сезу қабілеті ерекше. Бірақ көзбен көруі - әлсіз. Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. Қате жерлерін түзетіп отыру. | - Мысық, түлкі, әтеш. - Мысық ақылды. - Әтеш – аңқау, ақымақтау - Түлкі – қу, айлакер. - Ең сүйікті: тышқан, көжек, балықпен қоректенеді. Кейіпкерлерді атайды. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорытындылау. Балаларды мадақтау. | Балалар сұрақтарға жауап айтады. |

Күтілетін нәтиже: Ұғынады: Диалог бойынша орындайды. Түсінеді:Кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз жақтарын біледі. Қолданады: Суреттер театрыарқылы қимыл-қозғалыспен көрсетеді.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін сахналау.

Мақсаттары: а) Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау. Ертегідегі кейіпкерлердің рөлдерін дұрыс орындауларын қадағалау. Ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту. ә) Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс-әрекеттерін, көңіл-күй әсерін білдіре отырып, сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрыс орындауларын қадағалау. Ұқыптылыққа, мейірімділікке, шеберлекке баулу, эстетикалық талғамын арттыру. б) Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер:Көрсету,тамашалау,сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелеу.

Көрнекіліктер: Сахна, кейіпкерлер атрибуттары

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Сабаққа бір-бірден ертегі атрибуттары кіріп таныстырылады. - Балалар бұл кім? - Ал мынау кім? - Балалар бұл кейіпкерлер | - Мысық. Балалар барлық кейіпкерлер атайды. - «Алтын айдарлы әтеш» ертегісінде.. |

| | | |
|---|---|---|
| | қандай ертегілерде ойнайды? | |
| Іздену ұйымдастырушы | Балалардың естеріне «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін түсіру. Бұл ертегіде мысалы: сен мысық – ақылды, қамқоршы боласың, әтеш – ақылсыз сенгіш боласың, ал түлкі сен – қу, жаман боласың дейміз. Қалған балаларды көрермендер ретінде тамашалауға отырғызу. Балаларға сөздерді анық, ашық айтқызып, бар эмоциясымен сахналатқызу. Көрермендерге қолдарын шапалақтатып кейіпкерлер атрибуттарын қарсы алғызу. | Таңдалған кейіпкерлер - мысық, әтеш, және түлкіні тақтаға шығады. Балаларды ширма жанына шығады, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтады.. |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сұрақ – жауап арқылы ертегі сабағын аяқтау. - Ертегі қалай аяқталды? Балаларды мадақтау, бағалау. | Сұрақтарға жауап береді. |

Күтілетін нәтиже:
Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Вариативтік компонент
Тақырыбы: Ертегілер әлеміне саяхат.
Мақсаты: «Ертегілер әлеміне саяхат» деген тақырыптағы сабақта балаларды қоршаған ортамен таныстыру ойлау қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ертегінің қалай басталып, қалай аяқталатыны жайлы ұғымын бекіту, есте сақтау, және қайта айтып бере алу дағдыларына үйрету.
Әдіс –тәсілдері: Көрсету, сұрақ – жауап,, түсіндіру, әңгімелеу.
Көрнекілік: Ертегі кітаптарды «Жеті лақ», «Шалқан» ертегілерінің стол үстіндегі көрінісі арқылы әңгімелеп беру, ғажайып орман көрінісі-құстар, тасбақа, орман аңдары пайдаланылады.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | «Ерте, ерте, ертеде» әуені . - Балалар, сендер «Ертегілер әлеміне» барғыларың келе ме? – Ендеше бүгін біз «Ертегілер әлеміне саяхатқа барамыз». Тосын сәт: Қызыл Телпек келеді. - Ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? | Балалар жәйлап кіреді. Музыка аяқталғаннан кейін қонақтармен сәлемдеседі. - Иә. - Сәлеметсіз бе! Ұнайды, жақсы көреміз. |
| Іздену ұйымдастырушы | Ертегілер ертегілер әлеміне барар жолымыз ұзақ болады. Жолда бірнеше судан, үңгірлерден өтуге тура келеді. Үстел үстінде ертегі кітаптар, неше түрлі ертегілердің мазмұны бейнеленген ширмалар қойылған суреттер. - Қандай ертегілер? - Балалар, қараңдаршы, сендердің «Ертегілер әлеміне» келгендеріңізді біліп, қоян күтіп отыр екен. - Кім бізге қоян туралы тақпақ айтып береді? Балалар енді екінші ертегіге келе жатып, бір үңгірге тап болды, осы үңгірден бір бірлеп отейік. Ал, мынау қай ертегі? - Балалар, бұл ертегіні де айтады? - Енді лақ туралы тақпақты кім айтады? - Енді ғажайып орманға барып, құстармен танысамыз, деді. Сергіту сәті: Қарлығаш боп ұшайық Торғай болып қонайық Сауысқан болып секіріп, Тоқылдақ болып шоқиық. Судан өткен соң тағы бір ертегіге тап болады. - Балалар мынау қандай ертегі? - Балалар аю қалай жүреді? - Ой, балалар, біз нағыз «ертегілер әлеміне» келдік. - Бәріміз отырып | Балалар жолға шығады. Ертегі кітапханасына келеді. - Ол «Бауырсақ», «Үш аю», «Үйшік» ертегілері. Балалар кітапханадан шығып, ертегілер әлемінің бірінші «Қоянның үйі» ертегісіне келеді. Балалар ертегінің кейіпкерлерін атап береді. - «Жеті дақ» Шөре- шөре лағым Тентек болма шырағым Секеңдеме, деміңді ал Селтеңдемей құлағың Балалар келе жатып суға кездеседі. Судың көпірінен еңбектеп өтіп. - «Үш аю». Балалар Машаны, аюларды танып көрсетеді, түсіндіріп айтып береді. жапырақтары бар. - Қорбаңдап (балалар жүрісін салады) |

| | | |
|---|---|---|
| | қол соғайық. «Ертегілер әлемі» сахналық қуыршақ театры. | |
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Балалар, сендерге «ертегілер әлеміне » саяхат жасау Онда қандай ертегілер көрдіңдер? Қызыл телпек балалармен қоштасып кетеді. | «Жеті лақ», «Шалқан», «Үш аю», «Үйшік», т.б. |

Күтілетін нәтиже:
Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.
Түсінеді: Ұжымдық жұмыстың дағдылары.
Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады

Вариативтік компонент
Тақырыбы: Ертегі елі жермен келе жатыр.
Мақсаты:Ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету, тілін дамыту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.
Әдіс –тәсілдері: сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелесу, өткенді қайталау, таныстыру.
Көрнекілік: қуыршақ театры, кейіпкерлерінің атрибуттары.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушы | Тәрбиеші: - Балалар, сендердің «Ертегілер әлеміне» барғыларың келе ме? Ендеше бүгін біз «Ертегілер әлеміне поезбен саяхатқа барамыз.» - қоян, түлкі, қасқыр кездеседі. - Балалар сендер олармен қай ертегіде кездестіңдер? | Балаларды қызықтыру. - Ия - Жолда - Түлкі, қоян, қасқыр - Жеті лақ пен қасқыр, Түлкі мен қоян, Бауырсақ |
| Іздену ұйымдастырушы | Ал енді балалар, кім айтады - Түлкі қандай? - Түлкі сияқты алдаушы болғыларың келе ме? - Қоян ше? - Қоян сияқты мейірімді, жамандық ойламайтын боламыз. - Ал қасқыр ше? - Қане, маған «Жеті лақ пен қасқыр» ертегісіндегі жағымды өздеріңе ұнаған кейіпкерлерді атандаршы. - Ешкі сендерге неге ұнады? | - Түлкі – айлакер, қу, әнші, пысық. - Жоқ. - Қоян қорқақ, мейірімді, мақтаншақ. - Қасқыр – айбынды, жыртқыш өте иіс сезгіш, ол өз көсемдеріне адал. - Ол ешкі және лақтар - Ол лақрын жақсы көреді, сүт береді, ақылын айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексивтікоррекциялаушы | Сабақ соңында балалардың жұмысына қорытынды жасайды. - Лақтар қандай?<br>- Енді жағымсыз кейіпкерлерді атаңдар?<br>- Олар кімдер?<br>- Қасқырды неге жаман деп ойлайсындар?<br>Ойын «Қасқыр мен аю». | - Лақтар жақсы, анасын тыңдайды, ақылды.<br>- Қасқыр.<br>- Ол лақтарды жегісі келді.<br>- Қасқыр зұлымдық жасағысы келді. |

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Т үсінеді:Балалар қойылған сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беруге үйренеді.

Қолданады: Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.